

**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігінің
2023 жылғы
ЕСЕБІ**

Алматы, 2024 жыл

Мазмұны

2023 жылдың қысқаша қорытындылары	4
1-тарау. 2023 жылы қаржы секторының дамуы.....	8
1.1 Банк секторы.....	8
1.1.1 Банктер қызметінің нәтижелері.....	8
1.1.2 Банк конгломераттары қызметінің нәтижелері	14
1.2 Сақтандыру секторы	16
1.2.1 Сақтандыру ұйымдары қызметінің нәтижелері.....	17
1.2.2 Сақтандыру нарығының өзге субъектілері қызметінің нәтижелері	20
1.3 Бағалы қағаздар нарығы	22
1.3.1 Бағалы қағаздар нарығын дамыту нәтижелері.....	22
1.3.2 Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар қызметінің нәтижелері.....	27
1.4 Микроқаржы секторы	28
1.4.1 Микроқаржы ұйымдарының қызметі.....	30
1.4.2 Кредиттік серіктестіктердің қызметі	33
1.4.3 Ломбардтардың қызметі.....	34
1.5 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ...	35
2-тарау. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржы секторының әлеуетін кеңейту	37
2.1 Қаржы секторын бағалау бағдарламасының (FSAP) қорытындылары	37
2.2 Банк секторы.....	40
2.2.1 Тәуекелге бағдарланған қадағалау: SREP, тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеу	40
2.2.2 Банктердің стрестік активтерін азайту жөніндегі жүйелік шаралар	44
2.2.3 AQR қорытындысы бойынша түзету шаралары жоспарларының орындалу нәтижелері	45
2.2.4 Мемлекет қолдайтын банктердің дивидендтер төлеуін шектеу	46
2.2.5 Нақты секторға кредит беруді кеңейту.....	47
2.2.6 Тұтынушылық кредит берудегі тәуекелдерді азайту	50
2.3 Сақтандыру секторы	53
2.3.1 Тәуекелге бағдарланған қадағалау: SRES, IRIS, стресс-тестілеу ...	53
2.3.2 Сақтандыру нарығының мүмкіндіктерін кеңейту	56
2.4 Бағалы қағаздар нарығы	63
2.4.1 Қадағалау құралдарын жетілдіру	63
2.4.2. Бағалы қағаздар нарығының мүмкіндіктерін кеңейту	64
2.5 Микроқаржыландыру нарығы	68
2.6 Қаржы нарығында бәсекелестікті дамыту.....	70
2.7 Қаржы нарығындағы ESG орнықты даму қағидаттарын енгізу	72
2.8 Қадағалап ден қою	74
2.8.1 Банк секторы.....	74
2.8.2 Сақтандыру секторы	75
2.8.3 Бағалы қағаздар нарығы	77

2.8.4 Микроқаржы секторы.....	78
3-тарау. Тарату процесі.....	80
3.1 Банк секторы	80
3.2 Сақтандыру секторы	82
4-тарау. Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жосықсыз практикаларға қарсы іс-қимыл	83
4.1 Тәуекелге бағдарланған қадағалауды жетілдіру.....	83
4.2 Қаржы нарығындағы жосықсыз практикаларға қарсы іс-қимыл.....	85
5-тарау. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржылық инклюзияны арттыру	87
5.1 Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар	87
5.2. Коллекторлық қызметті реттеу.....	93
6-тарау. Қаржылық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту	96
6.1 Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту.....	96
6.2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және киберорнықтылықты арттыру	97
7-тарау. Халықаралық өзара іс-қимыл және ынтымақтастық.....	100
7.1 Халықаралық ұйымдармен және қаржы нарықтарын реттеушілермен өзара іс-қимыл	100
7.2 Интеграциялық ынтымақтастық шеңберіндегі қызмет	102
8-тарау. Агенттіктің ұйымдық дамуы	104
8.1 Ұйымдастырушылық тиімділікті және кадр әлеуетін нығайту	104
8.2 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және ішкі аудит	105
9-тарау. 2024 жылға арналған негізгі басымдықтар	107
9.1 Банк секторы	107
9.2 Сақтандыру секторы.....	109
9.3 Бағалы қағаздар нарығы.....	111
9.4 Микроқаржы секторы.....	113
9.5 Қаржы нарығында қаржылық технологиялар	115
Аббревиатуралар мен қысқартулар тізімі.....	116

2023 жылдың қысқаша қорытындылары

2023 жылы тежеуші монетарлық саясат пен тұрақсыз геосаяси ая, сондай-ақ әлемдік қаржы нарықтарындағы құбылмалылық жағдайында Агенттік күш-жігерін қаржылық тұрақтылықты нығайту, нақты секторды кредиттеуді кеңейту, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржы секторын дамыту мәселелеріне шоғырландырды.

ХВҚ мен Дүниежүзілік Банктің Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасын (Financial Sector Assessment Program, FSAP) өткізуі 2023 жылдың маңызды оқиғасы болды. FSAP қорытындысы бойынша ықтимал күйзеліс сценарийлері кезінде банк секторының орнықтылығы расталды, тәуекелге бағдарланған қадағалауды дамытуда алға жылжудың бар екені атап өтілді, қаржы секторының орнықтылығын одан әрі арттыру мен дамыту, сондай-ақ қаржы нарығын реттеуді жетілдіру бойынша ұсынымдар берілді.

Банк секторы 2023 жылы орнықтылық пен капиталдандырудың жоғары деңгейін көрсете отырып, тұрақты дамыды. Банктердің активтері есепті жылы 15,4%-ға 51,4 трлн теңгеге дейін өсті.

2023 жылы Агенттік банк секторында тәуекелге бағдарланған қадағалауды іске асыруды жалғастырды. Кезекті қадағалау циклі шеңберінде 21 банк бойынша SREP (Supervisory Review and Evaluation Process) қадағалап бағалауы жүргізілді, оның қорытындысы бойынша тәуекелдері жоғары банктерге жоғары қадағалап назар аудару қолданылады.

Активтердің сапасын жыл сайынғы бағалау (Asset Quality Review – AQR) және активтері банк жүйесі активтерінің 84%-ын құрайтын 11 банкті қадағалап стресс-тестілеу қорытындысы қатысушы банктер капиталының жиынтық жеткіліктілігі реттеушілік талаптардан жоғары деңгейде сақталып отырғанын көрсетті.

Тәуекелге бағдарланған қадағалауды одан әрі күшейту шеңберінде 2023 жылы SREP, AQR және қадағалап стресс-тестілеу нәтижелерін ескеретін банктердің капиталына жеке қадағалау үстемесі енгізілді.

Банктердің орнықтылығын арттыру үшін жүйелік емес банктер капиталының консервациялық буферіне қойылатын талап 2,0%-дан 2,5%-ға дейін көтерілді, ол бұзылған жағдайда, акционерлерге дивидендтер төлеуге шектеулер енгізіледі.

2023 жылы банктер 2019-2020 жылдары өткізілген активтер сапасын бағалау (AQR) қорытындысы бойынша түзету шараларының жоспарларын толық көлемде орындады. AQR-ға қатысушы банктер барлығы 23 мыңнан аса іс-шараны іске асырды. Бұл халықаралық стандарттарға сәйкес банктердің ішкі бизнес-процестерін сапалы жаңғыртуды қамтамасыз етті.

Стрестік активтер нарығының толыққанды инфрақұрылымын дамыту мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылы Агенттік стрестік активтерді нарықтық қағидаттармен сататын цифрлық платформалардың қызметі үшін құқықтық негіз қалыптастыратын заңнамалық түзетулер әзірлеп, Парламентке енгізді. Бұл түзетулер цифрлық платформаларға қойылатын міндетті талаптарды белгілейді, банктер мен МҚҰ-ның стрестік активтерді Агенттік аккредиттеген платформалар арқылы ғана сату міндетін енгізеді.

Стрестік активтерді 2026 жылға дейін кезең-кезеңімен қысқарту жөніндегі жоспарлардың орындалуы 1,3 трлн теңгені құрады. Нәтижесінде, 2023 жылы банктердің кредит портфелінің сапасы одан әрі жақсарғаны байқалды – есепті жылы NPL90+ проблемалық кредиттер үлесі 3,4%-дан 2,9%-ға дейін төмендеді.

2023 жылы экономикаға берілген кредиттер 22,4%-ға 27,9 трлн теңгеге дейін өсті. Бұл ретте бизнеске берілген кредиттер 16,7%-ға 11,2 трлн теңгеге дейін өсті. Бұл – соңғы 12 жылда ең жоғары деңгейге жеткен өсу. Бұған ынталандырушы пруденциялық шаралар, банктерді мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялау жолымен кредит қабілеттілігін бағалау процестерін одан әрі цифрландыру, инфляция қарқынының біртіндеп төмендеуі, сондай-ақ бизнеске қолдау көрсететін мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды жалғастыру ықпал етті.

Бұдан басқа нақты секторға кредит беруді одан әрі кеңейту үшін 2023 жылы Агенттік жер пайдалану құқықтары түріндегі кепіл институтының тиімділігін арттыру, сондай-ақ синдикатталған кредиттеу тетігін дамыту бойынша заңнамалық түзетулер әзірлеп, Мәжіліске енгізді. 2023 жылғы желтоқсанда жер қойнауын пайдалану құқықтары түріндегі кепіл тетігінің тиімділігін арттыру бойынша заңнамалық түзетулер қабылданды.

Агенттік тұтынушылық кредит беру тәуекелдерін және халықтың борыш жүктемесін төмендету үшін кешенді шаралар қабылдады. Атап айтқанда, қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін сапалы бағалау үшін борыш жүктемесі коэффициентін (БЖК) есептеуге қойылатын талаптар күшейтілді.

Парламентке Агенттіктің заңнамалық бастамалары енгізілді, олар арқылы 90 күннен аса кешіктірілген төлемі болған жағдайда, азаматтарға тұтынушылық қарыздар беруге тыйым салынады. Заң жобасы шеңберінде кредиттер бойынша берешек мөлшерін шектеу үшін тұтынушылық кредиттің ең жоғары сомасын белгілеу және мөлшері Ұлттық Банк пен Агенттіктің актілерінде айқындалатын ЖТСМ-нің шекті мәнін сақтау жөніндегі талапты банктер мен МҚҰ-ның барлық кредиттері үшін белгілеу жөніндегі бірыңғай тәсілді енгізу көзделген. Сонымен бірге банктер мен МҚҰ азаматтардың берешегін реттеу бойынша сапалы жұмыс жүргізуі үшін қарыздарды коллекторларға беруге екі жылдық мораторий енгізу (2026 жылғы 1 мамырға дейін) көзделген. Бұдан басқа коллекторлардың жеке тұлғалардың кредиттері бойынша берешекті реттеу рәсімдерін жүргізу міндеті енгізіледі.

Сақтандыру секторының активтері 2023 жылдың қорытындысы бойынша 20,7%-ға 2,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды, 2023 жылы қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 29,6%-ға көп.

Есепті жылы Агенттік сақтандыру нарығын дамыту бойынша бірқатар жүйелік шаралар қабылдады. Атап айтқанда, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге арнайы әлеуметтік төлемдер енгізілді. Сонымен бірге сақтандыру компаниялары қосымша оңалту және алдын алу төлемдерін (сақтандыру сыйлықақыларының 6%-ы мөлшерінде) жүзеге асыратын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша зейнетақы аннуитеті бойынша жыл сайынғы төлемдерді индекстеу мөлшері 5%-дан 7%-ға дейін ұлғайтылды. Зиянды жағдайларда жұмыс істейтін адамдар мен мүгедектігі бар адамдар үшін зейнетақы

аннуитетінің құны төмендетілді, соның нәтижесінде осы топтар үшін шарттың құны 10 млн теңгеден 4 млн теңгеге дейін төмендеді.

Әр өңірдің апаттылық деңгейін ескеретін түзету коэффициентін есепке алатырып, міндетті автосақтандыру тарифтерін есептеудің жаңа тәртібі енгізілді. Нәтижесінде, 11 өңірде тарифтердің төмендеуі байқалды, 7 өңірде ұлғайды, 2 өңірде өзгеріссіз қалды.

Міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру жағдайларын онлайн реттеу және арнайы мобильдік қосымшаның көмегімен міндетті автосақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін реттеудің оңайлатылған тәртібі (Еурохаттама) енгізілді. Бұл сақтандыру жағдайларын реттеу процесін жеңілдетуге және сақтандыру төлемдерінің мерзімін бірнеше айдан бірнеше жұмыс күніне дейін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

Акциялар мен корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі 2023 жылдың қорытындысы бойынша 13%-ға 40,2 трлн теңгеге немесе ЖІӨ-нің 33,7%-на дейін өсті.

2023 жылы Агенттік қор нарығын және оның инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырды. Институционалдық инвесторлық базаны кеңейту үшін БЖЗҚ салымшыларының ең төменгі жеткіліктілік шегін есептемегенде зейнетақы жинақтарының 50%-на дейінгі мөлшерін жеке басқаруға беру құқығы іске асырылды. Жаңа қатысушылардың қор нарығына шығуын ынталандыру мақсатында шетелдің қатысуы бар басқарушыларды зейнетақы активтерін басқаруға жіберу мүмкіндігі көзделген, зейнетақы активтерін жеке басқарушылардың капиталына қойылатын талаптар 2 есе (1,5 млрд теңгеге дейін) төмендетілді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жеке басқарудағы зейнетақы активтерінің көлемі 2023 жылы 2,8 еседен аса 26,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Қазақстандық басқарушы компаниялардың индекстік инвестициялаудың биржалық инвестициялық қорларын (ETF) шығаруы үшін жағдайлар жасалды. Нормативтік деңгейде ETF қорларының анықтамасы енгізілді, ETF қорларын мемлекеттік тіркеу және инвестициялау тәртібі, сондай-ақ биржалық инвестициялық пай қорының қағидаларына қойылатын талаптар белгіленді.

Қор нарығында қаржы құралдарына деген сұраныс пен ұсыныстың артуына Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде SPO KEGOC-тың өткізілуі ықпал етті. Жергілікті инвесторлар 34,8 млрд теңге сомасына 50 мыңнан астам өтінім беріп, SPO KEGOC-қа белсенді қызығушылық танытты, бұл ұсыныстан 1,5 есе асып түсті. 22,7 млрд теңге сомасына, оның ішінде жеке тұлғаларға 15,2 млрд теңгеге (67%) өтінімдер қанағаттандырылды.

Американың нарығына тікелей қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Орталық депозитарий 2023 жылғы қарашада Bank of New York Mellon-мен шот ашу туралы шартқа қол қойды. Бұл жергілікті нарыққа қатысушыларға уақыт пен қаржылық шығындарды азайтуға мүмкіндік беріп, оларға америкалық эмитенттердің бағалы қағаздарының көп түріне қолжетімділік береді.

2023 жылы қаржы нарығында ESG қағидаттарын енгізу жұмысы жалғастырылды, оның ішінде Қаржы ұйымдарының ESG өлшемшарттары бойынша: қоршаған ортаға және климатқа әсер ету, қаржылық инклюзия және т.б. бойынша

ақпаратты жария ету жөніндегі нұсқаулық бекітілді.

Агенттік микроқаржы секторын дамыту және теңгерімді реттеушілік органы қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырды. 2023 жылы МҚҰ мен коллекторлық агенттіктерге тексеру жүргізілді, нәтижесінде 44 МҚҰ мен 18 коллекторлық агенттік қызметін тоқтатты. Микроқаржыландыру субъектілерін олардың тәуекел деңгейіне қарай теңбе-тең реттеу енгізілді.

2023 жылғы наурыздан бастап коллекторлық агенттіктерді реттеу күшейтілді, оның ішінде басқа коллекторлық агенттіктермен және өзара іс-қимыл жасайтын қаржы ұйымдарымен үлес болуға тыйым енгізілді, сондай-ақ басшылардың іскерлік беделіне қойылатын талап белгіленді. Мәжіліске коллекторлардың әкімшілік жауапкершілігін арттыру, олардың қызметкерлерінің дербес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігін енгізу бойынша түзетулер енгізілді.

Қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жасау мақсатында 2023 жылғы шілдеде Агенттік ҚҚҚ-мен және 18 банкпен бірлесіп Қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және кредиттерді қашықтан алаяқтықпен ресімдеуден туындаған берешектерді реттеу жөніндегі меморандумға қол қойды. Банктер мен МҚҰ-ның ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар күшейтілді. 2,7 мың қарыз алушы бойынша қылмыстық іс қозғалды және 2 мың қарыз бойынша сыйақы есептеу тоқтатылды.

Азаматтарды алаяқтардан қорғау үшін 2023 жылғы желтоқсанда азаматтардың банктік қарыздар мен микрокредиттер алуудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу не алу құқығын көздейтін ақпараттық Қауіпсіздік мәселелері жөніндегі заң қабылданды. Бұл ретте банктер мен МҚҰ-ға кредиттік есепте бас тарту туралы мәліметтер болған кезде кредиттер беруге тыйым салынады.

2023 жылы «Аманат» партиясымен бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасын іске асыру жөніндегі Жол картасы әзірленді, ол азаматтарды қаржылық сауаттылыққа үйретуді, олардың берешегін реттеуді және т.б. шараларды қамтиды.

2023 жылғы қарашада қаржылық қызметтердің қолжетімділігіне қойылатын талаптарды айқындайтын Қаржылық инклюзияны арттырудың және мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғаудың ұлттық стандарты бекітілді. Стандарт банктердің мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта құруын және қаржылық қызметтерге тең қол жеткізуге жағдай жасауын көздейді.

2023 жылы Open API мен Open Banking-ті дамыту үшін Агенттік Ұлттық Банкпен және банк қоғамдастығымен бірлесіп Open API стандарттарын, Open API технологиялық платформасын әзірледі және банктік шоттар мен шоттардағы ақша қалдықтары туралы ақпарат алу сценарийлерін іске асыра отырып, пилоттық жоба жүргізді. 2023 жылы Open API технологиясын қолданатын екінші деңгейдегі банктердің үлесі 62%-ды құрады (2022 жылы – 52%).

Осылайша, 2023 жылы Агенттік қызметінің барлық бағыты жинақтарды жинақтау және оларды экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін инвестицияларға айналдыру жөніндегі негізгі функцияларды орындау арқылы қоғамның әл-ауқатының өсуіне және елдің экономикалық дамуына ықпал ететін орнықты қаржы нарығын қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тарау. 2023 жылы қаржы секторының дамуы

2023 жылы қаржы секторының негізгі көрсеткіштері сақталып отырған геосаяси қатерлер аясындағы жаһандық қаржы нарықтарындағы тұрақсыздыққа қарамастан оң серпінін жалғастырды. Бұған Қазақстан қаржы ұйымдарының жеткілікті беріктік қоры, макроэкономикалық жағдайлардың біртіндеп жұмсаруы, қаржы секторының орнықтылығы мен дамуын арттыру, сондай-ақ оның экономиканы қаржыландырудағы рөлін кеңейту шаралары ықпал етті.

1.1 Банк секторы

2023 жылы Қазақстан Республикасының банк секторында ықтимал күйзелістерді сіңіру үшін қажетті беріктік қоры бола отырып, серпінді дамуын жалғастырды. Қазақстандық банктердің өтімділігіне қысым байқалмады, банктер бір жыл бойы клиенттер алдындағы міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындады. Капитал қоры мен өтімділігі жоғары активтердің жоғары деңгейі банктерге қаржы нарығында пайда болатын күйзелістерді сіңіруге мүмкіндік береді.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 21 банк бар. Олардың ішінде 11 банк шетелдің қатысуымен, оның ішінде 8 еншілес банк, сондай-ақ 100% мемлекет қатысатын 2 банк бар (1.1.1-кесте).

1.1.1-кесте

Банк секторының құрылымы

	01.01.2023	01.01.2024
Екінші деңгейдегі банктер саны, оның ішінде:	21	21
- жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын банктер	2	2
- шетел қатысатын екінші деңгейдегі банктер, оның ішінде	12	11
- еншілес шетелдік екінші деңгейдегі банктер	8	8

Дереккөзі: Агенттік

1.1.1 Банктер қызметінің нәтижелері

Банктердің активтері. 2023 жылы банктердің активтері несие портфелінің 23,1%-ға және бағалы қағаздар портфелінің 13,2%-ға өсуі есебінен 15,4%-ға (6 877,5 млрд теңге) 51 439,9 млрд теңгеге дейін өсті. Активтер құрылымында¹ ең көп үлес – 56,1% несие портфеліне, 19,8% бағалы қағаздарға және 10,2% басқа банктерде орналастырылған салымдарға тиесілі (1.1.1.1-кесте).

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша банктердің өтімділігі жоғары активтері 2023 жылы 12,0%-ға немесе 1 615,7 млрд теңгеге ұлғайып, 15 070,6 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 29,3%-ын құрады.

¹ Активтер (резервтерді (провизияларды) есептемегенде)

Банк секторы активтерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023		01.01.2024		Өсім, %-бен
	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1 Қолма-қол ақша, тазартылған бағалы металдар және корреспонденттік шоттар	4 958,50	10,7	4 124,3	7,7	-16,8
2 Басқа банктерде орналастырылған салымдар	5 162,50	11,1	5 429,0	10,2	5,2
3 Бағалы қағаздар	9 293,60	20,1	10 521,0	19,8	13,2
4 Банктік қарыздар және «кері РЕПО» операциялары	24 254,70	52,3	29 853,7	56,1	23,1
5 Капиталға инвестициялар	681,8	1,5	804,5	1,5	18,0
6 Өзге де активтер	1 989,00	4,3	2 524,5	4,7	27,0
7 Барлығы активтер (резервтерді (провизияларды) есепке алмағанда)	46 340,00	100,0	53 257,2	100,0	14,9
8 ХҚЕС талаптарына сәйкес резервтер (провизиялар)	-1 778,50		-1 817,4		
Барлығы активтер	44 561,60		51 439,9		15,4

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Банктердің капиталы. Банктердің реттеушілік капиталы 2023 жылы 26,3%-ға (1 558,3 млрд теңге) 7 492,7 млрд теңгеге дейін өсті. Реттеушілік капиталдың өсуі негізгі капиталдың 32,2%-ға (1 631,6 млрд теңге) 6 702,7 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен қамтамасыз етілді, ол, өз кезегінде, негізінен бөлінбеген таза пайда есебінен 39,4%-ға (1 353 млрд теңге) 4 789 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Негізгі капиталдың жиынтық жеткіліктілік коэффициенті (k1) 19,2%-ды, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k2) 21,5%-ды құрайды, бұл заңнамада белгіленген нормативтерден айтарлықтай асып түседі (1.1.1.2-кесте).

Банк секторы капиталының құрылымы

Атауы	01.01.2024	
	млрд теңге	%
1 Бірінші деңгейдегі капитал, оның ішінде:	6 707,3	89,5
- Негізгі капитал	6 702,7	89,4
- Үстеме капитал	4,6	0,1
2 Екінші деңгейдегі капитал	785,4	10,5
3 Есеп айырысу меншікті капиталының барлығы	7 492,7	100,0
4 k1 меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті		19,2%
5 k1-2 меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті		19,2%
6 k2 меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті		21,5%

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Экономикаға кредит беру. 2023 жылы экономикаға берілген кредиттер² 22,4%-ға (5 121,0 млрд теңге) 27 932,9 млрд теңгеге дейін өсті. Оның ішінде халыққа берілген кредиттер 26,7%-ға (3 512 млрд теңге) 16 686,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бизнеске берілген кредиттер 16,7%-ға (1 609,2 млрд теңге)

² Ақша-кредит статистикасының деректері бойынша

11 246,7 млрд теңгеге дейін өсті.

2023 жылы ұлттық валютадағы кредиттер 23,0%-ға 25 779,4 млрд теңгеге дейін өсті, шетел валютасындағы кредиттер 16,3%-ға 2 153,5 млрд теңгеге дейін өсті. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 92,3%-ды құрады (01.01.2023 жылы – 91,9%).

2023 жылы ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі 31,1%-ға 24 694,8 млрд теңгеге дейін (үлесі – 88,4%) ұлғайғанын, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 18,4%-ға 3 238,1 млрд теңгеге дейін (үлесі – 11,6%) төмендегенін көрсетті.

2023 жылы Ұлттық Банктің кредиттік тіркелімінің деректері бойынша бизнеске теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 16,5%-дан 20,0%-ға дейін өсті. Бұл ретте халықтың теңгемен алған кредиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі берілген қысқа мерзімді тұтынушылық кредиттердің өсуіне байланысты 16,7%-дан 18,3%-ға дейін өсті.

1.1.1.3-кесте

Экономикаға берілген кредиттердің құрылымы³

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023		01.01.2024		Өсім, %-бен
	сумма, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	сумма, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1 Экономикаға берілген кредиттер, оның ішінде:	22 811,9	100	27 932,9	100	22,4
2 Бизнеске берілген кредиттер:	9 637,5	42,2	11 246,7	40,3	16,7
Заңды тұлғаларға берілген кредиттер:	8 653,5		9 685,9		11,9
- Ірі бизнеске берілген кредиттер	3 609,9		3 972,9		10,1
- ШОБ субъектілеріне берілген кредиттер	5 043,6		5 713,0		13,3
Дара кәсіпкерлерге (ДК) берілген кредиттер	984,0		1 560,8		58,6
3 Халыққа берілген кредиттер, оның ішінде:	13 174,4	57,8	16 686,2	59,7	26,7
- Ипотекалық кредиттер	4 637,2		5 297,3		14,2
- Тұтынушылық кредиттер	7 685,2		10 311,3		34,2
- Басқа да кредиттер	851,9		1 077,6		26,5

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Бизнеске кредит беру⁴. 2023 жылы бизнеске берілген кредиттер 16,7%-ға 11 246,7 млрд теңгеге, оның ішінде ұлттық валютада – 9 096,9 млрд теңгеге дейін, шетел валютасында – 2 149,7 млрд теңгеге дейін өсті (1.1.1.3-кесте).

Сыртқы және ішкі сын-қатерлердің сақталуына қарамастан, 2023 жылы бизнес субъектілеріне берілген кредиттердің жылдық өсуі соңғы 12 жылда, оның ішінде пруденциялық сипаттағы ынталандыру шараларының, кредит қабілеттілігін бағалау процестерін одан әрі цифрландырудың, инфляцияның біртіндеп баяулауының, сондай-ақ ШОБ субъектілерін қолдайтын мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды жалғастырудың арқасында барынша жоғары болды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша салалар бойынша бизнеске берілген кредиттердің негізгі үлесі өнеркәсіпке (29,7%), саудаға (26,2%), көлікке (7,3%),

³ Ақша-кредит статистикасының деректері бойынша

⁴ Бизнес субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін кредит алған заңды тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер жатқызылды


құрылысқа (5,3%), ауыл шаруашылығына (4,0%), байланысқа (1,8%) тиесілі.

Бизнеске берілген кредиттер құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 11,9%-ға 9 685,9 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Оның ішінде ШОБ субъектілеріне берілетін қарыздар 13,3%-ға 5 713,0 млрд теңгеге дейін, ірі бизнес субъектілеріне берілетін кредиттер 10,1%-ға 3 972,9 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл ретте ДК-ге кредиттер 58,6%-ға 1 560,8 млрд теңгеге дейін өсті. 2023 жылы бизнес субъектілеріне барлығы 15 524 млрд теңге берілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 22,1%-ға көп.

Халыққа кредит беру. Халыққа берілген кредиттер⁵ 2023 жылы, негізінен, тұтынушылық және ипотекалық кредиттер есебінен 26,7%-ға 16 686,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды (1.1.1.1-сурет).

Тұтынушылық кредиттер 34,2%-ға өсіп, 10 311,3 млрд теңгеге жетті⁶. Тұтынушылық қарыздар құрылымында ең көп дәрежеде кепілсіз қарыздар 27,1%-ға 7 859,6 млрд теңгеге дейін⁷ өсті.

1.1.1.1-сурет



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ұлттық Банктің кредиттік тіркелімінің деректері бойынша 2023 жылы бір қарыз алушыға келетін тұтынушылық қарыздар бойынша берешектің орташа сомасы 22,2%-ға 1,4 млн теңгеге дейін өсті. Бұл ретте қарыз алушылардың 63%-ның орташа борыш сомасы 372,0 мың теңге болатын 1 млн теңгеге дейінгі сомадағы кредиттер бойынша борыштары бар.


⁵ Халыққа берілетін кредиттер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін кредит алған дара кәсіпкерлерді қоспағанда, жеке тұлғаларға берілетін кредиттерді қамтиды

⁶ Ақша-кредит статистикасының (АКС) деректері бойынша

⁷ Агенттіктің реттеушілік есептік деректері бойынша есебі

⁸ АКС деректері (2019 және 2020 жылдары тұтынушылық қарыздар және халықтың қарыздары ДК кредиттерін қамтиды)

1.1.1.2-сурет



Дереккөзі: Ұлттық Банк

2023 жылы ипотекалық қарыздар 14,2%-ға 5 297,3 млрд теңгеге дейін өсті (1.1.1.2-сурет). Екінші деңгейдегі банктер берген ипотекалық қарыздардың көлемі 2023 жылы 1 624,9 млрд теңгені құрады.

Кредит портфелінің сапасы. 2023 жылы кредит портфелінің сапасы жақсарды. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 863,8 млрд теңгені немесе 2,9%-ды құрады (01.01.2023 жылы – 3,4% немесе 814,6 млрд теңге).

Абсолютті мәнде 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың өсуі негізінен халықтың проблемалық берешегінің 16,4%-ға өсуіне байланысты болды (1.1.1.4-кесте).

1.1.1.4-кесте

Банк секторы активтерінің сапасы

Көрсеткіштің атауы/күні		01.01.2023		01.01.2024		Өсім, %-бен
		Негізгі борыш, млрд теңге	Үлес, %	Негізгі борыш, млрд теңге	Үлес, %	
1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер	814,6	3,4	863,8	2,9	6,0
2	Бизнеске 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер, оның ішінде:	321,2	3,0	288,7	2,3	-10,1
	- Ірі бизнестің 90 күннен астам мерзімі өткен кредиттері	72,3	1,7	44,2	0,9	-38,9
	- ШОБ субъектілеріне 90 күннен астам мерзімі өткен кредиттер	248,9	3,9	244,5	3,2	-1,8
3	Халыққа 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер, оның ішінде:	493,5	3,7	574,6	3,4	16,4
	- Тұрғын үй салуға, сатып алуға немесе жөндеуге алынған 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздар	42,5	0,9	40,3	0,7	-5,3
	- 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар тұтынушылық және өзге де қарыздар	451	5,4	534,3	4,7	18,5
4	ХҚЕС бойынша провизиялар	1 639,2		1 692,1		3,2
5	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша провизиялар	626,4		656,0		4,7


Дереккөзі: Ұлттық Банк

⁹ Ақша-кредит статистикасының деректері (2019 және 2020 жылдары ипотекалық қарыздар ДК қарыздарын қамтиды)

Үшінші сатыға жатқызылған жиынтық кредиттер 2023 жылы 11,6%-ға 1,8 трлн теңгеге дейін өсті, бұл ретте олардың несие портфеліндегі үлесі 6,56%-дан 5,95%-ға дейін төмендеді.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша ХҚЕС бойынша қалыптастырылған банк секторының несие портфелі бойынша провизиялар көлемі 1 692,1 млрд теңгеге жетті, бұл кредит портфелінің жалпы көлемінің 5,7%-ын құрайды. 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар кредиттерді провизиялармен өтеу деңгейі 2023 жылдың басындағы 76,9%-бен салыстырғанда 75,9%-ды құрады (1.1.1.3-сурет).

1.1.1.3-сурет



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Банктердің міндеттемелері. Банктердің міндеттемелері 2023 жылы 13,3%-ға 44 579,5 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Міндеттемелер клиенттердің депозит базасының 11,1%-ға 35 090,7 млрд теңгеге дейін ұлғаюы нәтижесінде өсті (1.1.1.5-кесте).

1.1.1.5-кесте

Банк секторы міндеттемелерінің құрылымы


Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023		01.01.2024		Өсім, %-бен
	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1 Банкаралық салымдар	611,6	1,6	467,6	1,0	-23,5%
2 Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар	774,8	2,0	548,0	1,2	-29,3%
3 Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	459,9	1,2	728,8	1,6	58,5%
4 Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар	71,9	0,2	85,2	0,2	18,5%
5 Клиенттердің салымдары	31 598,5	80,3	35 090,7	78,7	11,1%
6 Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	2 264,0	5,8	2 822,8	6,3	24,7%
7 Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	1 281,6	3,3	1 890,1	4,2	47,5%
8 Басқа да міндеттемелер	2 271,9	5,8	2 946,6	6,6	29,7%
Барлығы міндеттемелер	39 334,6	100,0	44 579,5	100,0	13,3%

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Клиенттердің депозиттері міндеттемелер құрылымында 78,7%-ды құрайды және банктерді қорландырудың негізгі көзі болып қала береді (1.1.1.4-сурет). Депозиттердің өсуі, негізінен, жеке тұлғалар салымдарының 20,6%-ға 20 405,3 млрд теңгеге дейін ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді, заңды тұлғалардың салымдары 0,1%-ға 14 685,4 млрд теңгеге дейін өсті.

1.1.1.4-сурет

Банк секторы міндеттемелерінің серпіні



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Бұл ретте 2023 жылы теңгемен депозиттер бойынша тартымды мөлшерлемелер аясында долларланудың төмендеуі жалғасты. Мәселен, 2023 жылы шетел валютасындағы салымдардың үлесі 36,7-ден 28,2%-ға дейін төмендеді.

2023 жылы бейрезиденттер салымдарының үлесі 31,8%-ға (744,4 млрд теңге) ұлғайды және депозиттік базаның 8,8%-ын құрады, бұл ретте бейрезидент-заңды тұлғалар депозиттерінің үлесі 3,9%-ды, бейрезидент-жеке тұлғалар депозиттерінің үлесі 4,9%-ды құрады.

Банктер қызметінің тиімділігі. Банктердің таза пайдасы негізінен пайыздық кірістердің өсуі есебінен 2022 жылмен (2022 жылы – 1 466,5 млрд теңге) салыстырғанда 48,9%-ға 2 183,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 4,7%-ды (01.01.2023 жылы – 3,7%), капиталының рентабельділігі (ROE) – 36,3%-ды (01.01.2023 жылы – 30,4%) құрады.

1.1.2 Банк конгломераттары қызметінің нәтижелері

2023 жылғы 3-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша 12 банк конгломераты жұмыс істеді (1.1.2.1-кесте)¹⁰.

¹⁰ Банк конгломераттары бойынша ақпарат есептілікті ұсыну мерзімінің өзгеруіне байланысты 01.10.2023 ж. жағдай бойынша берілген (Ұлттық Банк Басқармасының 26.09.2023 ж. № 67 қаулысы).

Банк конгломераттарының құрылымы

	01.01.2023	01.10.2023
Банк конгломераттарының саны	12	12
Банк конгломераттарына қатысушылар саны:	80	82
<i>банктер саны, оның ішінде:</i>	18	16
– резиденттер	12	12
– бейрезиденттер	6	4
сақтандыру ұйымдарының саны	7	7
бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге	10	10
асыратын ұйымдар саны		
бас банктің күмәнді және сенімсіз активтерін сатып	16	16
алатын ұйымдар саны		
басқа да қаржылық емес ұйымдардың саны	29	33

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Банк конгломераттарының активтері. 2023 жылғы 3-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша банк конгломераттарының активтері 7,7%-ға 39 527,6 млрд теңгеге дейін өсті. Активтер берілген қарыздардың 15,9%-ға және бағалы қағаздар портфелінің 19,2%-ға ұлғаюы есебінен өсті. Банк конгломераттары активтерінің құрылымында берілген қарыздар 51,4%-ды немесе 20 302,4 млрд теңгені, бағалы қағаздар портфелі 29,6%-ды немесе 11 700,8 млрд теңгені, ақша қаражаты мен олардың баламалары 9,9%-ды немесе 3 896,4 млрд теңгені құрайды (1.1.2.2-кесте).

Банк конгломераттары жиынтық активтерінің құрылымы

		01.01.2023		01.10.2023		Өсім, %
Көрсеткіштің атауы		млрд теңге	жиынтық қа %-бен	млрд теңге	жиынтық қа %-бен	
1	Ақша қаражаты және олардың баламалары	5 873,9	16,0%	3 896,4	9,9%	-33,7%
2	Бағалы қағаздар портфелі	9 816,9	26,7%	11 700,8	29,6%	19,2%
3	Берілген қарыздар	17 516,7	47,7%	20 302,4	51,4%	15,9%
4	Басқа да активтер	3 507,8	9,6%	3 628,0	9,2%	3,4%
	Барлығы активтер	36 715,2	100,0%	39 527,6	100,0%	7,7%

Дереккөзі: Ұлттық Банк

2023 жылғы 3-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша үш ірі банк конгломератының активтері 25 215,2 млрд теңгені немесе банк конгломераттары жиынтық активтерінің 63,8%-ын құрады. Банк секторындағы банк конгломераттары жиынтық активтерінің шоғырлануы 90,6%-ды, қаржылық емес секторда 4,7%-ды, сақтандыру қызметтері секторында 3,2%-ды және бағалы қағаздар нарығында 1,6%-ды құрады.

Банк конгломераттарының міндеттемелері. 2023 жылғы 3-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша банк конгломераттарының міндеттемелері 5,6%-ға 33 699,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұған клиенттер қаражатының 2,8%-ға 26 490,6 млрд теңгеге дейін, өзге міндеттемелердің 30,4%-ға 4 772,7 млрд теңгеге дейін және шығарылған бағалы қағаздардың 1,9%-ға 1 462,8 млрд теңгеге дейін өсуі ықпал етті. Алынған қарыздар көлемі 7,3%-ға 973,7 млрд теңгеге дейін төмендеді (1.1.2.3-кесте).

Банк конгломераттары жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2023		01.10.2023		Өсім, %
	млрд теңге	жиынтық қа %-бен	млрд теңге	жиынтық қа %-бен	
1 Клиенттердің қаражаты	25 759,0	80,7%	26 490,6	78,6%	2,8%
2 Шығарылған бағалы қағаздар	1 435,4	4,5%	1 462,8	4,3%	1,9%
3 Алынған қарыздар	1 050,4	3,3%	973,7	2,9%	-7,3%
4 Басқа да міндеттемелер	3 661,2	11,5%	4 772,7	14,2%	30,4%
Барлығы міндеттемелер	31 906,0	100,0%	33 699,7	100,0%	5,6%

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Үш ірі банк конгломератының міндеттемелері 2023 жылғы 3-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша 21 526,8 млрд теңгені немесе банк конгломераттарының жиынтық міндеттемелерінің 63,9%-ын құрады. Бұл ретте 3 ірі банк конгломератына клиенттердің жиынтық қаражатының 69,2%-ы, шығарылған бағалы қағаздардың 51,0%-ы және алынған қарыздардың 83,8%-ы тиесілі.

Меншікті капитал. 2023 жылғы 3-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша банк конгломераттарының меншікті капиталы негізінен бөлінбеген пайданың 27,8%-ға 4 078,0 млрд теңгеге дейін ұлғаюы нәтижесінде 21,3%-ға 5 173,0 млрд теңгеге дейін өсті.

1.2 Сақтандыру секторы

Сақтандыру секторы барлық негізгі басты көрсеткіштер бойынша тұрақты өсуді көрсетіп отыр және оның капиталдандыру бойынша да, өтімділік бойынша да жеткілікті қауіпсіздік маржасы бар.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша сақтандыру секторында 25 сақтандыру ұйымы (9 – өмірді сақтандыру бойынша, 16 – жалпы сақтандыру бойынша), 10 сақтандыру брокері және 58 лицензияланған актуарий бар. 25 сақтандыру ұйымының 2-уі – мемлекет 100% қатысатын сақтандыру ұйымдары.

2023 жылы сақтандыру ұйымдарын ірілендіру үрдісі жалғасты: 2022 жылдың соңында «Freedom Finance Insurance» сақтандыру компаниясы» АҚ-ға қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған «Лондон-Алматы» сақтандыру компаниясы» АҚ-мен қатар, 2023 жылы «Сентрас Коммекс Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ға қосылды. Сонымен бірге 2023 жылы «Дионис» сақтандыру брокері» ЖШС-ге сақтандыру шарттарын жасасу бойынша брокерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия берілді.

Сақтандыру нарығында «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ, сақтандыру омбудсманы, функцияларын «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ («МКБ» АҚ) орындайтын дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым және «Қазақстан актуарийлерінің қоғамы» ҚБ да қызметін жүзеге асырады.

1.2.1 Сақтандыру ұйымдары қызметінің нәтижелері

Сақтандыру ұйымдарының активтері. Сақтандыру секторының активтері 2023 жылы 20,7%-ға 2 495 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2022 жылы – 2 066,6 млрд теңге). Активтердің өсуі негізінен сақтандыру сыйлықақыларының өсуімен және оларды бағалы қағаздарға инвестициялаумен байланысты болды.

Активтер құрылымында ең көп үлесті – 70,2%-ды (2023 жылы 14,4%-ға өсу) бағалы қағаздар және 5,5%-ды (2023 жылы 27,8%-ға өсу) ақша қаражаты мен салымдар құрайды (1.2.1.1-кесте).

1.2.1.1-кесте

Сақтандыру секторы активтерінің құрылымы

	Көрсеткіштің атауы	01.01.2023		01.01.2024		Өсім, %-бен
		млрд теңге	жиынтыққа %-бен	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1	Ақша қаражаты және салымдар	108	5,2	138	5,5	27,8
2	Бағалы қағаздар	1 532	74,1	1 752	70,2	14,4
3	Қайта сақтандыру активтері	66	3,2	89	3,6	35,1
4	Сақтандыру дебиторлық берешегі	73	3,5	105	4,2	44,3
5	Басқа да активтер	288	13,9	410	16,4	42,6
	Барлығы активтер	2 067		2 495		20,7

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Сақтандыру сыйлықақылары. 2023 жылы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі¹¹ алғаш рет 1 трлн теңгеге жетті, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда (2022 жылы – 772,1 млрд теңге) 29,6%-ға көп. Автомобиль көлігін сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылардың 87,9%-ға немесе 45,6 млрд теңгеге, жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру бойынша 66,5%-ға немесе 22,7 млрд теңгеге және қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (бұдан әрі – ЖОМС) бойынша 29,3%-ға немесе 18,6 млрд теңгеге өсуі байқалады (1.2.1.2-кесте).

1.2.1.2-кесте

Сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы

	Көрсеткіштің атауы	01.01.2023		01.01.2024		Өсім, %-бен
		млрд теңге	жиынтыққа %-бен	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1	Міндетті сақтандыру, оның ішінде:	169,5	22,0	193,8	19,4	14,3
	- КҚИ АЖМС ¹²	93,5	12,1	96,9	9,7	3,6
	- ЖОМС ¹³	63,7	8,3	82,4	8,2	29,3
	- міндетті сақтандырудың басқа да сыныптары	12,2	1,6	14,5	1,5	18,5

¹¹Резиденттерден кіріс қайта сақтандыруы бойынша сыйлықақыларды және сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының бұзылуына байланысты шығыстарды шегергенде

¹² Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру

¹³ Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру

2	Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде:	278,0	36,0	357,1	35,7	28,5
	- өмірді сақтандыру	167,3	21,7	200,2	20,0	19,7
	- зейнетақы	22,3	2,9	39,8	4,0	78,8
	аннуитеттері					
	- жазатайым	34,1	4,4	56,7	5,7	66,5
	оқиғалардан					
	- ауырған жағдайларда	44,5	5,8	55,4	5,5	24,5
	- басқа	9,8	1,3	5,0	0,5	-49,5
3	Ерікті мүліктік сақтандыру, оның ішінде:	324,6	42,0	449,4	44,9	38,5
	- автомобиль көлігін	51,9	6,7	97,5	9,7	87,9
	- мүлікті	163,6	21,2	204,9	20,5	25,3
	- басқа	109,1	14,1	147,0	14,7	34,7
	Жиынтық	772,1		1 000,3		29,6

Дереккөзі: Ұлттық Банк

2023 жылы сақтандырушыларға қайта сақтандыруға¹⁴ берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2022 жылмен салыстырғанда (2022 жылы – 115 млрд теңге) 32,4%-ға 152,3 млрд теңгеге (сақтандыру сыйлықақылары жиынтық көлемінің 15,2%-ы) дейін ұлғайды. Сақтандыру сыйлықақыларының басым бөлігі – 76,9% немесе 117,1 млрд теңге шетелге, оның негізгі көлемі Ұлыбритания Біріккен Корольдігіне қайта сақтандыруға берілді.

Ішкі қайта сақтандыру. 2023 жылы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 130,4 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылмен (2022 жылы – 86,9 млрд теңге) салыстырғанда 50,1%-ға көп.

2023 жылы ішкі қайта сақтандыру 2022 жылмен салыстырғанда 85,9%-ға өсіп, 35,2 млрд теңге сақтандыру сыйлықақысына дейін жетті. Резидент-сақтандыру ұйымдары бейрезиденттерден қайта сақтандыруға тәуекелдерді көбірек қабылдай бастады, 2023 жылғы өсу 2022 жылмен салыстырғанда 41,6%-ды құрады. Бұл осыған дейін шетелге беріліп отырған ірі тәуекелдерді қайта сақтандыруға қабылдау үшін отандық нарық сыйымдылығының ұлғайғанын және жалпы алғанда Қазақстанның сақтандыру нарығына деген сенімнің артқанын білдіреді.

Сақтандыру төлемдері. 2023 жылы жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі¹⁵ 274,2 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 43,7%-ға көп. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің ең үлкен ұлғаю көрсеткіші мүлікті сақтандыру бойынша 28,5 млрд теңгені және өмірді сақтандыру бойынша 18,1 млрд теңгені құрады (1.2.1.3-кесте).

2023 жылы қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу 18,4 млрд теңгені (2022 жылы – 12 млрд теңге) немесе жиынтық сақтандыру төлемдерінің 6,7%-ын құрады.

¹⁴ Қайта сақтандыруға берілген шарттарды бұзумен байланысты кірістерді шегергенде

¹⁵ Резиденттерден кіріс қайта сақтандыру бойынша төлемдерді шегергенде


Сақтандыру төлемдерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.01.2023		01.01.2024		Өсім, %-бен
	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1 Міндетті сақтандыру, оның ішінде:	57,5	30,1	78,2	28,5	36,2
- КҚИ АЖМС	49,2	25,8	61,1	22,3	24,2
- ЖОМС	6,2	3,2	14,6	5,3	136,3
- міндетті сақтандырудың басқа да сыныптары	2,1	1,1	2,5	1,0	23,1
2 Ерікті жеке сақтандыру, оның ішінде:	59,6	31,2	83,6	30,5	40,2
- өмірді сақтандыру	11,7	6,1	29,8	10,9	154,0
- зейнетақы аннуитеттері	14,3	7,5	14,9	5,4	4,0
- жазатайым оқиғалардан	3,4	1,8	5,3	2,0	55,5
- ауырған жағдайларда	22,5	11,8	30,5	11,1	35,8
- басқа	7,6	4,0	3,1	1,1	-59,9
3 Ерікті мүлктік сақтандыру, оның ішінде:	73,8	38,7	112,4	41,0	52,2
- автомобиль көлігін	15,3	8,0	21,7	7,9	41,7
- мүлкті	40,0	21,0	68,6	25,0	71,4
- басқа	18,5	9,7	22,1	8,1	19,5
Барлығы	190,9		274,2		43,7

Дереккөзі: Ұлттық Банк


Сақтандыру ұйымдарының міндеттемелері. 2023 жылы сақтандыру ұйымдарының міндеттемелері 2022 жылы 23,2%-ға 1 591 млрд теңгеге дейін ұлғайды, оның 85,3%-ы сақтандыру резервтеріне тиесілі. Өсу негізінен жасалған сақтандыру шарттары санының және олар бойынша қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді (1.2.1.1-сурет).

1.2.1.1-сурет



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Сақтандыру ұйымдарының капиталы. Сақтандыру ұйымдарының капиталы 2023 жылы 16,6%-ға 904 млрд теңгеге дейін (2022 жылы – 775,2 млрд теңге) ұлғайды. Меншікті капиталдың өсуі сақтандыру ұйымдары жарғылық капиталының және сақтандыру және инвестициялық қызметтен түскен кірістер есебінен алынған таза пайданың ұлғаюына байланысты болды (1.2.1.2-сурет).



Сақтандыру ұйымдары қызметінің тиімділігі. Сақтандыру секторының 2023 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 33,0%-ға ұлғайып, 182,9 млрд теңгені құрады. Негізгі үлес сақтандыру қызметінен түскен кірістерге тиесілі.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша таза кірістің орташа жиынтық активтерге қатынасы (ROA) 8,0%, таза кірістің орташа меншікті капиталға арақатынасы (ROE) 21,8% болды.

1.2.2 Сақтандыру нарығының өзге субъектілері қызметінің нәтижелері

Сақтандыру брокерлері. Сақтандыру брокерлерінің активтері негізінен алынатын сақтандыру сыйлықақыларының азаюы есебінен 2023 жылы 0,9%-ға 11,2 млрд теңгеге дейін (2022 жылы – 11,3 млрд теңге) азайды.

Сақтандыру брокерлерінің міндеттемелері басым түрде сақтандыру сыйлықақыларының қалыптастырылған сомалары және сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына беруге арналған төлемдер есебінен 2023 жылы 5,6%-ға 5,7 млрд теңгеге (2022 жылы – 5,4 млрд теңге) ұлғайды.

2023 жылы сақтандыру брокерлерінің меншікті капиталы комиссиялық кірістердің азаюы нәтижесінде 5,2%-ға 5,5 млрд теңгеге дейін (2022 жылы – 5,8 млрд теңге) азайды.

2023 жылы сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жалпы сомасы 77,6 млрд теңгеге сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтандыруға берілді. Негізгі үлес Ұлыбритания Біріккен Корольдігі, Бермуд, БАӘ, Вьетнам, Қытай сияқты елдердің қайта сақтандырушыларына тиесілі.

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ (СТКҚ). СТКҚ активтері 2023 жылы 16,8%-ға (3,4 млрд теңге) 23,6 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл ретте таратылған сақтандыру ұйымдарының өз клиенттері алдындағы міндеттемелерін өтеуге арналған кепілдік беру резервтері сақтандыру ұйымдарының жарналары мен қордың инвестициялық қызметі есебінен 19,1%-ға (2,6 млрд теңге) 16,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Таратылатын сақтандыру ұйымдары клиенттерінің құқықтарын қорғаудан басқа СТКҚ кінәлі адам жол-көлік оқиғасы болған жерден жасырынған және оны белгілеу мүмкін болмаған жағдайда жол-көлік оқиғасында зардап шеккен

адамдарды сақтандырып қорғауды қамтамасыз етеді. Қызмет ету уақытының барысында СТКҚ жол-көлік оқиғасында зардап шеккен адамдарға 337 млн теңгеден астам сомада төлемдерді жүзеге асырды, бұл ретте 2023 жылы СТКҚ 81,1 млн теңге сомаға 15 төлемді жүзеге асырды.

Сақтандыру омбудсманы. 2023 жылы омбудсман 2 802 өтінішті қарады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда (1 108 жолданым) 2,5 есе көп. Істерді қарау бойынша 4 231 отырыс өтті, бұл 2022 жылғы (1 858 отырыс) отырыстар санынан 2,2 есе көп.

2023 жылы омбудсман қабылдаған барлық шешімнің жалпы санынан 4 шешімге ғана сотқа шағым түсірілді, оның ішінде сот 1 шешімнің күшін жойды, 3 шешімді өзгеріссіз қалдырды. Бұл омбудсман Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес шешім қабылдайтынын көрсетеді.

Бірыңғай сақтандыру дерекқоры (БСДҚ). БСДҚ бүкіл сақтандыру секторы бойынша деректерді жинауға арналған ақпараттық-технологиялық платформа болып табылады. База міндетті және ерікті сақтандыру шарттарын жасауды ұйымдастыруды, мемлекеттік дерекқорлармен өзара іс-қимыл жасауды, талдау мен есептеулер жүргізу үшін статистиканың жинақталуын және басқа да функцияларды қамтамасыз етеді.

2023 жыл ішінде заңнама талаптарын және сақтандыру нарығын цифрландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы БСДҚ функционалын жетілдіру және дамыту қолға алынды. Атап айтқанда:

- дерекқорға қайта сақтандыру, қоса сақтандыру және бірлесіп сақтандыру шарттары туралы ақпаратты қосқанда, сақтандырудың барлық сыныптары бойынша ақпарат жүктелді;

- БСДҚ-да көлік құралын тіркеу аумағы бойынша түзету коэффициенттерін есептеуді автоматтандыру бойынша техникалық тапсырма әзірленді, сондай-ақ оны пайдалануға енгізу қамтамасыз етілді;

- БСДҚ-ның ҰҚК, МКК, ӨҚМ, БЖЗҚ және ҚСЖАЕК базаларымен интеграциялау жұмыстары аяқталды;

- сақтандыру жағдайларын онлайн-реттеу және реттеудің жеңілдетілген тәртібінің рәсімдері (Еурохаттама) бойынша сақтандыру ұйымдарының API шеңберіндегі интеграциясы қамтамасыз етілді.

Сақтандыру статистикасының сапасын жақсарту үшін БСДҚ-ға ақпарат жеткізушілердің және БСДҚ-дан сақтандыру есептерін алушылардың тізімін, атап айтқанда БСДҚ-ны аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша мәліметтермен толтыру және мәліметтерді сақтандыру ұйымдарына беру мақсатында БЖЗҚ-мен және сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда ақпарат алмасу мақсатында СТКҚ-мен ұлғайту бойынша заңнамалық деңгейде түзетулер енгізілді.

2023 жыл барысында БЖЗҚ мен СТКҚ-ны БСДҚ-мен интеграциялау бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді қосқанда БСДҚ-дан/-ға статистикалық деректерді алу және беру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Агенттік БСДҚ-дағы деректерді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары

бойынша ақпаратпен жүйелі негізде салыстыруды және бақылауды жүзеге асырып отырады.

1.3 Бағалы қағаздар нарығы

2023 жылдың қорытындылары бойынша бағалы қағаздар нарығында 39 брокер және (немесе) дилерлер (16 банк және 23 банктік емес ұйым), 11 кастодиан-банк, 21 инвестициялық портфельді басқарушы, 3 трансфер-агент, сондай-ақ 3 инфрақұрылымдық ұйым: бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі функцияларын орындайтын «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) және орталық контрагент қызметін жүзеге асыратын «KASE клирингтік орталығы» АҚ қызмет етті.


2023 жылы бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға 5 лицензия: «N1broker» АҚ-на брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға, инвестициялық портфельді басқаруға, «Standard инвестициялық компаниясы» АҚ-на инвестициялық портфельді басқаруға, «KASE клирингтік орталығы» АҚ-на қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті іске асыруға және «Kaspi Bank» АҚ-на кастодиандық қызметті іске асыруға берілді. Сонымен қатар, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға, оның ішінде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-на, «Teniz Capital Investment Banking» АҚ-на, «SkyBridge Invest» АҚ-на, «KASE клирингтік орталығы» АҚ-на және «ЕвроЦентрАстана» АҚ-на банк операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиялар берілді.

1.3.1 Бағалы қағаздар нарығын дамыту нәтижелері

2023 жылдың қорытындысы бойынша акциялар мен корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі жаһандық қор нарықтарын қалпына келтірудің арқасында 40,2 трлн теңгеге дейін 13,0%-ға немесе 4,6 трлн теңгеге ұлғайды (ЖІӨ-ге 33,7%¹⁶).

¹⁶ 2023 жылғы қаңтар-желтоқсан үшін операциялық деректер

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығын капиталдандыру




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Акциялар нарығын капиталдандыру 26,4%-ға 26,7 трлн теңгеге дейін өсті. Бұл ретте айналымдағы корпоративтік борыш көлемі 6,5%-ға 13,5 трлн теңгеге дейін (1.3.1.1-сурет) төмендеді. Айналымдағы корпоративтік борыш көлемдерінің төмендеуі инфляцияны төмендету бойынша іс-шаралар шеңберіндегі қатаң ақша-кредиттік жағдайлардың сақталуымен байланысты.

2023 жылы Агенттік 163 бағалы қағаздар шығарылымын тіркеді, оның ішінде жеке сектор субъектілерінің акциялары – 10 шығарылым, квазимемлекеттік сектордың акциялары – 3 шығарылым, квазимемлекеттік сектордың облигациялары – 41 шығарылым, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары – 11 шығарылым, жеке сектордың облигациялары – 98 шығарылым, оның ішінде экономиканың басым секторларында ШОБ субъектілеріне қолдау көрсету бойынша Ұлттық жобаны жүзеге асыру шеңберінде субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесі бар облигациялардың 3 шығарылымы бар.

2023 жылдың соңында мемлекеттік емес бағалы қағаздардың қолданыстағы шығарылымдарының жалпы саны 1 696-ны құрады. Оның ішінде жалпы номиналды құны 25 969,5 млрд теңгені құрайтын акциялардың жалпы қолданыстағы шығарылымы 1 032 және облигациялардың қолданыстағы шығарылымы 664 (1.3.1.2-сурет) болды.

Акциялар мен облигациялардың қолданыстағы шығарылымдарының саны



Дереккөзі: Агенттік

KASE ресми тізімінде 2023 жылдың соңында 237 эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының 656 шығарылымы, оның ішінде 84 эмитенттің 99 акцияларының шығарылымы, 106 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 412 шығарылымы, 18 инвестициялық пай қорының құралдары, 6 ETF, халықаралық қаржы ұйымдарының 60 облигациялар шығарылымы, 5 жаһандық депозитарлық қолхат шығарылымы, сондай-ақ KASE Global секторындағы шетелдік эмитенттердің 45 акциясының атауы және 11 ETF орналасқан.

2023 жылы KASE-тегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі негізінен ақша нарығы мен шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемінің өсуі есебінен 2022 жылмен салыстырғанда 57,0%-ға ұлғайып (149,1 трлн теңге), 410,7 трлн теңгені құрады.

Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 8,5%-ға 333,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте акциялардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 76,5%-ға немесе 106,0 млрд теңгеге азайды. Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 78,3%-ға немесе 132,2 млрд теңгеге ұлғайып, 301,1 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша қайталама нарықтағы ең белсенділері жеке тұлғалар болды, олардың акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінен үлесі 42,9%-ды құрады. Банктердің үлесі 4,3%-ды, брокер-дилерлердің үлесі 9,8%-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 6,5%-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі 36,4%-ды құрады. Бейрезиденттердің қатысуы акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемінің 29,8%-на бағаланады.

KASE-де корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 2023 жылы 12,1%-ға немесе 301,5 млрд теңгеге 2,2 трлн теңгеге дейін төмендеді.

2023 жылы корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында жалпы сомасы 1 522,4 млрд теңгеге 40 эмитенттің 79 шығарылымының облигациялары орналастырылды, бұл 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2,0%-ға немесе 30,2 млрд теңгеге көп.

Бұл ретте облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 664,9 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 33,3%-ға немесе 331,8 млрд теңгеге аз.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 12,9%-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 6,1%-ды, басқа институционалды инвесторлардың үлесі 13,1%-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі 57,0%-ды, жеке тұлғалардың үлесі 10,9%-ды құрады. Бұл ретте бейрезиденттердің үлесі 21,5%-ды құрады.

2023 жылдың қорытындылары бойынша KASE индексі 28,8%-ға ұлғайып, 4 187,4 тармақты құрады. 2023 жылы KASE индексінің Өкілдік тізіміне кіретін 9 акцияның 8-і («KEGOC» АҚ акциясын қоспағанда) жағымды серпін көрсетті. Өсу көшбасшыларының қатарында «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның (+52,7%), «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-ның (+43,4%) және «Kaspi.kz» АҚ-ның (+37,4%) акциялары болды. Эмитенттердің оң қаржылық

көрсеткіштері, дивидендік төлемдер, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы шикізаттың өсуі KASE индексі акцияларының өсуінің негізгі факторлары болып табылады.

2023 жылы индекстік акциялармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2022 жылғы көрсеткішке қарағанда 2,9 есеге ұлғайып, 229,0 млрд теңгені құрады. Өсу негізінен 2023 жылы «ҚазМұнайГаз» АҚ акцияларын KASE индексінің Өкілдік тізіміне енгізу есебінен қамтамасыз етілді.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттар саны 2023 жылы 2,5 есе ұлғайып (2022 жылы – 963,2 мың шотқа дейін 4,2 есе өсті) 2 445 мыңға жетті, оның ішінде 696 мың шот ұстаушылардың аралық шоттарына және 1 749 мың шот брокерлер ашқан және Орталық депозитарийдегі омнибус-шоттар арқылы есепке алынатын ұстаушылардың шоттарына тиесілі (1.3.1.3-сурет).

1.3.1.3-сурет

Орталық депозитарийдегі инвесторлар шоттарының саны




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ұжымдық инвестициялау. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында басқарушы компаниялардың басқаруында 51 инвестициялық пай қоры (ИПК) болды, оның ішінде 25-сі – аралық, 25-сі – жабық және 1-уі – ашық. Сондай-ақ 17 акционерлік инвестициялық қор болды, олардың 6-уы – тәуекелді.

Ұжымдық инвестициялар нарығында басқарудағы активтердің жиынтық көлемі инвестициялық пай қорлары активтерінің ұлғаюы есебінен 2023 жыл бойынша 287,8 млрд теңгеге дейін 130,1%-ға немесе 162,7 млрд теңгеге ұлғайды (1.3.1.4-сурет).

Инвестициялық пай қорларының активтері



Дереккөзі: Ұлттық Банк

2023 жылдың қорытындылары бойынша инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымында бағалы қағаздар портфелі 2023 жылдың басымен салыстырғанда 251,3 млрд теңгеге дейін 2,8 есеге немесе жиынтық активтердің 87,3%-на ұлғайды.

Инвестициялық пай қорларының бағалы қағаздар портфелінде негізгі үлесті Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 194,8 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 67,7%-ын және шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 34,6 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 12%-ын құрайды. Инвестициялық қорлардың пайлары жиынтық активтердің 3,9%-ын немесе 11,3 млрд теңгені құрады.

2023 жылы инвесторлар тарапынан инвестициялық қорлардың пайларына деген жоғары сұраныс байқалды. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша пай ұстаушылар саны 9 728 жеке тұлғаны және 86 заңды тұлғаны қамтыды (01.01.2023 жылғы жағдай бойынша – 7 771 жеке тұлға, 98 заңды тұлға).

Жеке басқарушы компаниялардың сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы активтері. 2024 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелін басқарушылардың тізілімінде бес компания бар: «First Heartland Jusan Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ және «Halyk Finance» АҚ.

Жеке басқарудағы зейнетақы активтері 26,9 млрд теңге белгісіне жетіп, 2,8 есеге өсті, оның ішінде 11,8 млрд теңге «РЕПО» операциясына салынды. 14,9 млрд теңгені құрайтын бағалы қағаздар портфелі былайша бөлінді: Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (Қаржымині МБҚ және Ұлттық Банк ноттары) – 30,4%, Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары – 27,0%, пайлар – 24,0%, шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздары – 11,1%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – 4,5%, Қазақстан Республикасы бейрезидент-эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары – 3,0%.

Жеке инвестициялық басқарушыларға берілген зейнетақы активтері бойынша кірістілік 10,7%-дан 17,2%-ға дейінгі деңгейде қалыптасты. Зейнетақы активтерінің номиналды кірістілік коэффициенті (K2 12M) 11,0%-дан 16,6%-ға дейінгі диапазонда қалыптасты, ең төменгі рұқсат етілген деңгей K2 12,2% болды.

1.3.2 Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар қызметінің нәтижелері

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының активтері (БҚНҚК). 2023 жылы брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 21,4%-ға 703,0 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтерінің құрылымындағы негізгі үлесті 418,7 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 59,6%-ы мөлшеріндегі бағалы қағаздар, сондай-ақ 179,8 млрд теңгені немесе 25,6%-ды басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар құрайды.


ИПБ басқаруындағы активтер. ИПБ басқаруындағы активтердің көлемі 2023 жылы 30,6%-ға 1 123,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Басқарудағы активтер негізінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы емес қағаздарына – 594,5 млрд теңге (52,9%), Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 101,7 млрд теңге (9,1%), шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 80,3 млрд теңге (7,1%) инвестицияланған.

БҚНҚК-ның міндеттемелері. Міндеттемелердің жиынтық көлемі 2023 жылы негізінен «РЕПО» операциялары есебінен 38,5%-ға 240,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

БҚНҚК-ның капиталы. 2023 жылы брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы негізінен бөлінбеген пайданың ұлғаюы есебінен 14,1%-ға 462,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Жалпы, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушылардың жарғылық капиталының көлемі 326,3 млрд теңгені құрады. Бөлінбеген пайданың жалпы көлемі 2023 жылы 2,3 есеге ұлғайып, 134,9 млрд теңгені құрады (1.3.2.1-сурет).

1.3.2.1-сурет

Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері



Дереккөзі: Ұлттық Банк

БҚНҚК қызметінің тиімділігі. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың жиынтық таза пайдасы 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 147,1%-ға ұлғайып, 2023 жылы 28,0 млрд теңгені құрады. Таза пайда көлемінің ұлғаюы негізінен қаржы активтерін сатып алу-сату шарттарының өсуі есебінен болды.

1.4 Микроқаржы секторы

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша микроқаржы секторының нарығында 966 субъекті, оның ішінде 521 ломбард, 231 микроқаржы ұйымы (бұдан әрі – МҚҰ) және 214 кредиттік серіктестік жұмыс істеді. 2023 жылы 44 МҚҰ, 42 ломбард және 2 кредиттік серіктестік өз қызметін тоқтатты. Бұл ретте 57 ұйымға: 40 МҚҰ-ға, 15 ломбардқа, 2 кредиттік серіктестікке лицензия берілді (1.4.1-кесте).

1.4.1-кесте

Микроқаржыландыру нарығының құрылымы

Ұйым типі	01.01.2023 жылға саны	2023 жылы берілген лицензиялар саны	2023 жылы қолданысын тоқтатқан лицензиялар саны	01.01.2024 жылға саны
МҚҰ	235	40	44	231
КС	214	2	2	214
Ломбардтар	548	15	42	521
Жиынтығы	997	57	88	966


Дереккөзі: Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген, қайта ресімделген лицензиялардың тізілімі

Микроқаржы секторының активтері. 2023 жылы микроқаржы секторының активтері негізінен несие портфелінің 19,1%-ға өсуі есебінен 23,0%-ға 2 593,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Микроқаржы секторының жиынтық активтерінде ең көп үлес – 83,0%-ды берілген микрокредиттер құрайды. Ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларына 4,1%, орналастырылған салымдарға 2,6% тиесілі.

1.4.1-сурет

Қаржы секторы субъектілерінің активтері



Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

2023 жылы микрокредиттер портфелі 14,8%-ға 2 386,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер 3,5%-ға 757 млрд теңгеге дейін, дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер – 42,9%-ға 331 млрд теңгеге дейін ұлғайды, нәтижесінде олардың несие портфелінің құрылымындағы үлесі 45,6%-ға дейін өсті (01.01.2023 жылы – 46,3%) (1.4.2-кесте). ДК қоспағанда, жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер 16,3%-ға 1,3 трлн теңгеге дейін ұлғайып, несие портфелінің 54,4%-ын құрады.

Микроқаржы секторы субъектілері бойынша микрокредиттердің құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023ж.		01.01.2024ж.		2023ж өсім, %-бен
	Сомасы, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	Сомасы, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1 Микрокредиттер, барлығы	2 079,1	100%	2 386,7	100%	14,8%
2 Заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер	730,8	35,1%	756,5	31,7%	3,5%
3 Дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер	231,8	11,1%	331,2	13,9%	42,9%
4 ДК қоспағанда, жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер	1 116,5	53,7%	1 299,0	54,4%	16,3%

Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе: 1) Микрокредиттер негізгі борыш сомасы бойынша келтірілген;

2) Ломбардтар портфелі жеке тұлғаларға ғана берілген микрокредиттерді көрсетеді

Микроқаржы секторы кредиттік портфелінің сапасы. 2023 жылы төлеу мерзімі 90 күннен асқан берешегі бар микрокредиттердің деңгейі жеке тұлғалардың мерзімі өткен берешектерінің абсолюттік мәнде ұлғаюы есебінен 3,7%-дан 3,9%-ға дейін 93,5 млрд теңгеге дейін ұлғайды (1.4.3-кесте).

Жеке тұлғалардың портфеліндегі төлеу мерзімі 90 күннен асқан берешегі бар микрокредиттердің үлесі 5,5%-дан 5,6%-ға дейін ұлғайды.

Микроқаржы секторы активтерінің сапасы

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023ж.		01.01.2024ж.		2023ж. өсім, %-бен
	Сомасы, млрд теңге	NPL90+ үлесі, %	Сомасы, млрд теңге	NPL90+ үлесі, %	
1 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер, оның ішінде:	77,1	3,7	93,5	3,9	21%
- заңды тұлғалар	3,2	0,4	2,0	0,3	-37%
- жеке тұлғалар	73,8	5,5	91,5	5,6	24%
2 ХҚЕС бойынша провизиялар, оның ішінде:	169,3	-	216,7	-	28%
- 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер бойынша	58,8	-	59,5	-	1,5%

Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе:


1) 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер негізгі борыш сомасы бойынша келтірілген;

2) Кесте 01.01.2024 ж. есепті күнге жаңартылған деректерді ескере отырып, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың реттеушілік есептілігі негізінде құрылған;

2023 жылы ХҚЕС бойынша қалыптастырылған микроқаржы секторының несие портфелі бойынша провизиялар 216,7 млрд теңгені құрады, бұл жалпы кредиттік портфельдің 9,1%-ын құрайды. Микроқаржы секторының мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын микрокредиттерді провизиялармен өтеу деңгейі 63,7%-ды құрады.

Микроқаржы секторының міндеттемелері. 2023 жылы микроқаржы нарығы субъектілерінің жиынтық міндеттемелері 17,0%-ға 1 742 млрд теңгеге дейін ұлғайды (1.4.2-сурет).

1.4.2-сурет

Микроқаржы секторы субъектілерінің міндеттемелері


Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе: МҚҚЖҰ бастамасы бойынша есептік деректерге өзгерістерді енгізумен байланысты 01.01.2023ж., 01.04.2023ж., 01.07.2023ж. және 01.10.2023ж. жағдай бойынша мәліметтер сәйкесінше жаңартылды

Міндеттемелер құрылымында негізгі үлесті 2023 жылы 7,4%-ға 1 351 млрд теңгеге дейін ұлғайған тартылған қарыздар құрайды (жиынтық міндеттемелердің 77,6%-ы).

Микроқаржы секторының капиталы. 2023 жылы микроқаржы секторының жиынтық баланстық меншікті капиталы 851,3 млрд теңге көрсеткішіне дейін жетіп, 37,5%-ға ұлғайды. Оны қалыптастырудың негізгі көздері жарғылық капитал және бөлінбеген пайда болып табылады (1.4.3-сурет).

1.4.3-сурет

Микроқаржы секторы субъектілерінің меншікті капиталы**1.4.1 Микроқаржы ұйымдарының қызметі**

МҚҰ-ның активтері. 2023 жылы МҚҰ-ның активтері 26,3%-ға 1 388 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл микроқаржы секторының жиынтық активтерінің 53,5%-ын құрайды (1.4.1-сурет). МҚҰ-ның жиынтық активтеріндегі ең үлкен үлес салмағын – 79,7%-ды берілген микрокредиттер құрайды.

2023 жылы МҚҰ-ның кредиттік портфелі 22,7%-ға 1 234,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды (1.4.1.1-кесте), бұл микроқаржы секторының жиынтық микрокредиттерінің 51,7%-ын құрайды. Бұл ретте МҚҰ-ның микрокредиттері портфелінің 74,0%-ы 10 ірі МҚҰ-ға тиесілі.

МҚҰ-ның заңды тұлғаларға беретін микрокредиттері 8,8%-ға

30,5 млрд теңгеге дейін, дара кәсіпкерлерге – 36,1%-ға 145,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. МҚҰ-ның жеке тұлғаларға беретін микрокредиттері 2023 жылы 21,6%-ға 1 058,7 млрд теңгеге дейін, оның ішінде тұтынушылық микрокредиттердің 19,0%-дан 800 млрд теңгеге дейін және кәсіпкерлік мақсаттарда берілген микрокредиттердің 30,4%-дан 258,6 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен ұлғайды.

Нәтижесінде МҚҰ несие портфелінің құрылымында жеке тұлғаларға тұтынушылық мақсаттарда берілген микрокредиттердің үлесі 64,8%-ды, кәсіпкерлік мақсаттарға берілген микрокредиттердің үлесі жиынтықта 35,2%-ды құрады.

1.4.1.1-кесте

МҚҰ микрокредиттерінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023ж.		01.01.2024ж.		2023ж. өсім, %-бен
	Сомасы, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	Сомасы, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1 Микрокредиттер, барлығы	1 005,6	100,0%	1 234,2	100,0%	22,7
2 Заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер	28,1	2,8%	30,5	2,5%	8,8%
3 Дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер	106,6	10,6%	145,1	11,8%	36,1%
4 ДК қоспағанда, жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер, оның ішінде:	870,9	86,6%	1 058,7	85,8%	21,6%
- кәсіпкерлік қызметпен байланысты	198,3	19,7%	258,6	21,0%	30,4%
- кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес	672,5	66,9%	800,0	64,8%	19,0%

Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе: микрокредиттер негізгі борыш сомасы бойынша келтірілген

Жеке тұлғаларға мерзімі 45 күнге дейін 50 АЕК-ке дейінгі сомада берілген микрокредиттер¹⁷ (бұдан әрі – 50 АЕК-ке дейінгі онлайн-микрокредиттер). Кредит берудің қысқа мерзімді шегіне, қарыз алушылар санының жоғары шоғырлануына, сондай-ақ қарыз алушылардың төлемге қабілеттілігін сапасыз бағалауға байланысты микроқаржыландырудың осы сегменті 2023 жылы бүкіл сектордың проблемалық қарыз алушыларының өсуіне айтарлықтай ықпал етті.

«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның деректері бойынша 2023 жылы онлайн-микрокредиттер көлемі 12,4%-ға (23,3 млрд теңге) 211,5 млрд теңгеге дейін, мұндай қарыздар бойынша қарыз алушылар саны 5,1%-ға (56 мың адам) 1 144 мың адамға дейін ұлғайды (1.4.1.2-кесте). МҚҰ-ның жеке тұлғалардың NPL90+ құрылымындағы 50 АЕК-ке дейінгі 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар онлайн-микрокредиттерінің үлесі 28%-ды, қарыз алушылар саны бойынша – 80%-ды құрады.

2023 жылы МҚҰ-дан коллекторлық агенттіктерге проблемалық берешек ағынының айтарлықтай ұлғаюы байқалды.

¹⁷ Микроқаржылық қызмет туралы заңның 4-бабының 3-1-тармағының талаптарына сәйкес берілген

МҚҰ басқаға берген берешек көлемі 2023 жылы 76 млрд теңгеден 156 млрд теңгеге дейін 2 есеге өсті, бұл ретте МҚҰ құрылымындағы басқаға берілген берешектің 60%-ы немесе 97 млрд теңге 50 АЕК-ке дейінгі қысқа мерзімді онлайн-микрокредиттер беретін МҚҰ-ға тиесілі.

Нәтижесінде 2023 жылдың қорытындылары бойынша МҚҰ-ның басқаға берген берешегінің коллекторлық агенттіктердің портфеліндегі үлесі 9%-дан 15%-ға дейін, қарыз алушылар саны бойынша – 50%-дан 70%-ға дейін ұлғайды.

1.4.1.2-кесте

50 АЕК-ке дейінгі онлайн-микрокредиттер

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023	01.01.2024	2023ж. өсім, %-бен
50 АЕК-ке дейінгі онлайн-микрокредиттер, млрд теңге	188,2	211,5	12,4%
Қарыз алушылардың саны, мың адам	1 088	1 144	5,1%
NPL 90+, млрд теңге	30,3	29,5	-2,6%
NPL қарыз алушыларының саны, мың адам	225	227	0,9%

Дереккөзі: «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ

МҚҰ кредиттік портфелінің сапасы. 2023 жылы мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын МҚҰ микрокредиттерінің үлесі өзгермеді және 6,2%-ды құрады (01.01.2023 жылғы жағдай бойынша – 6,3%). Бұл ретте негізінен жеке тұлғалардың проблемалық берешегінің ұлғаюы есебінен мерзімі өткен берешектің абсолюттік мәнде 21,8%-ға 77,1 млрд теңгеге дейін ұлғаюы байқалады (1.4.1.3-кесте).

1.4.1.3-кесте

МҚҰ-ның кредиттік портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023ж.		01.01.2024ж.		2023ж. өсім, %-бен
	Сомасы, млрд теңге	Үлесі NPL90+, %	Сомасы, млрд теңге	Үлесі NPL90+, %	
1 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер, оның ішінде:	63,3	6,3%	77,1	6,2%	21,8%
- заңды тұлғалардың	0,9	3,1%	1,3	4,1%	42,1%
- жеке тұлғалардың	62,4	6,4%	75,9	6,3%	21,5%
2 ХҚЕС бойынша провизиялар, оның ішінде:	162,3	-	204,7	-	26,1%
- 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер бойынша	56,8	-	57,8	-	1,6%

Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе:

1) 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер негізгі борыш сомасы бойынша келтірілген;

2) Кесте 01.01.2024ж. есепті күнге жаңартылған деректер ескеріле отырып, микроқаржы ұйымдарының реттеушілік есептілігі негізінде жасалған

Мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын МҚҰ микрокредиттерін провизиялармен өтеу деңгейі 74,9%-ды құрады (01.01.2023 жылы – 89,8%).

МҚҰ-ның міндеттемелері. 2023 жылы МҚҰ-ның міндеттемелері 25,1%-ға (197 млрд теңгеге) 984,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұл көрсеткіштің өсуі негізінен тартылған қарыздардың 9,2%-ға 707,5 млрд теңгеге дейін ұлғаюы нәтижесінде орын алды, олардың қорландыру көздеріндегі үлесі 71,9%-ды құрайды.

МҚҰ-ның меншікті капиталы. 2023 жылы МҚҰ меншікті капиталы негізгі қызметтен түскен пайда есебінен 29,5%-ға 403,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

1.4.2 Кредиттік серіктестіктердің қызметі

Кредиттік серіктестіктердің активтері. 2023 жылы кредиттік серіктестіктердің активтері 17,6%-дан 889,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл микроқаржы секторының жиынтық активтерінің 34,3%-ын құрайды (1.4.1-сурет). Кредиттік серіктестіктердің жиынтық активтеріндегі микрокредиттердің үлесі 94,4%-ды құрады.

2023 жылы **кредиттік серіктестіктердің** кредиттік портфелі 4,5%-ға 952,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл сектор бойынша жиынтық микрокредиттердің 39,9%-ын құрайды. Бұл ретте микрокредиттер портфелінің 70,1%-ы 15 ірі кредиттік серіктестіктерге тиесілі.

Кредиттік серіктестіктердің заңды тұлғаларға берген микрокредиттері 2023 жылы 3,3%-ға 726,0 млрд теңгеге дейін (1.4.2.1-кесте), дара кәсіпкерлерге берген микрокредиттері – 48,8%-ға 186,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Кредиттік серіктестіктердің жеке тұлғаларға берген микрокредиттері 51,6%-ға 40,5 млрд теңгеге дейін азайды, бұл берілген микрокредиттерді дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер санатына қайта жіктеумен байланысты.

Нәтижесінде кредиттік серіктестіктердің несие портфелінің құрылымында 76,2%-ды заңды тұлғаларға, 19,5%-ды дара кәсіпкерлерге, 4,3%-ды жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер құрады.

1.4.2.1-кесте

Кредиттік серіктестіктер субъектілері бойынша микрокредиттер құрылымы

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023ж.		01.01.2024ж.		2023ж. өсім, %-бен
	Сомасы, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	Сомасы, млрд теңге	жиынтыққа %-бен	
1 Микрокредиттер, барлығы	911,5	100,0%	952,7	100,0%	4,5%
2 Заңды тұлғалардың микрокредиттері	702,7	77,1%	726,0	76,2%	3,3%
3 Дара кәсіпкерлерге берілген микрокредиттер	125,1	13,7%	186,2	19,5%	48,8%
4 ДК-ні қоспағанда, жеке тұлғаларға берілген микрокредиттер	83,6	9,2%	40,5	4,3%	-51,6%

Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе: микрокредиттер негізгі борыш сомасы бойынша келтірілген

Кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелінің сапасы. 2023 жылы кредиттік серіктестіктердің несие портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер деңгейі 0,9%-дан 1%-ға дейін немесе 9,3 млрд теңгеге дейін аздап өсті (1.4.2.2-кесте).

Кредиттік серіктестіктердің 90 күннен астам төлем мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттерін провизиялармен өтеу деңгейі 13,8%-ды құрады (01.01.2023 жылы – 17,3%). Кредиттік серіктестіктер берешегін резервтеудің жоғары емес деңгейі оларда кредиттік тәуекелдерінің тарихи жоғары емес

деңгейде болуымен түсіндіріледі және шығындары серіктестіктің барлық қатысушысы арасында бөлінеді.

1.4.2.2-кесте

КС кредит портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023ж.		01.01.2024ж.		2023ж. өсім, %-бен
	Сомасы, млрд теңге	NPL90+ үлесі, %	Сомасы, млрд теңге	NPL90+ үлесі, %	
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	7,9	0,9%	9,3	1,0%	18,4%
1 микрокредиттер, оның ішінде:	2,4	0,3%	0,8	0,1%	-66,8%
- заңды тұлғалар	5,5	2,6%	8,6	3,8%	54,7%
- жеке тұлғалар					
2 ХҚЕС бойынша провизиялар, оның ішінде:	4,4	-	9,5	-	116,1%
- 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер бойынша	1,4	-	1,3	-	-5,3%

Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе:

1) 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер негізгі борыш сомасы бойынша келтірілген;

2) Кредиттік серіктестіктердің реттеушілік есептілігінің деректері 01.01.2024ж. жаңартылған деректер ескеріле отырып берілген

Кредиттік серіктестіктердің міндеттемелері. 2023 жылы КС-ның міндеттемелері тартылған қарыздардың 6,1%-ға 575,0 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен 6,7%-ға (39,7 млрд теңге) 628,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Кредиттік серіктестіктердің меншікті капиталы. 2023 жылы кредиттік серіктестіктердің меншікті капиталы бөлінбеген таза пайда есебінен 55,7%-ға 261,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

1.4.3 Ломбардтардың қызметі

Ломбардтардың активтері. 2023 жылы ломбардтардың активтері 25,1%-ға 315,6 млрд теңгеге дейін өсті, бұл микроқаржы секторының жиынтық активтерінің 12,2%-ын құрайды (1.4.1-сурет). Ломбардтардың жиынтық активтерінің 65,3%-ын берілген микрокредиттер құрайды.

Ломбардтардың жеке тұлғаларға берілген қарыздардан ғана тұратын кредиттік портфелі 2023 жылы 23,3%-ға 200 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл сектор бойынша жиынтық микрокредиттердің 8,4%-ын құрайды. Бұл ретте микрокредиттер портфелінің 70,9%-ы 15 ірі ломбардқа тиесілі.

Ломбардтардың кредиттік портфелінің сапасы. Кредиттік портфельдің сапасы тұрақты болып қалды. 2023 жылы 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттердің үлесі ломбардтардың несие портфелінде 3,6%-дан 3,5%-ға немесе 7,1 млрд теңгеге дейін төмендеді. Ломбардтардың 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттерін провизиялармен өтеу деңгейі 6,8%-ды құрады (01.01.2023 жылы – 9,4%). Ломбардтардағы берешекті резервтеудің төмен деңгейі берешектің 100% кепілмен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Ломбардтардың міндеттемелері. 2023 жылы ломбардтардың міндеттемелері негізінен кредиторлық берешектің 41,9%-ға 16,2 млрд теңгеге дейін өсуі нәтижесінде 14,7%-ға (16,6 млрд теңге) 129,1 млрд теңгеге дейін

ұлғайды.

Ломбардтардың меншікті капиталы. 2023 жылы ломбардтардың меншікті капиталы 33,4%-ға (46,7 млрд теңге) 186,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

1.5 Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар 2 ипотекалық ұйымнан («Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ, «Экспресс Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ) және 3 банктік емес ұйымнан (Ұлттық пошта операторы және АӨК саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің 2 еншілес ұйымы: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ) тұрады.

1.5.1-кесте

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар секторының құрылымы


Сектор құрылымы	01.01.2023ж.	01.01.2024ж.
Ипотекалық ұйымдардың саны, оның ішінде:	2	2
- капиталына мемлекет 100% қатысатын ипотекалық ұйым	1	1
Басқа банктік емес ұйымдардың саны, оның ішінде:	3	3
- агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг жалғыз акционері болып табылатын ұйымдар	2	2
- Ұлттық пошта операторы	1	1

Дереккөзі: Ұлттық Банк

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттемелері. 2023 жылы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері 4,2%-ға (138,1 млрд теңге) 3 437,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды (1.5.1-сурет).

1.5.1-сурет

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар активтерінің серпіні



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ипотекалық ұйымдардың активтері 1,9%-ға 1 478 млрд теңгеге дейін өсті, бұл сектордың жиынтық активтерінің 43%-ын құрайды. Ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымында айтарлықтай үлес 55,3%-ды (817,0 млрд теңге) бағалы қағаздар құрайды, бұл ретте клиенттерге берілетін қарыздар тек 32,9%-ды (486,6

млрд теңге) құрайды.

2023 жылы ипотекалық ұйымдардың несие портфелі 4,0%-ға 535 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Кредиттік портфельдің жоғары сапасы байқалады – 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 0,8%-ды немесе 4,4 млрд теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдардың активтері 6,0%-ға (110,9 млрд теңге) 1 959,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Активтердің өсуі ұсынылған қаржылық жалдауға (13%-ға), сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың капиталына салынған инвестицияларға және реттелген қарызға (14%-ға) байланысты.

Активтер құрылымында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар 40,8%-ды (799,6 млрд теңге), қаржылық жалдау – 23,4%-ды (458,7 млрд теңге), ақшалай қаражат және ақша қаражатының баламалары 5,1%-ды (99,2 млрд теңге) құрайды.

Банктік емес ұйымдардың несие портфелі 7,8%-ға 1 526 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 7,2%-ды немесе 109,9 млрд теңгені құрады.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттемелері. 2023 жылы ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері 2,5%-ға 1 236,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында негізгі үлесті алынған қарыздар (31,0%) және айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (63,4%) алады.

Банктік емес ұйымдардың міндеттемелері негізінен алынған қарыздардың 45,4 млрд теңгеге ұлғаюы есебінен 2023 жылы 4,0%-ға 1 267,5 млрд теңгеге дейін өсті. Банктік емес ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымында алынған қарыздар (43,9%) және айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (31,4%) басымдыққа ие.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың капиталы. 2023 жылы ипотекалық ұйымдардың баланстық капиталы 0,7%-ға (1,6 млрд теңге) 241,9 млрд теңгеге дейін ұлғайды. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың реттеушілік меншікті капиталының мөлшері 246,2 млрд теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдардың баланстық капиталы таза пайданың өсуі есебінен 9,9%-ға (62 млрд теңге) 691,7 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Банктік емес ұйымдардың реттеушілік меншікті капиталы 515,3 млрд теңгені құрады, оның ішінде АӨК саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдары – 482,6 млрд теңге (01.01.2023 жылы – 448,9 млрд теңге), ұлттық пошта операторы – 32,7 млрд теңге (01.01.2023 жылы – 25,1 млрд теңге).

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің тиімділігі. 2023 жылы ипотекалық ұйымдар 37,5 млрд теңге сомаға таза пайда алды, бұл қайта бағалаудан және өзге де кірістерден түсетін кірістердің төмендеуі нәтижесінде 2022 жылмен салыстырғанда 16,2%-ға аз. Бұл ретте банктік емес ұйымдардың таза пайдасы 77%-ды құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2 есе жоғары.

2-тарау. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және қаржы секторының әлеуетін кеңейту

2023 жылы Агенттік Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын, Мемлекет басшысының қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және оның Қазақстан экономикасын дамытуға жәрдемдесудегі және оның азаматтарының әл-ауқатын арттырудағы рөлін арттыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру шеңберінде жұмыс жүргізді.

2023 жылы қаржы нарығындағы маңызды оқиға ХВҚ мен Дүниежүзілік банктің Қаржы секторын бағалау бағдарламасын жүргізуі болды, оның қорытындысы бойынша банк секторының орнықтылығы расталды және тәуекелге бағдарланған қадағалауды дамытуда прогресс атап өтілді, сондай-ақ қаржылық қауіпсіздік желісін күшейту, қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі маңызды бағыттар айқындалды.

2.1 Қаржы секторын бағалау бағдарламасының (FSAP) қорытындылары

2023 жылы ХВҚ Дүниежүзілік Банкпен бірлесіп Қазақстан Республикасының Қаржы секторын бағалау бағдарламасын (Financial Sector Assessment Program, FSAP) өткізді. Алдыңғы FSAP бағдарламасы 2014 жылы өтті. Агенттік FSAP бағдарламасының ұлттық үйлестірушісі болды және Ұлттық Банкпен, Үкіметпен, ұлттық даму институттарымен және қаржы қоғамдастығымен өзара іс-қимыл жасай отырып, 3 FSAP миссиясын өткізуді қамтамасыз етті.

FSAP шеңберінде макроқаржылық тұрақтылық үшін негізгі тәуекелдері бағалау, банктік реттеу мен қадағалаудың Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің (БҚБК) стандарттарына сәйкестігі бағаланды, сондай-ақ қаржылық қауіпсіздік жүйесінің (Financial Safety Net) және макропруденциялық саясаттың негізгі элементтері талданды.

Миссия сондай-ақ қаржылық делдалдық, қаржы жүйесіндегі бәсекелестік және капитал нарығын дамыту сияқты қаржылық дамуға байланысты мәселелерді қарады, климат пен тұтынушылық кредиттеуге байланысты тәуекелдерді, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін бағалауды жүргізді, криптоактивтерді реттеуді және «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) қызметін бағалады.

Банктік қадағалаудың Базель стандарттарына сәйкес келуін бағалау. FSAP бағдарламасының маңызды бөлігі банктік реттеу мен қадағалаудың Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің тиімді банктік қадағалаудың негізгі қағидаттарына сәйкес келуін бағалау болып табылады.

ХВҚ мен Дүниежүзілік Банктің сарапшылары SREP әдіснамасы бойынша тәуекелге бағдарланған қадағалауды, активтердің сапасын тұрақты бағалауды (AQR) және қадағалап стресс-тестілеуді енгізуді қоса алғанда, 2014 жылы FSAP бағдарламасын өткізгеннен кейін Қазақстанда тәуекелге бағдарланған

қадағалауды дамытудағы елеулі прогресті атап өтті, бұл қадағалап бағалау процесін толықтыратын жыл сайынғы іс-шараларға айналды.

Бағалау қорытындылары Қазақстандағы банктік реттеу мен қадағалау 29 қағидаттың 22-сіне толық немесе елеулі түрде сәйкес келетінін, 7 қағидатқа ішінара сәйкес келетінін көрсетті. Сәйкессіздіктер анықталған жоқ.

Сарапшылар SREP, AQR және қадағалап стресс-тестілеу шеңберінде анықталған тәуекелдерді ескеретін шоғырландырылған қадағалау мен банк капиталына жеке қадағалау үстемесін енгізуді аяқтау, байланысқан тараптармен мәмілелерді бақылауды одан әрі күшейту, сондай-ақ 9 ХҚЕС бойынша 3-сатыдағы кредиттерді және өндіріп алынатын активтерді қоса отырып, жұмыс істемейтін қарыздарды айқындауды кеңейту бойынша ұсынымдар берді.

Қаржылық тұрақтылықты бағалау және қаржылық қауіпсіздік желісінің негізгі элементтері. FSAP бағалау нәтижелері банк секторының орнықтылығын және күйзеліс сценарийлерін іске асырған кезде де капиталдың жиынтық жеткіліктілік коэффициенттерінің жоғары деңгейде сақталуын растады. ХВҚ сарапшылары жүргізген стресс-тестілеу қорытындылары бойынша стрестік сценарийлер кезінде капиталдың жиынтық жеткіліктілігі 2024 жылдың соңына қарай 17,9%-дан 13%-ға дейін төмендейді, әрі қарай 2025 жылдың соңында 18,2%-ға дейін қалпына келеді, бұл нормативтік талаптардан едәуір жоғары.

FSAP шеңберінде төлемге қабілетсіз банктерді реттеудің жаңа режимін енгізуді қоса алғанда, қаржылық қауіпсіздік желісін реформалау және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша маңызды ұсынымдар берілді. Төлемге қабілетсіз банктерді реттеу режимін нығайту үшін Миссия заңнамалық деңгейде төлемге қабілетсіз банктерді реттеу кезінде мемлекеттік қаражатты пайдалану талаптарын қатаңдату, Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Агенттіктің рөлін айқындай отырып, мемлекеттің реттеуге қатысу тетіктерін нақтылауды ұсынды. Мемлекеттің қатысуын барынша азайту және реттеудің нарықтық тетіктерін дамыту үшін банктерге TLAC (Total loss absorbing capacity) халықаралық талаптарын кезең-кезеңімен енгізу қажет. FSAP сарапшылары қаржы дағдарыстарына дайын болу үшін Ұлттық Банктің, Агенттіктің және Үкіметтің ішкі және ведомствоаралық іс-қимыл жоспарларының жалпы архитектурасын әзірлеуді ұсынды.

Жүйелік тәуекелдер. Миссия тұтынушылық кредиттеу сегментінде тәуекелдерді азайту үшін Агенттік қабылдаған шараларды атап өтті және қосымша тұтынушылық қарыздың ең жоғары сомасына шектеулер енгізу, кіріс деңгейіне қарамастан барлық қарыздарға және барлық қарыз алушыларға БЖК (борыш жүктемесінің коэффициенті) есептеу жөніндегі талаптарды қолдануды ұсынды.

Климаттық тәуекелдерді бағалау шеңберінде сарапшылар Қазақстан экономикасы, әсіресе оның көміртегі шығарындылары жоғары белсенді секторлары климаттық өзгерістерді бәсеңдетудің жаһандық стратегияларын қолдану кезінде елеулі сын-тегеуріндердің алдында тұрғанын атап өтті. Бұл ЖІӨ құрылымындағы көміртегі өндірісінің 20% және салық түсімдеріндегі мұнай

секторының 40% үлесін ескере отырып қаржы секторына әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, FSAP шеңберінде банк секторын стресс-тестілеу шеңберінде климаттық тәуекелдерді ескеру ұсынылды.

Қаржы секторын дамыту жөніндегі өзге де бағыттар. FSAP шеңберінде қаржы нарығына қатысушылар бәсекеге түсе алмайтын жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша экономиканы тікелей қаржыландыруда мемлекеттің жоғары рөлі атап өтілді.

Нарықтық бұрмалануларды жою және бәсекелестікті арттыру үшін FSAP миссиясы даму институттары арқылы экономиканы тікелей қаржыландырудан нарықтың маңызды сегменттеріндегі (ипотека, лизинг, АӨК саласындағы кредиттеу, ірі бизнеске кредит беру) жеке қаржы ұйымдары арқылы қаржыландыруға баса назар аударуды қамтамасыз етуді ұсынды.

Мемлекеттік қолдау бағдарламалары ШОБ-ты қаржыландыру үшін маңызды рөл атқарады, бірақ нарықтық жағдайларда жобалардың өзін-өзі ақтауына қол жеткізгеннен кейін олардан шығудың нақты өлшемшарттарын енгізу, қолдау шараларының тиімділігін бағалау жүйелерін күшейту, сондай-ақ мемлекеттік қолдауды ішінара кредиттік кепілдік сияқты тәуекелдерді бөлу тетіктерін неғұрлым кеңірек пайдалануға шоғырландыру ұсынылды.

АХҚО мәселелері және оның капиталдың ішкі нарығына әсері бойынша уәкілетті органдар арасындағы реттеу аясын ажырату, функциялардың қайталануын және реттеуші төрелікті болдырмау жөнінде ұсынымдар ұсынылды.

FSAP шеңберіндегі ұсынымдар сонымен қатар тұтынушылармен жұмыс істеудің этикалық стандарттарын енгізу және ақпаратты жария ету, тұтынушылардың жеке деректерін қорғау, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғау бойынша тәуекелге бағытталған қадағалауды енгізу арқылы қаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғау тетігін күшейту шараларын қамтиды.

FSAP ұсынымдарын іске асыру. FSAP қорытындылары бойынша ұсынымдар Ұлттық Банк пен Үкіметтің құзыретіне де әсер ететінін ескере отырып, Агенттік 2023 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылық кеңесі бекіткен FSAP ұсынымдарын іске асыру жөніндегі Жол картасын әзірледі.

Жалпы, FSAP қорытындылары бойынша берілген ұсынымдар Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын орындау шеңберінде іске асырылатын Агенттіктің негізгі реформаларына сәйкес келді.

Атап айтқанда, Агенттік 2023 жылғы желтоқсанда SREP, тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеу (ҚСТ) қорытындылары бойынша банктердің капиталына қадағалау үстемесін енгізді, сондай-ақ жүйелік емес банктер бойынша капиталды консервациялау буферін 2,0%-дан 2,5%-ға дейін ұлғайтты.

Бұдан басқа, 2023 жылы Агенттік шоғырландырылған қадағалауды енгізуді, оның ішінде капитал бойынша пруденциялық нормативтерді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, комплаенс бақылау және корпоративтік басқару

жүйелеріне қойылатын талаптарды шоғырландырылған деңгейде енгізуді көздейтін НҚА жобасын әзірледі.

2023 жылы FSAP ұсыныстарын ескере отырып, Агенттік ХВҚ-ның техникалық көмегі аясында Төлемге қабілетсіз банктерді реттеу туралы заң жобасын әзірлеуге кірісті.

Тұтынушылық кредит беру тәуекелдерін төмендету бөлігінде ХВҚ ұсынымдары қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін бағалау (БЖК есептеу) тәсілдерін қатаңдату шеңберінде, сондай-ақ 2023 жылы Мәжілістің қарауына енгізілген борыш жүктемесінің өсуін шектеу жөніндегі Агенттіктің заңнамалық бастамалары (ЖТСМ мөлшерін шектеу, тұтынушылық кредит сомасын шектеу, банк омбудсманының рөлін күшейту және т.б.) шеңберінде іске асырылды.

2.2 Банк секторы

2.2.1 Тәуекелге бағдарланған қадағалау: SREP, тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеу

2023 жылы Агенттік қадағалау процесінің кешенді моделін іске асыру және дамыту арқылы қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету және банк секторына деген сенімді арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырды. Агенттік SREP қадағалау моделі, активтердің сапасын тұрақты бағалау (AQR) және қадағалап стресс-тестілеу (ҚСТ) сияқты негізгі құрауыштарға негізделген банк секторында жыл сайынғы тәуекелге бағдарланған қадағалау рәсімдерін жүргізді.

Банктерді жыл сайынғы қадағалап бағалау (SREP). 2023 жылы Агенттік SREP жүйесі бойынша банктердің тәуекелдерін жыл сайынғы қадағалап бағалаудың кезекті циклін өткізді, ол төрт негізгі бағыт бойынша ақпаратты сандық және сапалық талдау арқылы жүзеге асырылады: 1) бизнес-модельді бағалау; 2) капитал тәуекелдері; 3) өтімділік тәуекелі; 4) банкке «1»-ден бастап (төмен тәуекел) «4»-ке дейін (жоғары тәуекел) соңғы рейтингті бере отырып, корпоративтік басқару жүйесі.

SREP бағалау қорытындысы бойынша 9 банк «тәуекелдері төмен», 6 банк «тәуекелдері қалыпты төмен», 4 банк «тәуекелдері қалыпты жоғары» және 2 банк «тәуекелдері жоғары» санатқа жатқызылды. Берілген тәуекел деңгейлеріне байланысты банктерге қатысты қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шаралары, сондай-ақ анықталған тәуекелдер мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын талап ете отырып, қаржылық жағдайды жақсарту және тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралар қолданылды.

Тәуекелге бағдарланған тәсілге толыққанды көшкен сәттен бастап банктер тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесі бөлігіндегі негізгі бизнес-процестерді жетілдірді, ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржы активтерін жіктеу бойынша процестерді пысықтады, кепілмен қамтамасыз ету объектілерінің құнын айқындау рәсімдері жетілдірілді, сондай-ақ бизнес-процестердегі операцияларды автоматтандыру деңгейін едәуір арттырды. Бұл

банктердің ең төмен реттеушілік талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етіп қана қоймай, тәуекелдерді неғұрлым сапалы басқаруға көшу үшін негіз қалауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қадағалау процесі шеңберінде тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде одан әрі жақсартуды талап ететін мынадай салалар айқындалды: капиталға қойылатын реттеушілік талаптарға қосымша банктердің барлық тәуекелдерін өтеу үшін ішкі капиталды айқындау, капиталдың жеткіліктілігі мен өтімділігін бағалаудың ішкі процесін өздігінен бағалау; корпоративтік басқару жүйесі; стратегиялық және бюджеттік жоспарлау; кредиттік тәуекелді басқару; ішкі бақылау жүйесі.

Жетілдірілген SREP әдіснамасы. Агенттік 2023 жылы RAS (Risk Assessment System) сапалық және сандық көрсеткіштерін, сондай-ақ банктердің тәуекелдерін бағалау тәсілдерін қайта қарау арқылы SREP әдіснамасын кешенді түрде жетілдірді.

Мәселен, 227 сапалық сұрақтан, оның ішінде 774 кіші сұрақ және 2 059 өлшемшарттан тұратын көп деңгейлі құрылыммен сипатталатын сапалық талдауды орындау стратегиясы өзгертілді.

Қолданыстағы сандық көрсеткіштер жаңартылды және 3 жаңа сандық көрсеткішпен толықтырылды, бұл банктерді 33 сандық көрсеткіш бойынша бағалауға мүмкіндік береді.

Бұл ретте SREP жаңартылған әдіснамасындағы негізгі өзгеріс басты назарды ішкі ережелер мен нормативтік құжаттардың жай ғана болуын тексеруден тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінде іске асырылған процестердің барабарлығы мен нәтижелілігін бағалауға ауыстыру болып табылады.

Тұрақты AQR. Тұрақты AQR-дың мақсаты кредиттік тәуекел деңгейін және ықтимал шығындарды өтеу үшін банк резервтерінің жеткіліктілігін бағалау болып табылады. 2023 жылы 11 банк тұрақты AQR аясына енгізілді, олардың активтері мен несие портфелі сәйкесінше жыл басындағы банк секторы активтерінің 84%-ын және банк секторының несие портфелінің 85%-ын құрады.

2023 жылы берешектің бағаланған мөлшері 20,9 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылғы AQR аясымен салыстырғанда 37,1%-ға артық. Бұл ретте 37,5% немесе 7 825 млрд теңге жеке негізде бағаланды. Жеке бағалау аясына 1 677 қарыз алушы, сондай-ақ ARES рейтингтік моделі мен скорингтік моделі арқылы бағаланған 657 қоса қарыз алушы мен кепілгер кірді. Барлық жеке қарыз алушыларды кепілмен қамтамасыз етудің жалпы көлемі 20,8 трлн теңге сомаға 33 мыңға жуық кепілді құрады. Сонымен қатар, жалпы берешегі 13 трлн теңгені құрайтын 24 млн қарыз автоматтандырылған статистикалық модельдің көмегімен ұжымдық негізде бағаланды.

Нәтижесінде, «күнсыздандудың 2-кезеңіндегі кредиттердің» үлесі 2022 жылғы AQR нәтижелерімен (8,1%) салыстырғанда төмендеумен 3,8% мөлшерінде бағаланды. «3-кезеңдегі» кредиттер үлесінің бағасы алдыңғы AQR-мен (14,8%) салыстырғанда 1,3 п.т-ға төмендеді және 13,5% мөлшерінде

бағаланды, бұл екінші деңгейдегі банктердің несие портфельдері сапасының жақсарғанын көрсетеді.

Проблемалық қарыздардың ең көп үлесі шағын бизнеске (27%), орта бизнеске (22%) берілген қарыздар портфелінде және жылжымайтын мүлікті салуға немесе сатып алуға берілген корпоративтік қарыздар портфелі бойынша (17%) байқалады.

AQR шеңберінде әлеуетті кредиттік шығындарды өтеуге арналған провизиялардың қажетті мөлшері және әрбір банктің капиталының жеткіліктілік деңгейі айқындалды. Азық-түлікпен қамтудың қажетті деңгейі 10,1% мөлшерінде бағаланды, бұл шамамен 2022 жылдың нәтижелеріне сәйкес келеді. 11 банк бойынша капитал жеткіліктілігінің жиынтық деңгейі 16,7%-дан 15,1%-ға дейін төмендеді, соған қарамастан бұл нормативтік пруденциялық мәннен айтарлықтай жоғары болып қала береді.

2023 жылғы тұрақты AQR-дың ерекшелігі кепілмен қамтамасыз ету бойынша өтімділік коэффициенттерін егжей-тегжейлі есептеу, сондай-ақ қарыздардың ауысуының жылдық матрицалардан тоқсандық матрицаларға көшуі болды, бұл қарыздардың дефолтқа ұшырау ықтималдығын есептеудің дәлдігін арттыруға мүмкіндік берді.

2023 жылғы тұрақты AQR-дың егжей-тегжейлі нәтижелері Агенттіктің сайтында жарияланды. Сонымен қатар, Агенттік 2023 жылғы тұрақты AQR деректері негізінде қарыз алушы-жеке тұлғалар іс-әрекетінің сипатын ашып көрсететін демографиялық талдау жүргізді және жариялады.

2023 жылы Агенттік банк секторы мен аудиторлық ұйымдар үшін тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеуге арналған екінші жыл сайынғы конференция өткізді, онда банктік тәуекелдерді бағалаудың озық тәсілдері қамтылды.

Қадағалап стресс-тестілеу. Күйзеліс сценарийлерін іске асыру жағдайында екінші деңгейдегі банктердің қаржылық орнықтылығын бағалау мақсатында Агенттік 2023 жылы кезекті жыл сайынғы ҚСТ өткізді.

ҚСТ нәтижесі банктер капиталының жеткіліктілігін бағалау, сондай-ақ базалық және стрестік сценарийлердің алғышарттарына байланысты банктердің тәуекел бейінін анықтау болып табылады. ҚСТ сценарийлерін Агенттік Ұлттық Банкпен бірлесіп макроэкономикалық ахуалдың, жаһандық тәуекелдердің, сондай-ақ қолданыстағы нарықтық конъюнктураның өзгеруін ескере отырып, жыл сайынғы негізде әзірлейді. Ол үшін ықтимал тәуекелдер анықталады және макроэкономикалық жағдайдың дамуының алғышарттары қалыптасады. Банктерге базалық және стрестік сценарийлерде 3 жылдық болжамды шегі бар 59 макропараметрдің тоқсан сайынғы болжамы беріледі.

2023 жылғы ҚСТ аясы AQR аясы бойынша банк секторы активтерінің 84% үлесімен 11 банкке дейін кеңейтілді. Банктердің кредиттік және нарықтық (оның ішінде валюталық) тәуекелдерін, сондай-ақ пайыздық және пайыздық емес кірістердің серпінін бағалау жүргізілді. Жиынтықта стрестік сценарийді іске асырудағы негізгі әсер кредиттік тәуекел және ішінара нарықтық тәуекел

жағдайында байқалады. Бұл ретте банктердің таза пайыздық/пайыздық емес кірістері болжамды шекте әсердің бір бөлігін нивелирлеуге мүмкіндік береді.

Сценарийлерді әзірлеу кезінде 2023 жылы ұлттық және жаһандық экономикалар үшін негізгі тәуекелдерді бір мезгілде іске асыру ескерілді: геосаяси шиеленістің өршу қаупі, тұтыну бағалары мен пайыздық мөлшерлемелердің жоғарылауына байланысты қатаң баға мен қаржылық жағдайларды сақтау тәуекелі, мұнай өндіру мен экспорттың төмендеу тәуекелі және басқалар.

2023 жылғы ҚСТ қорытындысы бойынша стрестік сценарийде банктер капиталының жеткіліктілігі (k1) 15,1%-дан 13,9%-ға дейін төмендеді, бұл кейіннен макроэкономикалық ахуалды қалпына келтіре отырып, 2024 жылдың ортасында күйзелістердің негізгі кезеңін іске асыру бөлігінде стрестік сценарийдің алғышарттарына сәйкес келеді.

ҚСТ нәтижелері бойынша барлық қатысушы банктерге ҚСТ жүргізудің ішкі процестері мен рәсімдерін жақсарту, сондай-ақ стрестік сценарийде тәуекелдерді азайту жөнінде ұсынымдар берілді. Банктерді қадағалау процесінің айқындылығы мен ашықтығын арттыру үшін ҚСТ нәтижелері 2024 жылғы ақпанда өткен брифинг барысында БАҚ өкілдеріне ұсынылды.

Қадағалау үстемесі. Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің 2-құрауышының қағидаттарына сәйкес банктер өздерінің тәуекелдерін, оның ішінде ең төменгі капитал талаптары шеңберінде ескерілмеген тәуекелдерді өтеу үшін жеткілікті капитал деңгейіне ие болуы керек.

Қадағалау үстемесі Агенттік белгілеген және ең төменгі капитал талаптары шеңберінде есепке алынбаған немесе ішінара есепке алынған тәуекелдерді қадағалап бағалауды көрсететін банк капиталына қосымша буфер болып табылады.

SREP бағалау, AQR және қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша капиталға қадағалау үстемесін енгізу тәуекелге бағдарланған қадағалаудың кешенді моделінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Тәуекелге бағдарланған қадағалауды дамыту шеңберінде 2023 жылы Агенттік SREP қадағалау процесіне AQR құралдарын және қадағалап стресс-тестілеуді біріктіруді көздейтін қадағалау үстемесінің ішкі әдіснамасын әзірледі және бекітті.

Атап айтқанда, Агенттік Басқармасының № 97¹⁸ қаулысында:

- SREP және тұрақты AQR нәтижелері бойынша қадағалау үстемесінің, сондай-ақ қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша буфердің тұжырымдамасын, диапазондарын, белгілеу мерзімдерін және қолданылуын енгізу;

- капитал құрылымында SREP, тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша қадағалау үстемесін бөлу көзделеді.

Қадағалау үстемесі банктің жеке тәуекел-бейінін көрсететін міндетті пруденциялық норматив ретінде белгіленді.

¹⁸ «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 97 қаулысы

Қадағалау үстемесінің мынадай түрлері анықталды:

1) тәуекелдерді ескере отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0-ден 6%-на дейін диапазоны бар тұрақты AQR аясына енген банктер үшін SREP және тұрақты AQR нәтижелері бойынша үстемеақы;

2) тәуекелдерді ескере отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0-ден 3%-на дейін диапазоны бар тұрақты AQR аясына кірмеген банктер үшін SREP нәтижелері бойынша үстемеақы.

Қадағалау үстемесі алғаш рет 2024 жылғы қадағалап бағалау қорытындысы бойынша банктер үшін жеке қолданылатын болады. Қадағалау үстемесі бойынша талаптарды сақтамау қадағалап ден қою шараларын қолдануға әкеп соғады.

Қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша буфер диапазоны тәуекелдерді ескере отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0-ден 3 %-на дейін құрайды.

2.2.2 Банктердің стрестік активтерін азайту жөніндегі жүйелік шаралар

Нарықтық тетіктердегі стрестік активтер нарығының дамуы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бұған банктер тарапынан жұмыс істемейтін активтердің көлемін қысқарту жөніндегі шаралар, сондай-ақ нарыққа қатысушыларды шаралар қабылдауға ынталандыратын тиісті заңнамалық және институционалдық тетіктер құру кіреді. 2023 жылы Агенттік банк жүйесі бойынша стрестік активтер деңгейін төмендету және стрестік активтер нарығын реформалау жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Стрестік активтерді қысқарту бойынша жеке жоспарларды орындау нәтижелері. Банк секторының стрестік активтерінің деңгейін қысқарту үшін 2020 жылдың соңында бекітілген және банктердің проблемалық активтерінің деңгейін 2,3 трлн теңгеге азайту бойынша іс-шаралар жүргізуді көздейтін жұмыс істемейтін активтердің деңгейін төмендету жөніндегі жеке жоспарлардың орындалуын мониторингтеу жүзеге асырылады (жаңартуды ескере отырып).

Іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерге сәйкес, 2024 жылғы 1 қаңтарда банктер қарыздарды есептен шығару және кешіру, қарыздарды өтеу және үшінші тұлғаларға сату, банктер мен олардың стрестік активтерді басқаруды жүзеге асыратын еншілес ұйымдарының (САБҰ) балансынан кепілдер мен мүлікті сату, қарыздардың сапасын жақсарту және оларды өтеу түрінде 1,3 трлн теңге сомасындағы активтер бойынша іс-шаралар өткізді.

Аталған жоспарларды орындау нәтижесінде банктер жалпы сомасы 621 млрд теңге жұмыс істемейтін активтерді экономикалық айналымға қайтарды, оның ішінде 153 млрд теңге сомаға тұрғын үй жылжымайтын мүлігін, 59 млрд теңге сомаға өндірістік объектілерді қоса алғанда, 273 млрд теңге сомаға коммерциялық жылжымайтын мүлікті, 161 млрд теңге сомаға жер учаскелерін, сондай-ақ 34 млрд теңге сомаға өзге де мүлікті енгізді.

Стрестік активтер нарығының инфрақұрылымын дамыту. 2023 жылы Агенттік стрестік активтер нарығын дамыту бойынша реттеушілік-құқықтық реформалар жүргізу жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Стрестік активтерді сатып алу және сату бойынша қолданыстағы инфрақұрылымға талдау жүргізу және оның даму әлеуетін зерттеу мақсатында 2023 жылы KPMG және Dentons консультанттарын тарта отырып, ЕҚДБ Техникалық көмек жобасының үшінші кезеңі өткізілді. Қазақстанның стрестік активтері нарығына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша Қазақстанда стрестік активтерді сату бойынша электрондық платформа құру жөніндегі әдіснамалық нұсқаулық дайындалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Агенттік 2023 жылы әдіснамалық нұсқау негізінде стрестік активтерді сату және сатып алу бойынша цифрлық платформалар құруды, сондай-ақ цифрлық платформалар операторларының қызметін аккредиттеу және қадағалау жөніндегі орталықтандырылған тетік құру жолымен стрестік активтерді сатып алу-сату бойынша әділ және ашық сауда-саттық жүргізу үшін реттелетін инфрақұрылым құруды көздейтін заңнамалық түзетулер әзірлеп, Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізді. Осы заңнамалық түзетулер шеңберінде банктер мен микроқаржы ұйымдарының стрестік активтерді Агенттік аккредиттеген цифрлық платформада сауда-саттық жүргізу арқылы өткізу міндеті көзделген.

2023 жылғы наурызда нарықтың тартымдылығын арттыру және шетелдік инвесторларды тарту үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексіне бейрезидент-сатып алушыларға қолданылатын салықтың жаңа тәртібін резидент-сатып алушыларға қолдануды көздейтін өзгерістер енгізілді.

2.2.3 AQR қорытындысы бойынша түзету шаралары жоспарларының орындалу нәтижелері

2023 жылы банктер 2019-2020 жылдары өткізілген банк жүйесі активтерінің сапасын тәуелсіз бағалау (AQR) қорытындылары бойынша түзету іс-шараларының жоспарларын орындауды аяқтады. AQR-ға қатысушы банктер 23 мыңнан астам іс-шараны немесе жоспарланған AQR іс-шараларының жалпы санының 100%-ын іске асырды.

Үш жылдық кезеңде өткізілген іс-шаралардың нәтижелері озық әлемдік тәжірибелер мен стандарттарға сәйкес негізгі бизнес-процестердің өзгеруін көрсетеді. Бұл өзгерістерге мыналар жатады:

- жеке және ұжымдық қарыздар бойынша провизияларды есептеу дәлдігін арттыруды қоса алғанда, кредиттік тәуекелді бағалау процесін жақсарту, сондай-ақ құнсыздану белгілерін анықтау әдістерін жетілдіру. Бұл мақсатқа қол жеткізу қарыздардың құнсыздануы үшін триггерлерді пайдалануды кеңейту және оларды банктің ақпараттық жүйелерінде автоматтандыру есебінен жүзеге асырылды;

- ықтимал кредиттік шығындарды неғұрлым дәл бағалау және клиенттерді қаржыландыру кезінде тиісті шешімдер қабылдау үшін қарыз алушылардың қаржылық есептілігі деректерінің сапасын бағалау тәсілін жақсарту;

- байланысқан тараптарды қаржыландыру кезінде тәуекелдерді азайту және адамдардың бір тобы ішінде тәуекелдердің шоғырлануын болдырмау үшін қарыз алушылардың байланыстылық өлшемшарттарын айқындау және қолдану жөніндегі ішкі рәсімдерді күшейту;

- кепілдердің нарықтық құнын айқындау кезінде тәуелсіз бағалаушылар есептерінің сапасына қойылатын талаптарды арттыру және есептердің қолданылатын бағалау әдістері мен стандарттарына сәйкес келуін міндетті сараптау рәсімін енгізу;

- тәуекелдерді басқару сапасын жақсарту және негізсіз тәуекелдер мен шешімдер қабылдау ықтималдығын азайту үшін кредиттік тәуекелдерді бағалау құралдарын валидациялауға қойылатын талаптарды енгізу;

- бизнес-жоспарлау, бюджеттеу, даму және баға белгілеу стратегияларын әзірлеу процестерін одан әрі дамыту.

Бұдан басқа, 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-іне сәйкес қаржы активтерін жіктеу, қайта құрылымдауды және мәжбүрлі қайта құрылымдауды есепке алу бойынша процестер жақсартылды. Кредиттік досьеден деректерді банктердің ішкі жүйелеріне көшіру және жаңарту процесі интеграцияланды, кепіл объектісінің аллокирленген құнын есептеу әдістемесі жаңартылды, ішкі құжаттарға бағалау тәсілдерін дұрыс таңдауға және кепіл объектісі бойынша аналогтарды таңдауға қойылатын талаптар тұжырымдалды және енгізілді, тәуекел-метрикаларды валидациялау бойынша әдіснамалар әзірленді, оның ішінде сыртқы консультанттарды тарта отырып, провизиялау модельдерін (тәуекел-метрикаларды) валидациялау жүргізілді.

Банктер сондай-ақ қарыздардың құнсыздану триггерлері мен қайта құрылымдау өлшемшарттарын қайта қарады, резервтерді қалыптастыру әдіснамасына түзетулер енгізді, қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін талдау, қаржылық және реттеушілік есептерді жасау, бөлшек қарыздарды бағалау модельдерін әзірлеу процестерін жаңартты және т.б.

2.2.4 Мемлекет қолдайтын банктердің дивидендтер төлеуін шектеу

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес банк секторын қалпына келтіру мақсатында банктерге бұрын бөлінген мемлекеттік қаражатты мерзімінен бұрын қайтаруды ынталандыру мақсатында №21 қаулы¹⁹ қабылданды, онымен екінші деңгейдегі банктердің қаржылық орнықтылығын

¹⁹ «Қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және (немесе) оны қалпына келтіру үшін мемлекет бюджетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және (немесе) оның еншілес ұйымдарының қаражаты пайдаланылатын екінші деңгейдегі банктің жай және (немесе) артықшылықты акциялар және (немесе) мерзімсіз қаржы құралдары бойынша пайданы бөлу, дивидендтер есептеу, сондай-ақ меншікті акцияларды кері сатып алуды жүргізу талаптарын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 21 қаулысы

қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қаражат пайдаланылған пайданы бөлу талаптары мен дивидендтерді есептеуді шектеу айқындалды.

Мемлекеттік қаражат деп банктің қаржылық орнықтылығын және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Ұлттық Банктің және оның еншілес ұйымдарының қаражатын пайдалана отырып, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы банкке берілген салымдар, облигациялар және қарыздар бойынша банктің міндеттемелері түсініледі.

Осы талаптар балансында мемлекеттік қолдауы бар банк акционерлеріне дивидендтер төлеуді шектейді, атап айтқанда мемлекеттік қолдау есебінен алынған кірісті дивидендтерге бөлуге тыйым салуды көздейді. Банктер мемлекеттік қолдаудан түскен кірістерден тазартылған операциялық пайданы ғана дивидендтерге бөле алады.

Мемлекеттік қаражаттың қайтарылуын ынталандыру мақсатында дивидендтер төлеу кезінде мемлекеттік қолдауды ішінара мерзімінен бұрын қайтарудың міндетті талабы енгізілді. Барлық банктер үшін мемлекеттік қолдауды қайтару мөлшері бойынша бірыңғай тәсіл айқындалды, ол банк капиталындағы мемлекеттік қолдаудың мөлшеріне байланысты қайтаруды көздейді.

Бұдан басқа, дивидендтерді төлеу үшін тәуелсіз аудиторлық ұйымның төленетін дивидендтер мөлшерінің бекітілген талаптарға сәйкестігін растау бойынша міндетті талап енгізілді.

Көрсетілген шаралар 362,9 млрд теңге мөлшерде мемлекеттік қолдауды ішінара мерзімінен бұрын қайтаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, оның ішінде 2023 жылы – 81,3 млрд теңге, 2024 жылдың басынан бастап – 281,6 млрд теңге²⁰.

2.2.5 Нақты секторға кредит беруді кеңейту

2023 жылы Агенттік Ұлттық Банкпен және Үкіметпен бірлесіп бірқатар жүйелік шараларды іске асыру арқылы экономиканың нақты секторын кредиттеуді кеңейтуге бағытталған жұмысты жалғастырды.

Пруденциялық шаралар. Қаржылық тұрақтылықты қолдау және нақты секторды кредиттеуді ынталандыру арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді ескере отырып, Агенттік 2023 жылы нормативтік деңгейде бұдан былайғы пруденциялық шаралар қабылдады.

Банктердің өтімділігін босату мақсатында заңды тұлғалардың мерзімді салымдары өтімділік коэффициенттерін (LCR және NSFR) есептеу кезінде қорландырудың тұрақты көзі болып танылады. Атап айтқанда, заңды тұлғалардың мерзімді салымдары мынадай өлшемшарттарға сәйкес келген кезде тұрақты қорландыру ретінде танылады:

- салым белгілі бір мерзімге ашылған;

²⁰ 01.05.2024 жылғы жағдай бойынша

- шартты бұзу туралы кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын алдын ала хабарлау туралы не салым сомасының 2% мөлшерінде мерзімінен бұрын бұзғаны үшін айыппұл төлеу туралы талап белгіленді;

- депозитордың салымдағы ақшаның ең аз қалдығын сақтау бойынша міндеттемесі бар.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерінде кепілдің болмауы жағдайында астық қолхаттары провизияларды есептеу кезінде 0,5 деңгейде өтімділік коэффициентімен тұрақты кепіл ретінде танылды. Астық қолхатын тұрақты кепіл ретінде тану мынадай өлшемшарттарға сәйкес болған кезде көзделеді:

- астық қолхаттары бойынша мемлекеттің кепілі бар не астық «B+»-тен төмен емес рейтингі бар сақтандыру ұйымының сақтандыру шартымен қамтамасыз етілген, мұнда міндеттемелердің бір бөлігі «B+»-тен төмен емес рейтингі бар қайта сақтандыру ұйымына берілген;

- астық қолхатының мерзімі астық қолхатын ұстаушыға тиесілі астықты сақтау мерзімінен аспайды;

- астық қолхатын шығарған астық қабылдау кәсіпорны агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті органның біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Бизнесте сапалы кепілдердің тапшылығы жағдайында кәсіпкерлердің банктік қарыздарға қолжетімділігін сақтау үшін кепілдің 2 түрі бойынша өтімділік коэффициенттері арттырылды (жеңіл көлік құралдары бойынша 0,5-тен 0,6-ға дейін, жабдық бойынша 0,4-тен 0,55-ке дейін, болашақта МЖӘ шарттары және офтейк келісімшарттар бойынша түсетін ақша қаражаты бойынша 0%-ден 50%-ға дейін).

Банктерді капиталдандыру коэффициентінің ең жоғары мәнін бейрезидент алдындағы міндеттемелерге (к7) 1-ден 3-ке дейін 3 есеге ұлғайту есебінен еншілес шетелдік банктердің экономиканы кредиттеу мүмкіндіктері кеңейтілді. Бұл шара еншілес шетелдік банктердің кейіннен кәсіпкерлерді қаржыландыру үшін бас банктерден қорландырылуға қолжетімділігін кеңейтеді.

Сондай-ақ, экономиканы кредиттеу үшін банктерді қорландыру көздерін кеңейту мақсатында шетел валютасында номинирленген халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын ішкі активтер тізбесіне енгізу арқылы банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі талаптарды жеңілдету көзделген.

Банктердің бизнес субъектілерінің ірі жобаларын кредиттеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында сенімділігі жоғары заңды тұлғаларға қатысты бланкілік қарыздар бойынша бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативі банк капиталының 10%-нан 25%-ға дейін арттырылды.

Синдикатталған қаржыландыруды дамыту. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 10 наурыздағы Жарлығын²¹ іске асыру үшін Агенттік синдикатталған қаржыландыруды дамыту бойынша заңнамалық түзетулер әзірледі және Парламентке енгізді, олар синдикатқа қатысушылардың құрамын бейрезидент- банктер есебінен кеңейтуді, қарыз шартын синдикатталған қарыз

²¹ «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар туралы» Мемлекет басшысының 2023 жылғы 10 наурыздағы Жарлығы

шартына айналдыру мүмкіндігін, «синдикатталған қарызды ұйымдастырушы» ұғымын және оның негізгі функцияларын енгізуді, борышкер оның алдында ең көп сомаға берешегі бар бірлесіп кепіл ұстаушының басым құқығын белгілеуді, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікке сауда-саттықтан түскен түсімді бөлу тәртібін айқындауды көздейді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Жарлығын іске асыру үшін синдикатталған қаржыландыруды дамыту мақсатында 2023 жылы синдикатталған қаржыландыру арқылы инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі Жол картасы әзірленді. Жол картасына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Атамекен» ҰКП, банктер және мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Жобалық кеңсе құрылды, оның шеңберінде синдикатталған кредиттеу және екінші деңгейдегі банктер мен даму институттары тарапынан қоса қаржыландыру үшін жобаларды қалыптастыру және қаржыландыру жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану және жерді пайдалану құқықтарын кепілге беру тетіктерінің тиімділігін арттыру. Агенттік екінші деңгейдегі банктермен және мемлекеттік органдармен бірлесіп, банктердің жер пайдалану және жер қойнауын пайдалану құқығы түрінде кепілді пайдалануын шектейтін талаптарды жоюға бағытталған заңнамалық түзетулер әзірледі және Парламентке енгізді.

Жер қойнауын пайдалану құқығы түріндегі кепілді іске асыру рәсімдерін реттеуді көздейтін жер қойнауын пайдалану құқықтары түріндегі кепілге қою тетігінің тиімділігін арттыру жөніндегі заңнамалық түзетулер 2023 жылғы желтоқсанда қабылданды.

Жер пайдалану құқықтары түріндегі кепіл бойынша заңнамалық түзетулер соттан тыс тәртіппен немесе банкроттық пен оңалту шеңберінде өткізу кезінде оған осындай құқықтар өткен кезде банктің уақытша жер пайдалану құқықтарын сатып алуы туралы талапты алып тастауды көздейді. Аталған түзетулер 2024 жылы қабылданады деп жоспарлануда.

Заңнамалық түзетулерді қабылдау банктердің кепіл саясатын жеңілдетуге және кәсіпкерлерге жерлерді және жер қойнауын пайдалану құқықтарын кепілге қоя отырып, кредиттердің қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік секторды кредиттеуді цифрландыру. Бизнесті кредиттеу рәсімдерін цифрландыру мақсатында 2023 жылы «Smart Bridge» платформасы және электрондық Үкіметтің шлюзі арқылы банктерді мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау жалғастырылды. Екінші деңгейдегі банктер мен кредиттік бюроларды мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграциялау жөніндегі ведомствоаралық Жол картасы қабылданды, ол банктер мен кредиттік бюролардың мемлекеттік дерекқорларға қолжетімділігін кеңейтуді көздейді. Жол картасын іске асыру банктер мен кредиттік бюроларға заңды тұлғаның кірістері туралы мәліметтерге, құқық белгілейтін құжаттардың электрондық бейнелеріне, заңды тұлғаның еңбекақы төлеу қоры туралы мәліметтерге және т. б. қол жеткізуге мүмкіндік берді.

2023 жылдың соңында банктердің ақпараттық жүйелерін заңды тұлғалар, жылжымайтын мүлік, салық деректері, лицензиялау, заңды тұлғаны тіркеуге

өтініш беру, заңды тұлғалардың/ДК кірістері, кепілге берілетін мүлікке тәуелсіз бағалаушының бағалау есебі туралы деректерді беруге қатысты 37 қолданыстағы және жаңа сервистермен интеграциялау іске асырылды.

Мемлекеттік органдар екінші деңгейдегі банктер мен кредиттік бюролардың мемлекеттік органдардың интеграциялық сервистеріне қосылуы арқылы мемлекеттік дерекқорлардан және мемлекеттік ақпараттық жүйелерден заңды тұлғалар, олардың кірістері мен мүлкі жөнінде ақпарат алу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Агенттік мемлекеттік органдармен кредиттеу рәсімдерін жеңілдету және кредиттік тәуекелдерді бағалау сапасын арттыру үшін Электрондық үкімет шлюзі арқылы банктерді мемлекеттік цифрлық сервистермен одан әрі интеграциялау жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Банктердің өтімділігін корпоративтік кредит беруге қайта бағыттауды ынталандыру. Банктердің өтімділігін корпоративтік кредиттеуге қайта бағыттауды ынталандыру үшін 2023 жылғы желтоқсанда Салық кодексіне өзгерістер енгізілді, оған сәйкес 2024 жылғы 1 наурыздан бастап Ұлттық Банктің ноттарынан банктердің пайыздық кірістеріне табыс салығы енгізілді ал Қаржымині МБҚ бойынша табыстарға салық салу – 2030 жылдан бастап енгізіледі.

2.2.6 Тұтынушылық кредит берудегі тәуекелдерді азайту

2023 жылы Агенттік халықтың шамадан тыс кредит алуын төмендету, тұтынушылық кредиттеудің шамадан тыс өсуін және халықтың борыш жүктемесін шектеу жөнінде шараларды іске асыруды жалғастырды.

Макропруденциялық құралдардың тиімділігін арттыру. Тұтынушылық кредиттеу сегментіндегі негізгі макропруденциялық құрал борыш жүктемесінің коэффициенті (бұдан әрі – БЖК) болып табылады, оны есептеу бойынша талап қарыз алушылардың кредит қабілеттілігін тиісінше бағалауды қамтамасыз ету мақсатында енгізілді. БЖК қарыз алушының кредиттер бойынша барлық төлемдерін оның кірістерінің 50%-ы деңгейінде шектеді. Сонымен қатар, № 115 қаулымен²² микроқаржы ұйымдарына қарыз алушының борыш жүктемесін Агенттіктің талаптарына қатаң сәйкестікте айқындау талабы енгізілді, бұл үшін қарыз алушының кредит қабілеттілігін дербес бағалау жүйесін пайдалану құқығы алып тасталды.

БЖК есептеуді одан әрі қатаңдату үшін 2023 жылғы желтоқсанда Агенттік кірісті айқындаудың 3 жанама өлшемшартын алып тастап, қарыз алушылардың кірістеріне қойылатын талаптарды арттырды. Сонымен бірге, БЖК есептеу жөніндегі талаптар тұрғын үй-құрылыс жинақтары шеңберінде берілетін қарыздарды қоспағанда, кірісі жоғары қарыз алушыларды және кепілді қарыздарды қоса алғанда, барлық қарыз алушыларға және барлық қарыздарға қолданылды.

²² «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне микроқаржылық және коллекторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 115 қаулысы

Жас азаматтардың борыш жүктемесінің өсуіне жол бермеу мақсатында Агенттік 21 жасқа толмаған адамдарға тек ресми расталған кірістерінің (шәкіртақы, жалақы туралы анықтама, зейнетақы аударымдары туралы БЖЗҚ-дан үзінді-көшірме) негізінде кредиттер беру жөнінде талап енгізді.

Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі заңнамалық шаралар. Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту бойынша жаңа жүйелік шаралар әзірлеу туралы Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру үшін кредит беру кезінде тәуекелдерді азайту жөнінде Заң жобасы²³ әзірленді, ол Парламент Мәжілісінде мақұлданды. Аталған Заң жобасында азаматтардың кредиттер бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі болған кезде оларға кредиттер беруге, сондай-ақ қолданыстағы барлық тұтынушылық кредиттер бойынша 90 күн мерзімі өткеннен кейін сыйақы есептеуге тыйым салу енгізу, жеке тұлғалардың кредиттерін коллекторлық агенттіктерге реттеу рәсімі аяқталғанға дейін сатуға шектеу енгізу, 2026 жылғы 1 мамырға дейін қарыздарды коллекторларға беруге екі жылдық мораторий енгізу, сондай-ақ коллекторлардың банктерге және МҚҰ-ға ұқсас кредиттерді реттеу рәсімдерін жүргізу міндетін енгізу көзделеді. Борыш жүктемесінің шамадан тыс өсуін шектеу үшін қосымша шара ретінде Заң жобасында жаңа норматив – кредиттер бойынша жиынтық берешектің қарыз алушының кірісіне қатынасы, тұтынушылық кредиттің ең жоғары сомасын заңнамалық тұрғыдан айқындау және белгілеу көзделген.

Азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін Заң жобасында қарыз алушының шотындағы қаражат қалдығынан екі ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын соманы өндіріп алуға тыйым салу, азаматтардың барлық банктік кредиттері бойынша дауларды қарау бойынша банк омбудсманының өкілеттіктерін кеңейту, сондай-ақ микроқаржы омбудсманы институтын енгізу жоспарлануда. Екі омбудсманның шешімдері банктер, МҚҰ және коллекторлық ұйымдар үшін міндетті болады.

Қысқа мерзімді онлайн-микрокредиттеу сегментіндегі жоғары тәуекелдерге байланысты 50 АЕК-ке дейін және 45 күнге дейінгі микрокредиттерді реттеудің ерекше тәртібін алып тастау, сондай-ақ барлық микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін белгілеу көзделеді. Сондай-ақ, алаяқтардың әрекетінен зардап шеккен тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін Заң жобасында азаматтардың кредит алудан ерікті түрде бас тарту болған кезде ресімделген кредиттері бойынша борышты банктер мен МҚҰ-ның есептен шығару міндетін енгізу көзделген.

2023 жылғы желтоқсанда Салық кодексіне түзетулер қабылданды, олар микроқаржы ұйымдары мен азаматтардың қарыз алушы - жеке тұлғалардың проблемалық кредиттері бойынша берешегі кешірілген кезде туындайтын кірістері бойынша салықтық алып қоюларды көздейді.

Тұтынушылық микрокредиттер бойынша тәуекелдерді шектеу. Тұтынушылық микрокредиттер бойынша азаматтардың проблемалық берешегінің

²³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы

өсуін шектеу үшін 2023 жылғы қаңтардан бастап микроқаржы ұйымдарының несие портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен микрокредиттердің үлесіне 20%-дық деңгейде лимит енгізілді. Лимиттен асып кету меншікті капиталдың жеткіліктілігінің пруденциялық нормативін бұзуға теңестірілген.

Азаматтардың борыш жүктемесін шектеу үшін №25 қаулымен²⁴ күнтізбелік 45 күнге дейінгі кезеңге кепілсіз микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәндері төмендетілді. Мәселен, мөлшері 30 АЕК-ке дейінгі микрокредиттер бойынша шекті сыйақы күніне 1%-дан кем құрайды және берілген микрокредит сомасының 20%-нан аспайды, 30 АЕК-тен жоғары микрокредиттер бойынша күніне 1%-дан кем және берілген микрокредит сомасының 15%-нан аспайды.

Тәуекелдерді бағалауға қойылатын талаптарды арттыру үшін микроқаржы ұйымының меншікті капиталының жеткіліктілігін есептеу кезінде кепілсіз тұтынушылық микрокредиттер (45 күнге дейін мерзімге және 50 АЕК-ке дейін сомаға) бойынша тәуекел-саралауды 200%-дан 500%-ға дейін арттыру арқылы пруденциялық талаптар қатаңдатылды.

Микроқаржы нарығы субъектілерінің жауапкершілігін арттыру үшін 2024 жылғы қаңтардан бастап микроқаржы ұйымдарының меншікті капиталының ең төменгі мөлшерін 200 млн теңгеге дейін ұлғайту көзделген.

Мерзімі өткен берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі. № 140 Жарлықты іске асыру шеңберінде 2023 жылғы мамырда халықтың проблемалық кредиттерін реттеу жөніндегі жеке жоспарлар жаңартылды, олар қарыздарды қайта құрылымдау белгілеуді, мерзімі өткен негізгі борыш пен сыйақыны толық не ішінара кешіруді, сондай-ақ кредит бойынша міндеттемелердің мөлшерін азайтуға бағытталған өзге де шараларды көздейді.

Жеке жоспарлардың шеңберінде 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 856 мың қарыз алушының 201 млрд теңге сомаға кредиттері реттелді, оның ішінде 184 млрд теңге берешегі бар 767 мың қарыз алушының кредиті бойынша қайта құрылымдау жүргізілді, 89 мың қарыз алушының кредиті бойынша 17 млрд теңге сомаға толық не ішінара есептен шығару жүзеге асырылды. Оның ішінде 216 мың қарыз алушының 133 млрд теңге сомаға кредиттері банктердің жеке жоспарлары шеңберінде реттелді, микроқаржы ұйымдарының қарыздарына қатысты – 465 мың қарыз алушының 47 млрд теңгеге және коллекторлық агенттіктердің жоспарлары шеңберінде – 21 млрд теңгеге 175 мың қарыз алушының кредиттері реттелді.

Мерзімі өткен берешекті реттеу бойынша шараларды іске асыру кезеңінде банктер мен микроқаржы ұйымдары мерзімі өткен берешекті реттеу рәсімдері жүргізілмеген кредиттер бойынша талап ету құқықтарын коллекторлық агенттіктерге беруді жүзеге асырмайды, сондай-ақ мерзімі өткен берешекті қайтару жөніндегі шағым-талап жұмысын тоқтата тұрады, оның ішінде тыйым салуларды алып тастайды және қарыз алушының шоттарынан төлем талаптарын кері қайтарып алады.

²⁴ «Микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының шекті мәнін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 209 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 26 мамырдағы №25 қаулысы.

2.3 Сақтандыру секторы

2.3.1 Тәуекелге бағдарланған қадағалау: SRES, IRIS, стресс-тестілеу

2023 жылы Агенттік SRES (Supervisory risk evaluation system) моделі негізінде сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін ішкі бағалауды, IRIS (Insurance Regulatory Information System) сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін дербес бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдауды және стресс-тестілеуді қамтитын тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдана отырып, сақтандыру ұйымдарының қызметін қадағалау процестерін жүзеге асырды.

Сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін жыл сайынғы қадағалап бағалау (SRES). 2023 жылы Агенттік SRES жүйесі бойынша сақтандыру ұйымдарының тәуекелдеріне кезекті қадағалап бағалау жүргізді, ол сақтандыру ұйымына «стандартты қадағалаудан» «экстремалды қадағалауға» дейін қадағалап ден қою деңгейін бере отырып, (PT) құралына сәйкес жыл сайынғы сапалық талдау және (EWS) құралына сәйкес ай сайынғы сандық талдау арқылы жүзеге асырылады.

SRES бағалауының нәтижелері бойынша «стандартты қадағалау» қадағалап ден қою деңгейі 12 сақтандыру ұйымына, «қадағалау» – 2 сақтандыру ұйымына, «егжей-тегжейлі қадағалау» – 5 сақтандыру ұйымына, «қарқынды қадағалау» – 3 сақтандыру ұйымына және «экстремалды қадағалау» – 4 сақтандыру ұйымына берілді.

SRES бағалауының қорытындылары бойынша анықталған тәуекелдер туралы ақпарат тәуекелді аймақтарды егжей-тегжейлі сипаттай отырып және оларды жою және (немесе) барынша азайту жөніндегі ұсынымдармен сақтандыру ұйымдарының Директорлар кеңесіне және Басқармасына жіберілді.

SRES моделін өзекті жағдайда қолдау үшін соңғы төрт жылдағы статистика негізінде тәуекелдер санаты үшін бағалау аралықтарын қайта есептеу жүргізілді. SRES моделінің орнықтылығы соңғы жеті жылғы деректердің негізінде коэффициенттерге арналған бағалау аралықтарын бөлшектеу арқылы қамтамасыз етілген.

SRES бағалау жүйесін жетілдіру мақсатында «қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың шағымдары» жаңа коэффициент әзірленді, ол бойынша бағалау нәтижелері «Менеджмент» құрауышына әсер етеді және сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде өз клиенттерінің шағымдары және жолданымдарымен жұмыс істеу жөніндегі сақтандыру ұйымының ішкі бизнес-процестерінің тиімділігін көрсетеді.

Сақтандыру ұйымының тәуекелдерін бағалау (IRIS). IRIS жүйесі бойынша сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін бағалаудың мақсаты нақты уақыт режимінде сақтандыру ұйымдарының өздері жүргізетін нарықтық жағдайға қатысты тәуекелдер мен төлем қабілеттілік деңгейін талдау болып табылады.

IRIS-тің өзін-өзі бағалауы сақтандыру ұйымын басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекел-менеджментінің сапасын арттырады, сондай-ақ менеджментке және акционерлерге қажетті түзету шараларын қолдана отырып, сақтандыру ұйымының қызметіне әсер ететін сыртқы және ішкі күйзелістерге жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

IRIS жүйесі бойынша талдау «жалпы сақтандыру» саласының сақтандыру ұйымы үшін 13 коэффициенттің және «өмірді сақтандыру» саласының 12 коэффициентінің негізінде жүргізілді және сақтандыру ұйымының қызметіне тәуекелдердің түрлі санаттарының (андеррайтингтік тәуекел, стратегиялық тәуекел, операциялық тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және сақтандыру резервтерінің тәуекелі) әсер ету деңгейі мен спектрін бағалауға мүмкіндік берді.

IRIS жүйесі бойынша коэффициенттердің стандартты диапазонның белгіленген шегінен төрт және одан да көп ауытқуларын белгілеу нәтижелері бойынша «жалпы сақтандыру» саласының 5 сақтандыру ұйымы және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша 7 сақтандыру ұйымы уәкілетті органға директорлар кеңесі бекіткен IRIS жүйесі коэффициенттерінің көрсеткіштерін жақсарту жөнінде іс-шаралар жоспарын не директорлар кеңесінің іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажеттілігінің жоқтығы туралы шешімін ұсынды.

Анықталған ауытқулардың негізгі себептері шетелдік эмитенттер рейтингінің төмендеуі, бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау, зейнетақы аннуитеті шарттарын бұзу көлемінің өсуіне және қаражатты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) қайтаруға әкелген ҚР зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер, ерікті жеке сақтандыру сыныптары бойынша сатудың өсуіне байланысты болды. Сондай-ақ, геосаяси жағдай аясында сақтандыру ұйымдарының қаржылық белсенділігінің және олардың инвестициялық кірістілігінің төмендеуі, қайта сақтандыру стратегиясының мәжбүрлі өзгеруі және «РЕПО» операциялары бойынша қаражат тарту арқылы қысқа мерзімді инвестициялардың жоғары көлемдері теріс әсер етті.

IRIS-тің өзін-өзі бағалауы қорытындыларын Агенттіктің талдау нәтижелері бойынша 12 сақтандыру ұйымының атына басшылық тарапынан назар аударуды және бақылауды талап ететін олардың қызметіндегі нақты тәуекел аймақтарын көрсете отырып, хаттар жіберілді.

Стресс-тестілеу. Агенттік 2023 жылғы қаңтарда №198 қаулыға²⁵ стресс-тестілеудің 5 сценарийін өзектендіруді қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді бағалау және басқару құралдарын жетілдіруді көздейтін түзетулер енгізді. Атап айтқанда, валюталық, бағалық, пайыздық тәуекелдер бойынша стресс-тестілеу сценарийлері, сондай-ақ индекстеу мөлшерлемесінің өсуіне және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының бұзылуына байланысты аннуитет шарттары бойынша орын

²⁵ «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысы

алмаған шығындар резервінің ұлғаюу сценарийлері өзекті статистикалық көрсеткіштерді ескере отырып пысықталды.

Бұдан басқа, сақтандыру ұйымдарының ерекше тәуекелдері бойынша 4 жаңа сценарий әзірленді: сақтандыру сыйлықақыларын жинауды тоқтата тұру, орын алмаған зияндар резервін ұлғайту, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзу, қайта сақтандырушының төлемді уақтылы жүзеге асырмау сценарийлері.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша жаңа сценарийлерді ескере отырып, сақтандыру ұйымдарының алынған стресс-тестілеу нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша «жалпы сақтандыру» саласының 16 сақтандыру ұйымының 1-уі баға тәуекелі мен өтімділік тәуекелі бойынша күйзеліс сценарийлерін қолдануы салдарынан, 8-де кредит кредиттік тәуекел бойынша пруденциялық нормативтер бұзылған.

«Өмірді сақтандыру» саласының барлық 9 сақтандыру ұйымында сақтандыру сыйлықақыларын жинауды тоқтата тұру және сақтандыру шарттарын бұзу тәуекелдеріне сезімталдық анықталды.

Стресс-тестілеу нәтижелері SRES және IRIS бағалау нәтижелерімен бірге 2024 жылға арналған тексеру жоспарларын құру үшін пайдаланылды.

Solvency II стандартын енгізу. 2023 жылы Агенттік Халықаралық сақтандыру қадағалау қауымдастығының негізгі сақтандыру қағидаттарына толық сәйкес болу үшін (ICP – Insurance Core Principles) Қазақстанда Solvency II қағидаттарын енгізуді бастады.

Агенттік 2022 жылы әзірленген нарықтық тәуекелді, дефолт тәуекелін, жалпы сақтандыру және өмірді сақтандыру тәуекелдерін бағалау жөніндегі нұсқаулардың 6 жобасының 4-ін пысықтады, олар Solvency II талаптары бойынша сақтандыру ұйымының капиталына қосымша жүктеме береді.

Көрсетілген тәуекелдерді бағалау жөніндегі нұсқаулар отандық сақтандыру нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, Solvency II сәйкес төлем қабілеттілігінің талап етілетін капиталын (SCR – Solvency Capital Requirement) айқындау бойынша 2022 жылы жүргізілген алғашқы тестілік есептеулердің нәтижелері бойынша пысықталды.

SCR төлем қабілеттілігі капиталының екінші тестілік есептеулері жүргізілді, ол 01.10.2023 жылғы жағдай бойынша 546 млрд теңгені немесе сақтандыру секторы бойынша төлем қабілеттілігінің жиынтық нақты маржасының 62%-ын құрады. Нәтижелер 25 сақтандыру ұйымының 6-нда Solvency II талаптары бойынша капиталдың жеткіліксіз екенін көрсетті.

Сонымен бірге 2023 жылы Solvency II талаптарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелерін есептеу жөніндегі нұсқаудың жобасы әзірленді. Бұл жоба Solvency II бойынша техникалық провизияларды (сақтандыру резервтерін) бағалау жөніндегі талаптарды белгілеудегі алғашқы қадам болып табылады, ол кейіннен тиісті реттеушілік талаптарды айқындау үшін негіз болады.

2023 жылғы мамырда Агенттік Халықаралық сақтандыру қадағалау қауымдастығының негізгі сақтандыру қағидаттарына толық сәйкес болу үшін

Solvency II құрауыштарын Қазақстан Республикасының заңнамасына кезең-кезеңімен енгізу бойынша Дүниежүзілік Банктің ұсынымдарын алды.

17 ХҚЕС-ті енгізу. 2023 жылғы қаңтардан бастап 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енуіне байланысты «Сақтандыру шарттары» есепті жыл ішінде осы стандартқа сәйкестігі тұрғысынан сақтандыру ұйымдарының қаржылық есептілігіне тексеру және талдау жүргізілді

Тексерулер сақтандыру шарттарының топтары бойынша сегменттеу тәсілдері мен әдістерін, ақша ағындарын дисконттау мөлшерлемелерін айқындауды, шығыстарды аллокациялауды, ақша ағындарын бағалау модельдерін, қолданылатын актуарлық болжамдар мен пайымдауларды қамтиды. Тексеру қорытындысы бойынша сақтандыру ұйымдарына ұсынымдар берілді.

2023 жылы Агенттік Ұлттық Банкпен бірлесіп 17 ХҚЕС сәйкес бухгалтерлік есеп бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдірді. Салық органдарымен бірлесіп сақтандыру ұйымдарының салық салу жүйесін 17 ХҚЕС қағидаттарына көшіру бойынша жұмыс басталды.

2.3.2 Сақтандыру нарығының мүмкіндіктерін кеңейту

2023 жылы Агенттік сақтандыру нарығының әлеуетін кеңейтуге және сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін іске асырды.

Зейнетақы аннуитеттік сақтандырудың қолжетімділігін арттыру және дамыту. Мемлекет басшысы 2023 жылғы сәуірде қол қойған Әлеуметтік кодексті іске асыру мақсатында, Агенттік сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемінің есебін, сондай-ақ сақтандыру компаниялары мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кеңселеріне бармай зейнетақы аннуитеті шарттарын онлайн-жасасу тәртібін регламенттейтін № 44²⁶ және № 45²⁷ қаулылар қабылдады, құқық сақтанушылардың мұндай құқықтарды иеленуі 2024 жылдан бастап пайда болды.

№ 4²⁸ қаулыны қабылдау нәтижесінде 2023 жылғы наурыздан бастап зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер мен мүгедектігі бар

²⁶ «Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) сақтандыру ұйымына, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидалары, сондай-ақ сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасу тәртібі және мерзімдерін бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 44 қаулысы

²⁷ «Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 45 қаулысы

²⁸ «Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2015 жылғы 20 қазандағы № 194 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 20 ақпандағы № 4 қаулысы

адамдар үшін зейнетақы аннуитеті шартының құны айтарлықтай төмендеді, сондай-ақ төлемдер мен кірістілікті индекстеу мөлшерлемелерін арттыру арқылы зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшері ұлғайтылды.

Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (ЖОМС) бойынша төлемдер жүйесін жетілдіру.

2023 жылдың басынан бастап Агенттік Еңбекминімен бірлесіп ЖОМС-ты азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне одан әрі тарту бойынша негізгі тәсілдерді пысықтады.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын іске асыру мақсатында, ЖОМС жүйесінің қаржы қаражаты мен сақтандыру резервтерін тиімді бөлу үшін актуарлық есептеулер жүргізілді, оның қорытындысы бойынша төлемдердің жаңа түрлерін енгізу жолымен ЖОМС жүйесін реформалаудың негізгі талаптары келісілді.

Тиісті заңнамалық түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен (Заң) қабылданды.

Осы Заңға сәйкес 55 жасқа толған және кемінде 7 жыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген, зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерге сақтандыру ұйымдары ЖОМС шеңберінде зейнетақыға дейінгі аннуитеттік сақтандыру шартын жасасу жолымен 1 ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде төлемдер жүзеге асыратын болады. Мұндай төлемдерді жүзеге асыру тәртібі № 98 қаулымен²⁹ бекітілген.

Жұмыс берушіні қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге ынталандыру және өндірісте зардап шеккен қызметкерлерді қамтуды кеңейту мақсатында Заңмен алдын алу және оңалту шараларына шығындарды өтеу мәселелері де регламенттелген. Зардап шеккен қызметкерлерді қолдау және сақтандыру төлемдерін ұлғайту үшін төлем мөлшерін анықтау есебінде олардың кінәсін есепке алу алып тасталды.

«Регрессшілерді» – өндірісте зардап шеккен, 2015 жылғы заңнамалық өзгерістермен зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін сақтандыру төлемдерін алу мүмкіндігінен айырылған және зейнеткерлік жаста жалақыны ауыстырудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жеткілікті жинақтау деңгейін жинақтау мүмкіндігі болмаған қызметкерлердің құқықтарын қалпына келтіру үшін олардың ЖОМС жүйесінен өмір бойы сақтандыру төлемдерін алуын регламенттейтін нормалар енгізілді.

²⁹ «Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидаларын, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптарды және сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидаларын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысы

Әлеуметтік маңызы бар салаларда сақтандыруды енгізу. 2023 жылы Агенттік бейінді мемлекеттік органдармен бірлесіп әлеуметтік маңызы бар салаларда сақтандыруды төмендегідей бағыттар бойынша енгізу бойынша жұмыс жүргізді:

- күшіне енген заңнамалық түзетулерге сәйкес шетелдік тіркеуі бар көліктерді ел аумағына әкелуге және пайдалануға шектеулер белгілеу;
- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік реформасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 19 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген еңбек мигранттары үшін жүктелген медициналық сақтандыруды енгізу;
- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін жүктелген сақтандыруды енгізу;
- адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін өрт қаупінен, құрылыс саласындағы сараптамалық және өзін-өзі реттейтін ұйымдарды жүктелген сақтандыру үшін талаптар әзірлеу.

Сақтандыру өнімдерін дамыту. 2023 жылғы қаңтардан бастап мемлекет субсидиясымен (МБЖЖ) алғашқы жинақтаушы білім беру сақтандыру өнімі іске қосылды. Іске қосылған сәттен бастап өмірді сақтандыру бойынша 5 компания сақтандырудың осы сыныбы бойынша лицензия алды және өмірді жинақтаушы білім беру сақтандыру бойынша 399 шартты жасады.

Халыққа өмір бойы және тұрақты кіріс алу үшін жақын туыстарының (жұбайларының) зейнетақы жинақтарын біріктіруге мүмкіндік беретін бірлескен зейнетақы аннуитеттерін сатып алу мүмкіндігі берілді. Есепті күнге жалпы сомасы 585 млн теңгеге 27 бірлескен зейнетақы аннуитеті шарты қолданылады.

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МБЖЖ) шеңберінде білім беру жинақтаушы сақтандыру өнімін қаржыландыру көздерін кеңейту. Агенттіктің қатысуымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат есептеу, оларды төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен білім беру жинақтау сақтандыру өнімі (МБЖЖ) шеңберінде қаражат жинақтау үшін Ұлттық қор-балаларға бағдарламасы бойынша алынған ақшаны пайдалану мүмкіндігі бойынша түзетулер әзірленіп, қабылданды. Сақтандыру ұйымдары білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде қолданыстағы бюджеттік бағдарламаны іске асырудың қосымша арнасы болады.

Бұл түзетулер сақтандыру қорғауында болып, мемлекеттен сыйлықақы (5% немесе 7%) ала отырып, азаматтарға өз баласының білім алуына ақы төлеу үшін қаражат жинау мақсатында банктік депозиттерге балама өмірді жинақтаушы сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік береді.

Білім беру жинақтау сақтандыруының тағы бір артықшылығы кепілдік беру сомасы бойынша шектеудің болмауы болып табылады, ал ҚДКБҚ 10 млн

теңгеге дейінгі банктік білім беру депозиттері бойынша кепілдікті жүзеге асырады.

Агенттік «Келешек» жобасы шеңберінде МБЖЖ жетілдіру бойынша заңнамалық түзетулер жобасын әзірлеуге қатысты. Бұл жоба бағдарламаға қатысушыларға 5 жастағы балалардың шоттарына 60 АЕК мөлшерінде біржолғы бастапқы капитал бөлуді, сондай-ақ жеңілдетілген білім беру кредиті мен сараланған грант алу тетігін интеграциялауды көздейді.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ базасында экспорттық-кредиттік агенттік құру. Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі тапсырмасын орындау мақсатында «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясының базасында қажетті құралдарды шоғырландыра отырып, экспортты ілгерілетудің толыққанды институтын құру бөлігінде экспортты ынталандыру және ұлғайту шеңберінде СИМ Агенттікпен, мүдделі мемлекеттік органдармен және «KazakhExport» АҚ-мен бірлесіп Экспорттық-кредиттік агенттік мәселелері бойынша заң³⁰ әзірледі. Осы Заңда «Сауда қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерге сәйкес Агенттіктің лицензиясынсыз экспорттық-кредиттік операцияларды сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын экспорттық-кредиттік агенттіктің ерекше құқықтық мәртебесі көзделген. Агенттікке ақшаны жылыстатуды шектеуге және терроризмді қаржыландыруға байланысты рәсімдерді бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі мен сақтандыру резервтерін қалыптастыру тәртібі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келісу жөніндегі өкілеттіктер қалады.

Актуарийлердің қызметін дамыту. Сақтандыру заңнамасына сәйкес әрбір сақтандыру ұйымының штатында актуарий болуға тиіс. 2025 жылдан бастап сақтандыру ұйымының атқарушы органы мүшелерінің бірінде актуарийлерді оқытудың ең төмен міндетті бағдарламасы курстарының кемінде елу пайызын тыңдағаны туралы растайтын құжаттары болуға тиіс.

Бүгінгі күні нарықта 58 лицензияланған актуарий өз қызметін жүзеге асыруда. 2023 жылы 17 ХҚЕС-ке көшуіне және кейіннен Solvency II халықаралық стандартының талаптарын енгізуге байланысты актуарийдің қажеттілігі мен рөлі артып келеді.

2023 жылғы маусымда Агенттік, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – СТКҚ) және «Нархоз» университеті арасында «Актуарий» білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау және қайта даярлау туралы келісімге қол қойылды. СТКҚ бағдарламаның үйлестірушісі ретінде әрекет етеді және актуарийлерді оқытуға гранттар бөлу және стипендиялар төлеу үшін сақтандыру ұйымдарынан қаражат жинау рәсімін жүзеге асырады. Осы бағдарлама бойынша 2023 жылы 16 студентке грант бөлінді. «Актуарий» бағдарламасы сақтандыру нарығына жаңа кәсіби кадрларды тартуға және актуарий мамандығын одан әрі дамытуға серпін беруге мүмкіндік береді.

³⁰«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 23 қаңтардағы № 54-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы

Агенттік «Актuariй» кәсіби стандартын³¹ әзірлеп, бекітті. Осы кәсіби стандарттың негізінде ұйымдар ішкі қолдану үшін ұйымның ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының, білімдерінің, дағдыларының тізімін нақтылай отырып, қызметкерлер үшін корпоративтік кәсіптік стандарттарды әзірлей алады. Сондай-ақ, кәсіптік стандарттарда белгіленген талаптарды ескере отырып, білім беру ұйымдары жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін кадрларды даярлау үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуі мүмкін.

Сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау. 2024 жылғы қаңтардан бастап сақтандыру омбудсманы сақтандыру дауларын міндетті сотқа дейінгі реттеу институты болды. Омбудсманға жүгіну сақтандыру ұйымының іс-әрекетіне сотқа талап қою алдында міндетті болып табылады.

2023 жылы Агенттік сақтандыру омбудсманы кеңсесі жұмысының тиімділігін арттыру үшін жаңа құрылымды бекітті және сақтандыру омбудсманы кеңсесінің штатын ұлғайтты.

Автокөлікке келтірілген залалды бағалаудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін сақтандыру омбудсманының веб-платформасында бүлінген бөлшектердің амортизациялық тозуын анықтау бойынша калькулятор орналастырылған. Кез келген азамат сақтандыру омбудсманының сайтына жүгіну арқылы өз автокөлігінің амортизациялық тозуын дербес анықтай алады.

Сақтандыру омбудсманының кеңсесінде жолданымдарды қабылдау және өңдеу, сондай-ақ сақтандыру даулары бойынша шешімдер қабылдау автоматтандырылған.

СТКҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, сондай-ақ корпоративтік басқаруды жақсарту мақсатында 2023 жылғы желтоқсанда Агенттік СТКҚ-дағы³² тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарға түзетулер енгізді.

Бұл өзгерістер директорлар кеңесінің жұмысына қойылатын талаптарды қоса алғанда, СТКҚ-дағы корпоративтік басқару жүйесінің негізгі элементтерін айқындауды, сондай-ақ корпоративтік басқарудың, іскерлік этиканың және тәуекел-мәдениеттің тиісті практикасын қолданғаны үшін директорлар кеңесінің жауапкершілігін арттыруды көздейді. Бұдан басқа, СТКҚ директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қойылатын талаптар егжей-тегжейлі регламенттелген, комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатқа және СТКҚ-да корпоративтік басқару кодексінің болуына қойылатын талаптар белгіленген.

СТКҚ-да корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту оның IFIGS (International Forum of Insurance Guarantee Schemes) халықаралық стандарттарына сәйкестігіне дайындығын қамтамасыз етеді.

³¹ «Актuariй» кәсіби стандартын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 3 қаулысы

³² «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі № 63 қаулысы

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Агенттік СТКҚ-мен және сақтандыру ұйымдарымен бірлесіп әрбір жеке сақтандыру ұйымының тәуекелдерін бағалауды ескере отырып, СТКҚ резервтерін қалыптастыруда тәуекелге бағдарланған тәсілді енгізді.

Бұдан басқа, сақтандыру нарығының тұрақтылығын күшейту, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғауды жетілдіру мақсатында 2023 жылғы наурызда СТКҚ сақтандыру сыйлықақысының 2% мөлшерінде «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» сыныбы бойынша міндетті жарнаның жоғары мөлшерлемелерін белгіледі.

Сақтандыру саласын цифрландыру. Қазақстанда сақтандыруды дамытудың негізгі үрдісі цифрландыру болып табылады. Соңғы жылдары цифрландыруда және сақтандырудың жаңа технологияларын енгізуде елеулі прогреске қол жеткізілді. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша барлық шарттар қашықтан жасалады.

2023 жылы қашықтан қызмет көрсетуге толық көшу үшін Агенттік сақтандырудың³³ барлық міндетті түрлері бойынша сақтандыру жағдайын онлайн реттеуді және болмашы жол-көлік оқиғалары бойынша сақтандыру жағдайын оңайлатылған реттеуді іске асыруға нормативтік құқықтық актілерді қабылдады (Еурохаттама)³⁴.

Сақтандыру жағдайларын Еурохаттама шеңберінде реттеу үшін жол-көлік оқиғасы мынадай арнайы талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- жол-көлік оқиғасына 2 адам қатысқан, олардың қолданыстағы сақтандыру полисі бар;
- шығын сомасы 100 АЕК-ке дейін;
- жол-көлік оқиғасына қатысушыларда кімнің кінәлі, кімнің зардап шегуші болып табылуына байланысты келіспеушілік жоқ;
- үшінші тұлғалардың денсаулығы мен мүлкіне зиян келтірілмеген.

2024 жылғы қаңтардан бастап халыққа қолайлы болу үшін «бір терезе» қағидаты бойынша Агенттік, СТКҚ, және «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-мен бірлесіп, әзірленген «Еурохаттама» арнайы мобильдік қосымшасы іске қосылды, оны App Store-дан және Google Play-ден жүктеп алуға болады.

³³ «Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларын және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 50 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 84 қаулысы.

³⁴ «Сақтандыру жағдайларын реттеу қағидаларын, реттеудің оңайлатылған тәртібінің шарттары мен мерзімдерін, әрбір жекелеген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасының шекті мөлшерін, сондай-ақ сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі туралы декларация нысанын және құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар мен оған қоса берілетін мәліметтерді, Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі кезінде көлік құралдарын сақтандырушының қарап-тексеру қағидаларын, шарттарын және мерзімдерін, Сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі кезінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру қағидаларын және мерзімдерін бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 83 қаулысы

Қосымшада сақтандыру ұйымына онлайн түрде өтінім беруге, биометриялық идентификациядан өтуге, цифрлық құжаттарды, суретті қоса беруге болады. Сақтандыру ұйымы төлемдерді осы өтініш негізінде жүзеге асырады.

Сақтандыру төлемін алуға өтініш сақтандыру компаниясына болмашы авария болған жерде мобильді қосымша арқылы жіберіледі, жол полициясы қызметкерлері шақырылмайды және сотқа жүгінудің қажеті жоқ. Еурохаттама сақтандыру төлемдерін төлеу мерзімдерін бірнеше айдан бірнеше жұмыс күніне дейін айтарлықтай қысқартуға, сондай-ақ жолдағы трафикті азайтуға мүмкіндік береді.

2023 жылғы қарашада Агенттік сақтандырудың барлық міндетті түрлері және сақтандырудағы маркетингтік жүйелердің жұмыс істеуі бойынша сақтандыру жағдайын онлайн реттеуді іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерді қабылдады.

Сақтандыру қызметтеріне қолжетімділікті арттыру мақсатында сақтандыру ұйымдары, банктер, төлем ұйымдары, СТКҚ-ға, сондай-ақ белгіленген шектеулерді ескере отырып, тиісті келісім негізінде сақтандырушының серіктесі болып табылатын басқа да ұйымдарға тиесілі электрондық сауда алаңдары (сақтандыру маркетингтік жүйесі) арқылы сақтандыру шарттарын жасасу және сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігі берілді.

Міндетті автосақтандыру бойынша түзету коэффициенттерін енгізу. 2024 жылғы қаңтардан бастап міндетті автосақтандыру бойынша тариф белгілеудің жаңа жүйесіне көшуді қамтамасыз ету үшін Агенттік № 46³⁵, № 68³⁶, және № 79³⁷ қаулылар қабылдады.

Өңірлердің апаттылық деңгейін ескере отырып, міндетті автосақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін жаңа түзету коэффициенттерін қолдану қағидалары бекітілді, 2024 жылға арналған есептеу параметрлері және түзету коэффициенттері бекітілді.

Бұл тәсілдің мақсаты еліміздің әрбір өңірі бойынша өзекті деректерді ескере отырып, КҚИ АҚЖМ-нің барабар құнын қамтамасыз ету болып табылады. Статистиканы жинау және нақты залал мен түзету коэффициенттері сияқты қажетті параметрлерді автоматтандырылған есептеу ДҚБЖ-да автоматты түрде жүргізіледі.

³⁵ «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін көлік құралы тіркелген аумақ бойынша коэффициенттерге түзету коэффициенттерін есептеу қағидаларын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 46 қаулысы

³⁶ «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін пайдаланылатын таргеттелетін шығындылықтың және анықтық факторының 2024 жылға арналған мөлшерлерін бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 31 тамыздағы № 68 қаулысы

³⁷ Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін қолданылатын түзету коэффициенттерінің 2024 жылға арналған мөлшерлерін бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 30 қазандағы № 79 қаулысы

2.4 Бағалы қағаздар нарығы

2.4.1 Қадағалау құралдарын жетілдіру

2023 жылы Агенттік тәуекелге неғұрлым бейім бағалы қағаздар нарығына қатысушыларға тепе-теңдік қағидатын қолдануды және қадағалап ден қоюды шоғырландыруды қамтамасыз ететін қадағалау қызметінде тәуекелге бағдарланған тәсілді іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Осы тәсіл мағынасында БҚНҚ қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін мониторингтеуге және талдауға, сондай-ақ олардың теріс нарықтық оқиғаларға сезімталдығын қоса алғанда, олардың сыртқы және ішкі факторларға орнықтылығын бағалауға ерекше назар аударылды. Осы тәсіл шеңберінде қадағалау қызметі RASS (Risk Assessment Supervision System) моделін пайдалана отырып, БҚНҚ қызметіне байланысты тәуекелдерді талдау арқылы, сондай-ақ Value at Risk (VaR) әдісін қолдана отырып, олардың осалдығын анықтау үшін стресс-тестілеу жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

Тәуекелдерді бағалаудың қадағалау моделі (RASS). 2023 жылы жартыжылдық негізде RASS әдістемесіне сәйкес БҚНҚ қадағалау бағалауы жүргізілді. Оның нәтижелері бойынша БҚНҚ тәуекел деңгейі бойынша жіктелді және олардың әрқайсысы үшін тиісті қадағалау режимі белгіленді: 10 БҚНҚ тәуекел деңгейі жоғары санатқа жатқызылды, бұл олардың түрлі қызмет салаларындағы жүйелік маңыздылығы факторларына және қарастырылып отырған кезеңдегі бизнес-профиль ерекшеліктеріне негізделген қарқынды қадағалауды қажет етті. Басқа 7 БҚНҚ орташа тәуекел деңгейімен танылды, бұл орташа қарқынды қадағалауды қажет етті, ал бұл ретте 6 БҚНҚ үшін олар ұсынған төмен тәуекелді ескере отырып, стандартты қадағалау деңгейі белгіленді. БҚНҚ тексерулерінің қарқындылығы тағайындалған қадағалау деңгейіне сәйкес белгіленеді.

Ұлттық Банкпен бірлесіп 2023 жылы БҚНҚ ұсынатын RASS сауалнамасын автоматтандыру жүзеге асырылды.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, 2024 жылдан бастап БҚНҚ-ны тәуекел дәрежесі бойынша санаттау жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

VaR әдістемесін қолдана отырып стресс-тестілеу. 2023 жылы ықтималдығы жоғары таңдалған уақыт кезеңінде нарықтық факторларды белгіленген бөлу кезінде таңдалған қаржы құралы (портфелі) бойынша шығындарды бағалауға негізделген БҚНҚ-ның бағалы қағаздар портфелінің нарықтық тәуекелін бағалау бойынша VaR әдістемесі негізінде қадағалап стресс-тестілеу және оны бэк-тестілеу жүргізілді.

Стресс-тестілеу шеңберінде әрбір БҚНҚ-ның стресс-сценарийлер бойынша жиынтық және жеке портфельдерінің құны бағаланды, портфельдердің валюталық және пайыздық тәуекелдерге сезімталдығын есептеу жүзеге асырылды, сондай-ақ нарықтық тәуекелдердің БҚНҚ пруденциялық нормативтеріне әсері бағаланды.

Базалық сценарий базалық мөлшерлемені 2 п.т.-қа 14 п.т. дейін төмендетуді және 1 АҚШ доллары үшін 1%-ға 474,4 теңгеге дейін АҚШ

долларына қатысты теңге бағамының әлсіреуін көздеді. Стрестік сценарий базалық мөлшерлемені 2 п.т.-ға 18 п.т. дейін арттыруды және 1 АҚШ доллары үшін 5%-ға 446,2 теңгеге дейін АҚШ долларына қатысты теңге бағамын нығайтуды көздеді.

Базалық сценарий кезінде барлық БҚНҚК портфельі құнының +4,6% деңгейінде шамалы өсуі байқалады, ал стрестік сценарий кезінде портфельдің жиынтық құнының 3,5%-ға төмендеуі байқалады. Бұл БҚНҚК-ның 71%-ында инвестициялық портфельдегі борыштық бағалы қағаздардың үлесі 80%-дан асатындығына негізделген, бұл пайыздық мөлшерлемелер күрт өскен жағдайда ғана инвестициялық портфельдің құнына теріс әсер етуі мүмкін.

Стресс-тестілеу нәтижелері БҚНҚК-ның жеткілікті қаржылық орнықтылығын көрсетті, стрестік сценарийлерді іске асыру кезінде барлық БҚНҚК пруденциялық нормативтерді орындайды.

Инфрақұрылымдық ұйымдарға қатысты қадағалау құралдарын жетілдіру. Нарыққа қатысушылардың тәуекелдерін бағалауды жақсарту үшін және ХВҚ ұсынымдарын ескере отырып, орталық контрагент функциясын алған KASE клирингтік орталығының қызметін қадағалау регламентіне өзгерістер енгізілді, сондай-ақ тәуекелдер матрицасын құру арқылы Орталық депозитарийдің мониторингіне қатысты проактивті тәсіл енгізілді. Бұл матрицаны қалыптастыру тәуекел деңгейін айқындау және оның белгілі бір қызмет түрлерін қадағалаудың тиісті режимін белгілеу мақсатында Орталық депозитарийдің қызметін сипаттайтын сандық және іс-қимыл көрсеткіштерінің жиынтығын бағалау негізінде әр жарты жыл сайын жүргізілетін болады.

Есепке алу тетігін жетілдіру және бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растау мақсатында Агенттік бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге³⁸ түзетулер әзірледі. Осы түзетулер Орталық депозитарийдің эмитенттердің жарғылық капиталға шетелдік қатысу (бақылау) мониторингін жүзеге асыруы үшін акционерлердің және олардың түпкілікті меншік иелерінің тізімін қалыптастыру кезінде эмитент акционерлерінің түпкілікті меншік иелеріне қатысты ақпаратты сұрату және жинау рәсімін айқындайды.

2.4.2. Бағалы қағаздар нарығының мүмкіндіктерін кеңейту

Қор нарығын дамытуда жинақтаушы зейнетақы жүйесінің рөлін арттыру. Қор нарығының институционалдық инвесторлық базасын дамыту мақсатында жеке басқарушы компаниялардың зейнетақы активтерін басқару үшін мүмкіндіктер кеңейтілді. Жаңа Өлеуметтік кодекс шеңберінде БЖЗҚ-ның барлық салымшыларына ең төменгі жеткіліктілік шегін ескермей, міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен өздерінің зейнетақы жинақтарының 50%-ына дейін жеке басқаруға беру құқығы

³⁸ «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2024 жылғы 6 ақпандағы № 10 қаулысы

берілді. Ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшыларға түрде толық көлемде жеке басқаруға осы жинақтарды беру мүмкіндігі берілді.

Бұдан басқа, жаңа қатысушылардың нарыққа шығуы үшін зейнетақы активтерін жеке басқарушылардың капиталына қойылатын талаптар қайта қаралды. № 87 қаулымен³⁹ басқарудағы активтердің мөлшеріне қарай зейнетақы активтерін басқарушыларды пруденциялық реттеуге барабар тәсіл енгізілді.

Қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарына сұранысты ынталандыру, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру үшін № 62 қаулымен⁴⁰ инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі кеңейтілді. Рұқсат етілген тізбеге «Даму» «Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – Даму КДК), «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ кепілдігі бар корпоративтік облигациялар және депозитарлық қолхаттар енгізілген.

2023 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерін 5 жеке басқарушы – «Halyk Global Markets» АҚ, «First Heartland Jusan Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ және «Halyk Finance» АҚ-ға сенімгерлік басқаруға берілді.

Қабылданған шаралар қор нарығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуына оң әсерін тигізді. Жеке басқаруға берілген зейнетақы активтерінің мөлшері 2023 жылдың қорытындысы бойынша 26,8 млрд теңгені құрап, 2,8 еседен астам өсті. Жеке басқарушылардың басқаруымен зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігі 2023 жылы Ұлттық Банктің басқаруымен зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігінен 5%-дан асып, 15,48%-ды құрады.

Қаржы құралдарының жаңа түрлерін енгізу. Индекстік инвестициялаудың биржалық инвестициялық қорларын (ETF) шығару үшін жағдайлар жасалған. № 93 қаулымен⁴¹ ETF қорларының анықтамасы енгізілді, ETF қорларын мемлекеттік тіркеу және инвестициялау тәртібі, сондай-ақ биржалық пай қорының (Exchange Traded Fund) қағидаларына қойылатын талаптар белгіленді.

Басқарушы компанияларға KASE, NYSE, NASDAQ, FTSE, MSCI, DAX және т.б. қор және ақша нарықтарының индекстері мен индикаторларына қазақстандық ETF құруға мүмкіндік берілді.

Қазақстандық компаниялардың IPO/SPO-ға шығуы. Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру

³⁹ «Бағалы қағаздар нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 27 қарашадағы № 87 қаулысы

⁴⁰ «Зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 62 қаулысы.

⁴¹ «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 93 қаулысы

шеңберінде жеке және бөлшек инвесторлар арасында 2023 жылғы қарашада KEGOC SPO өтті. Қазақстан Республикасының азаматтары 34,8 млрд теңге сомаға 50 мыңнан астам өтінім беріп, KEGOC SPO-ға белсенді қызығушылық танытты, бұл ұсыныстан 1,5 есе асып түсті. 22,7 млрд теңге сомаға өтінімдер қанағаттандырылды, оның ішінде жеке тұлғаларға 15,2 млрд теңге (67%). KEGOC акциялары тек ішкі нарықта – KASE және «Астана» халықаралық қаржы орталығының (AIX) биржасында орналастырылды. KEGOC SPO өткізу үшін андеррайтерлер ретінде жетекші қазақстандық брокерлер тартылды.

Қор нарығының инфрақұрылымын жетілдіру. Қазақстан қор нарығының инфрақұрылымдық дамуындағы маңызды оқиға «Қазақстан қор биржасы» АҚ орталық контрагентінің функцияларын «KASE клирингтік орталығы» АҚ (бұдан әрі – Клирингтік орталық) жеке еншілес ұйымына бөлу болды.

2023 жылы Клирингтік орталықтың клирингтік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу, басқару органдары мен атқарушы органдарды қалыптастыру, активтер мен міндеттемелерді KASE-ден Клирингтік орталыққа беру, Клирингтік орталықтың ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу және бекіту жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензияларын алуы жөніндегі ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралар аяқталды.

Клиринг пен орталық контрагенттің функцияларын жекелеген заңды тұлғаға бөлу KASE-дегі тәуекелдердің шоғырлануын төмендету есебінен қазақстандық қор нарығының тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік берді, сондай-ақ Клирингтік орталыққа басқа биржалық және биржадан тыс нарықтарда орталық контрагенттің қызметтерін көрсетуге мүмкіндік берді.

Қор нарығының инфрақұрылымын жаһандық капитал нарықтарына интеграциялау. Жаһандық депозитарийлермен және кастодиандармен депозитарлық және корреспонденттік қатынастарды кеңейту шеңберінде 2023 жылғы қарашада Орталық депозитарий Bank of New York Mellon-мен (BNYM) корреспонденттік байланыстар орнату процесін аяқтады. Бұл қазақстандық инвесторларға АҚШ нарығына тікелей қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, бұл кәсіби қатысушылардың активтерді сақтау және мәмілелер жасау шығындарын азайтуға, оларға американдық эмитенттердің бағалы қағаздарының кең спектріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, осы шот арқылы қазақстандық инвесторларға жаңа шетелдік нарықтарға, оның ішінде Гонконг пен континенталды Қытай нарықтарына қолжетімділік ашылады, бұл Орталық депозитарийдің клиенттері үшін инвестициялық құралдарды таңдауды арттырады.

Бағалы қағаздар нарығындағы бизнес-процестерді цифрландыру. 2023 жылдың қорытындысы бойынша клиентік базасының жиынтық үлесі жалпы нарықтың 95%-ын құрайтын қазақстандық брокерлер клиенттермен шарттарды қашықтан жасасады.

2023 жылғы наурызда Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің клиенттеріне оның автоматтандырылған қызметтері мен сервистеріне бірыңғай

қол жеткізу нүктесін ұсынатын өзіне-өзі қызмет көрсету құралы ретінде «Жеке кабинет» жаңа клиенттік порталын іске қосты.

2023 жылғы шілдеден бастап осы порталда бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту, электрондық нысанда бағалы қағаздар шығарылымын жою мүмкіндігі іске асырылды. Эмитенттерге қажетті ақпарат пен құжаттарға жылдам және ыңғайлы қол жетімділік берілген. Агенттіктің⁴² тиісті нормативтік құқықтық актісі 2023 жылғы маусымда бекітілді. Бұл процесс Орталық депозитарийдің веб-порталы арқылы іске қосылған сәттен бастап Агенттік бағалы қағаздар эмитенттеріне бағалы қағаздарды шығаруға және орналастыруға байланысты 265 қызмет көрсетті.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру. Тиімді корпоративтік басқару компанияға инвестициялар тартуға ықпал етеді, сондықтан қор нарығында «жаңа» эмитенттердің пайда болуына ынталандыру болуға тиіс.

Қазақстандық компанияларда корпоративтік басқаруды жетілдіру, олардың ұзақ мерзімді орнықты дамуын, басқарудың ашықтығын, акционерлердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «Атамекен» ҰКП жанындағы корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңес Агенттікпен, басқа да мемлекеттік органдармен және халықаралық сарапшылармен бірлесіп корпоративтік басқарудың Қазақстандық (елдік) кодексін әзірледі. Бұл құжат қазақстандық заңнаманың ерекшеліктеріне арнайы бейімделген корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттарын айқындайды. 2023 жылғы қарашада Агенттік корпоративтік басқарудың қазақстандық кодексін келісті.

Бұл ретте листингтік компаниялардың корпоративтік басқару кодексінің талаптарын сақтау туралы ақпаратты жыл сайын «сақта немесе түсіндір» қағидаты бойынша жария етуі бойынша талап көзделген.

Қазақстанның MSCI және FTSE халықаралық индекстеріндегі позицияларын арттыру. MSCI (2023 жылғы маусым) және FTSE (2023 жылғы қыркүйек) есептеріне сәйкес Қазақстанның қор нарығы «Шекара маңындағы нарықтар (Frontier Markets)» ретінде жіктеледі. Бұл ретте көп жағдайда FTSE индексінің «Secondary Emerging Market» санатының сапалық параметрлеріне және MSCI индексінің «Emerging Market» негізгі сапалық параметрлеріне сәйкес келеді.

Қазақстанның MSCI және FTSE индекстеріндегі позициясын арттыру мақсатында 2023 жылы Агенттік 2022-2024 жылдарға арналған жол картасына сәйкес іс-шаралар шеңберінде жұмыс жүргізді.

2023 жылғы желтоқсанда Агенттік MSCI және FTSE үшін MSCI және FTSE мынадай сапалық сипаттамаларын қамтамасыз етуге бағытталған қабылданған шаралар туралы жаңартылған ақпаратты ұсынды: «Акциялармен кредиттеу», «Қысқа сатылымдар», «Деривативтердің дамыған нарығы». Бұдан басқа, Агенттік листингтік компаниялардың саны және олардың бағалы

⁴² «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 53 қаулысы

қағаздарының өтімділік параметрлері бойынша сандық өлшемдерге сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат ұсынды.

Бұдан басқа, 2023 жылғы қыркүйекте «Қазақстан қор биржасы» АҚ MSCI рейтингінде қазақстандық қор нарығының позициясын жақсарту мәселелері бойынша MSCI Inc басшылығымен кездесу өткізді.

FTSE және MSCI индекстерінде Қазақстанды қайта жіктеудің негізгі шарты листингтік компаниялардың саны және олардың бағалы қағаздарының өтімділік параметрлері бойынша сандық өлшемшарттарды орындау болып табылады. Сандық параметрлерді орындау үшін қажетті жиынтық нарықтық капиталдандыруды және қазақстандық бағалы қағаздардың өтімділік көрсеткіштерін қамтамасыз етуге қабілетті ірі қазақстандық квазимемлекеттік және жеке секторлар компанияларының IPO/SPO жүргізіледі.

2.5 Микроқаржыландыру нарығы

2023 жылы Агенттік микроқаржылық сектордың теңгерімді реттеуші ортасын құру, микроқаржы нарығы субъектілерінің қорландыру базасын әртараптандыру, сондай-ақ тұтынушылық кредит беру тәуекелдерін төмендету бойынша белгіленген тәсілдерді іске асыруды жалғастырды.

Микроқаржыландыру субъектілерін реттеуде сараланған тәсілді енгізу. Ломбардтар, кредиттік серіктестіктер және микроқаржы ұйымдарын Агенттіктің реттеу аясына енгізу кезінде бизнес-модельдер мен клиенттік профильдердің ерекшеліктерін ескермей, пруденциялық нормаларды қоса алғанда, бірыңғай реттеуші талаптар белгіленді. Микроқаржы саласын мемлекеттік реттеуге мұндай тәсіл микрокредит беру нарығының барлық қатысушыларын жүйелеу және олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін таңдалды.

Микроқаржы нарығы субъектілері тәуекелдерінің ерекшелігін ескере отырып, микроқаржы субъектілері арасындағы бәсекелестікті одан әрі арттыру және реттеушілік жүктемені қайта бөлу үшін Агенттік 2023 жылғы маусымда № 39 қаулыны⁴³ қабылдады, оның шеңберінде микроқаржылық қызмет түріне байланысты микрокредит беру субъектілерін тепе-тең реттеу қағидаттары қолданылды.

Мәселен, субъектілер саны (521) бойынша сегменттің маңыздылығына қарамастан, кредиттік тәуекелдердің төмен деңгейіне, сондай-ақ микроқаржы секторының жалпы портфеліндегі микрокредиттердің төмен үлесіне (8,4%) байланысты, ломбардтың өз капиталының ең аз мөлшерін және оның міндеттемелеріне левередж-капиталдандыру коэффициентін сақтау бойынша ломбардтарға қойылатын талаптар алып тасталды.

Бұдан басқа, қарыз алушылардың борыш жүктемесінің коэффициентін есептеу міндетін алып тастау жолымен кредиттік серіктестіктерге қойылатын

⁴³ «Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 39 қаулысы

талаптар жеңілдетілді, бұл тек өз қатысушыларына кредит беру ерекшелігіне және кредиттік серіктестікке қатысу қағидаттарына негізделген.

Қабылданған түзетулер микрокредит беру субъектілеріне реттеушілік жүктемені оңтайландыруға және олардың шығасыларын қысқартуға мүмкіндік береді, бұл бейіндік қызметтегі бәсекелестікті дамытуға ықпал ететін болады.

Реттеушілік есептілікті жетілдіру. Микроқаржыландыру нарығын және оған ілеспе тәуекелдерді талдау сапасын, сондай-ақ статистикалық ақпараттың тиімділігін арттыру үшін 2023 жылғы шілдеден бастап Ұлттық Банкке ұсынылатын МҚҚЖҰ реттеушілік есептілігіне өзгерістер күшіне енді.

Өзгерістер енгізу шеңберінде МҚҚЖҰ несие портфелінің құрылымы бойынша қарыз алушылардың санаттары мен санын, олардың субъективтілігін, кредит беру мақсаттарын, қамтамасыз ету түрлерін көрсететін қосымша көрсеткіштерді енгізу бөлігінде реттеушілік есептіліктің нысандары мазмұндық түрде кеңейтілді. Бұдан басқа, алаяқтық операциялар және қосымша қызмет түрлері бойынша статистикалық деректерді жинауға арналған нысандар әзірленді.

МҚҰ несие портфелінің мөлшері бойынша мәліметтерді жедел алу мақсатында ұсынылатын есептілік кезеңділігі тоқсан сайынғы форматтан ай сайынғы форматқа өзгертілді.

Қорландыру базасын кеңейту. Бүгінгі таңда өңірлердегі, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың тиімді көздерінің бірі кредиттік серіктестіктер болып қала береді. Сонымен қатар, кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелінің өсуіне қарамастан, кредиттік серіктестіктердің әлеуеті капиталдың ішкі нарығындағы қорландыру көздерінің әртараптандырылмауымен және зәкірлік инвесторлардың болмауымен шектеледі. Осыған байланысты 2023 жылғы қарашада АХҚО аумағында бірінші APEX FUND I LP апекс қоры тіркелді, оның міндеті кредиттік серіктестіктерді қаржыландырудың нарықтық тетігін құру болып табылады. Апекс қор қызметі негізінен агроөнеркәсіптік секторға кредит беру мөлшерінің ұлғаюына байланысты Қазақстан экономикасына оң әсер етеді.

Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру арқылы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл. Қаржылық қызметтер көрсетудің қауіпсіздігін арттыру және микрокредитті алаяқтық жолмен ресімдеу мүмкіндігін болдырмау үшін 2023 жылғы қазанда жеке кабинетте тіркелу, парольді ауыстыру және микрокредит беру кезінде клиенттерді идентификаттау және бірдейлендіру тәсілдері кем дегенде 2 әдісті пайдалану жөніндегі талапты белгілеу арқылы қатандатылды, олардың бірі биометриялық идентификаттау болып табылады.

Адал азаматтардың атына ресімделген жалған берешекке байланысты мәселелерді реттеу мақсатында микроқаржы ұйымының осындай берешекті есептен шығару және қарыз алушылардың кредиттік тарихын түзету жөніндегі іс-қимылдарының мерзімі мен тәртібі белгіленген.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және кредиттік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында интернет-ресурс пен мобильді қосымшаны қоса алғанда,

МҚҰ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін әзірлеуге және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар енгізілді.

Лицензиялау-рұқсат беру қызметін жетілдіру. Мемлекеттік қызмет көрсету рәсімін оңтайландыру мақсатында микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру процесі баламасыз (электрондық) нысанға ауыстырылды.

Бұдан басқа, 26 FATF ұсынымын ескере отырып, 2023 жылы көрсетілетін қызметті алушының ірі қатысушы (акционер) – жеке тұлға туралы, сондай-ақ ірі қатысушының (акционердің) – заңды тұлғаның террористік әрекетке қатысы жоқ және ақшаны жылыстатуы тұрғысынан олардың басшылық құрамы туралы мәліметтерді ұсыну қажеттілігін көздейтін лицензиялық талаптар күшейтілді. Бұл ретте дәйексіз мәліметтерді ұсыну лицензия беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Тиісті өзгерістерді енгізу қылмыскерлердің немесе олармен байланысты адамдардың МҚҚЖҰ-дағы елеулі немесе бақылаушы үлесін иеленуіне жол бермеуге бағытталған.

Бұдан басқа, Агенттік микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде екінші деңгейдегі банкке айналдыру мақсаттары үшін лицензияны қайта ресімдеу рәсімінің тәсілдерін қайта қарады. Осылайша, бұрын ұсынылған құжаттарда өзгерістер болмаған кезде МҚҚЖҰ-ның біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар мен мәліметтерді қайта ұсыну қажеттілігі алып тасталды, бұл лицензияны қайта ресімдеу уақытын едәуір қысқартады.

2.6 Қаржы нарығында бәсекелестікті дамыту

Агенттіктің қаржы нарығындағы бәсекелестікті дамыту жөніндегі саясаты қаржы нарығында қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастыруға, оның ішінде әкімшілік кедергілерді азайту және теңгерімді реттеуші ортаны құру арқылы бағдарланған. Агенттік сонымен қатар цифрлық трансформацияға, қаржы өнімдері мен қызметтерінің инклюзивтілігі мен ашықтығын арттыруға, сондай-ақ нарыққа қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға ұмтылады.

2023 жылы Қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін бағалау кезінде FSAP бағдарламасы шеңберінде Агенттіктің қаржы секторындағы бәсекелестікті күшейту жөніндегі бұрын іске асырылған бастамаларына, оның ішінде МҚҰ-ны екінші деңгейдегі банктерге айналдыру, Қазақстанда Open API және Open Banking дамыту жөніндегі заңнамалық және нормативтік өзгерістерге, сондай-ақ банктік қызметтер нарығына жаңа шетелдік ойыншыларды тарту мақсатында кіру талаптарын ырықтандыру жөніндегі шараларға қолдау көрсетілді. Бұл ретте даму институттары арқылы экономиканы тікелей қаржыландырудан жеке қаржы ұйымдары арқылы қаржыландыруға баса назар аудару қажеттігі атап өтілді.

Қаржы нарығында бәсекелестікті арттыру. Мемлекет басшысының банк секторындағы бәсекелестікті арттыру үшін елге үш сенімді шетелдік банкті тарту жөніндегі тапсырмасы бойынша Агенттік 2023 жылы банкті (бейрезидент

банктің филиалын) ашу жөніндегі талаптарды ырықтандыру бойынша заңнамалық түзетулер әзірледі, онда банктер мен филиалдарды ашу процесін оңайлату, оның ішінде шетелдік қаржы ұйымдарының Қазақстанның нарығына кіру үшін реттеушілік талаптарды төмендету, сондай-ақ кредиттік рейтингке байланысты рұқсат беру құжаттарының топтамасын қысқарту және ақпараттық жүйелерден не өтініш беруші елдің қаржы реттеушісінен қажетті құжаттарды алу процесін оңтайландыру көзделеді.

Зейнетақы қызметтері нарығында бәсекелестікті дамыту үшін зейнетақы активтерін жеке басқарушылардың капиталына қойылатын талаптар төмендетілді және басқарудағы активтер мөлшеріне қарай сараланды. Бұдан басқа, шетелдік басқарушы компаниялардың зейнетақы активтерін басқаруға рұқсат беру үшін заңнамалық жағдайлар жасалған.

Реттеушілік жүктемені оңтайландыру, орнықты микроқаржы нарығын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында микроқаржыландыру субъектілерін реттеуде сараланған тәсіл енгізілді. Мәселен, 2023 жылы тепе-тең реттеу қағидаттарын қолдануды қамтамасыз ету үшін және шығасыларды қысқарту мақсатында нормативтік деңгейде⁴⁴ ломбардтар үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшерін және левередж коэффициентін сақтау жөніндегі талаптар алып тасталды, кредиттік серіктестіктер үшін қарыз алушылардың борыш жүктемесінің коэффициентін есептеу міндетінің күші жойылды.

Ипотекалық тұрғын үй кредит беру нарығында бәсекелестікті дамыту мақсатында 2023 жыл ішінде БҚДА-мен⁴⁵ бірлесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша жұмыс жүргізілді, онда тұрғын үй құрылысы жинақ жүйесіне қатысу құқығын екінші деңгейдегі банктерге тарататын түзетулер көзделеді.

Бюджеттен тыс қорларды бәсекелестік ортаға беру. 2023 жылы Ұлттық Банктің бюджеттен тыс қорлардың активтерін басқарушы компанияларға жеке басқаруға беру жөніндегі іс-шаралар іске асырылды. Беруге жататын активтер тізіміне «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік сервистік бюросы» АҚ, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (меншікті активтер), «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ, «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (меншікті активтері) активтері шамамен 3,6 трлн теңге сомасына енгізілді.

Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы бюджеттен тыс қорлардың активтерін бәсекелестік ортаға беру Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығына оң әсер етеді деп күтілуде. Бұл басқарудағы активтер

⁴⁴ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне микроқаржылық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 39 қаулысы

⁴⁵ Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

мөлшерін ұлғайту мүмкіндігі есебінен жеке басқарушы компаниялар нарығын дамытуға, сондай-ақ басқарушылар арасындағы бәсекелестікті күшейту есебінен берілген активтерді басқару тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Open API және Open Banking технологияларын дамыту. 2023 жылы Open API пайдаланатын банктерге қолжетімділіктің кеңеюі байқалады. Қаржы өнімдері мен сервистері үшін Open API пайдаланатын ЕДБ-ның үлесі 2022 жылғы 52%-дан 2023 жылы 62%-ға дейін ұлғайды.

Қаржы нарығындағы бәсекелестікті дамыту, жаңа қаржы өнімдері мен сервистерін құру мақсатында Агенттік Ұлттық Банкпен және «Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ-мен (бұдан әрі – «ҰТК» АҚ) бірлесіп 2023 жылы қаржы нарығына қатысушылар арасында стандартталған және қауіпсіз деректер алмасу процестерін регламенттейтін Open API стандарттарын әзірледі. «ҰТК» АҚ базасында қатысушылардың API аккредиттелуін және жариялануын қамтамасыз ететін Open API технологиялық платформасы құрылды, оған келісімдерді басқару сервисі кіреді. Open Banking экожүйесіне қатысушы қаржы ұйымдарының өзара іс-қимылы мен электрондық хабарламалармен алмасу тәртібін айқындайтын техникалық құжаттар әзірленді.

2023 жылғы қараша-желтоқсанда қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп, клиенттердің келісімімен банктік шоттар және оларға қаражат қалдықтары туралы ақпарат алу процесін тестілеуге бағытталған пилоттық жоба өткізілді. Пилоттық жобаға екінші деңгейдегі бес банк («Bank RBK» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Home Credit Bank» АҚ және «Отбасы Банк» АҚ) және олардың клиенттері қатысты. Пилоттық жоба барысында «ҰТК» АҚ құрған Open API технологиялық платформасының мүмкіндіктері мен өзара іс-қимыл интерфейстері тестілеуден өтті. Платформада 321,2 мыңға жуық сұрату өңделіп, бағытталды. Пилоттық жобаның нәтижелері Ұлттық Банктің интернет-ресурсында «Open API және Open Banking: пилоттық жобаның нәтижелері туралы баяндама» баяндамасында жарияланды.

2.7 Қаржы нарығындағы ESG орнықты даму қағидаттарын енгізу

Қаржы нарығын реттеуге ESG қағидаттарын енгізу Агенттік жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстандық компаниялар үшін қолжетімді қаржы құралдарының желісін кеңейту үшін «жасыл» облигациялар, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар (ESG облигациялары) сияқты бағалы қағаздардың түрлерін шығару және айналысқа шығару тәртібі мен шарттары заңнамалық түрде белгіленді.

Жаңа ESG облигацияларын енгізу экономиканы орнықты дамыту және экологияландыру саласында қаржыландыруды дамыту жөніндегі бастамаларды ілгерілетуге, сондай-ақ экология, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік маңызы бар жобалар, корпоративтік басқару сапасын жақсартуға байланысты жобаларды іске асыруға бағытталған. Сонымен қатар, облигацияны айналым мерзімінсіз шығару мүмкіндігін енгізу арқылы Эмитенттер белгілі бір өтеу мерзімінің

болмауы айрықша ерекшелігі болып табылатын облигацияларды шығару мүмкіндігіне ие бола бастады.

Сонымен қатар, эмитенттерге жеке кәсіпкерлік субъектілерінің «жасыл» облигациялар бойынша сыйақыны субсидиялау түрінде қаржылық қолдау алу мүмкіндігін беру, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі және Даму КДҚ сияқты даму институттарының кепілдіктері түріндегі облигациялар бойынша қамтамасыз ету түрлерін кеңейту арқылы борыштық бағалы қағаздар шығаруға ынталандыру шаралары іске асырылды.

Қазақстанда құқықтық жағдайлар жасау және қаржы нарығында ESG қағидаттарын енгізу бойынша қабылданып жатқан шаралар орнықты қаржыландыру көлемінің оң серпініне ықпал етті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның шығарылған ESG облигацияларының мөлшері 247 млрд теңгені құрады, оның ішінде 208 млрд теңгеге облигациялар KASE-де шығарылды, 39 млрд теңгеге облигациялар AIX-те шығарылды.

Тартылған қаражат «жасыл» және әлеуметтік жобаларды іске асыруға бағытталды. Мәселен, АДБ «Отбасы банк» АҚ бағдарламасы арқылы әйелдерге ипотекалық кредит беру үшін гендерлік облигациялар шығарды. «KazWind Energy» ЖШС компаниясы жел электр станцияларын салу жобасын іске асыру үшін «жасыл» облигациялар шығарды.

Облигациялардың шамамен 16 шығарылымының 2-уі ДАМУ қорының купондық сыйақысының бір бөлігін субсидиялаумен шығарылғанын атап өткен жөн.

2023 жылғы маусымнан бастап Агенттік қаржы жүйесін экологияландыру жөніндегі қаржы реттеушілерінің жаһандық желісінің (Network for Greening the Financial System, NGFS) толыққанды мүшесі болды. NGFS Париж келісімінің мақсаттарына жету және тәуекелдерді басқарудағы және «жасыл» инвестицияларды жұмылдырудағы қаржы жүйесінің рөлін арттыру бойынша жаһандық шараларға ықпал етеді.

Қаржы секторында ESG-ақпараттың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылғы сәуірде Агенттік сенімді, пайдалы және салыстырмалы ESG-ақпаратты жария етуді дайындау үшін нұсқау ретінде банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін ESG-ақпаратты жария ету жөніндегі нұсқауды қабылдады. Нұсқауда ESG-факторлардың және онымен байланысты тәуекелдердің бизнестің қаржылық көрсеткіштеріне әсері туралы, сондай-ақ ұйымның қоршаған ортаға, әлеуметтік салаға және экономикаға әсері туралы ақпараттың маңыздылығынан тұратын қос маңыздылық тұжырымдамасы шеңберінде қаржылық емес ақпаратты жариялауды ұсынды. Қаржы ұйымдарының ұсынымдарға сәйкес келуі ESG-факторларға және ESG-тәуекелдерді басқаруға байланысты мәселелер бойынша қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету есебінен мүдделі тараптар мен инвесторлар тарапынан сенімді арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржы ұйымдары бұл құжатты ESG-факторлардың жыл сайынғы есептілік шеңберінде олардың қызметіне әсерін бағалау туралы есепті дайындау және жариялау үшін пайдалана алады. Бұл ретте, қаржы ұйымдарының ESG-

ақпаратты жария етуі 2023 жылдың қорытындылары бойынша ESG жариялайтын есеп шеңберінде ерікті болып табылады. Нұсқау бойынша ақпаратты міндетті түрде жария ету 2024 жылдың қорытындысы бойынша енгізу жоспарлануда.

2023 жылы Агенттік Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесіп, сондай-ақ Банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару бойынша әдіснамалық нұсқауды (Environmental and social risk management, ESRM), ESG қағидаттарын қаржы ұйымдарының стратегиялары мен бизнес-модельдеріне кезең-кезеңімен интеграциялау бойынша ұсынымдармен әзірледі. Нұсқауда ESG тәуекелдерін басқару рәсімдерін, оларды кредиттеу және одан кейінгі мониторинг бойынша шешімдер қабылдау процесіне интеграциялау көзделді. Бұдан басқа, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдеріне, сондай-ақ қаржы ұйымдары менеджменті мен қызметкерлерінің рөлдері мен міндеттеріне қойылатын талаптар көзделген. Әдіснамалық нұсқауды бекіту 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жоспарланған.

Жалпы алғанда, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау және басқару жөніндегі негізгі стандарттарды енгізу процесі қаржы ұйымдарына ESG стандарттарын ерікті түрде сақтаудан олардың міндетті орындалуына ауыса отырып, жаңа реттеушілік талаптарға бейімделу мүмкіндігін бере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.

Қаржы нарығында ESG қағидаттарын сәтті енгізу және қаржы секторына қатысушылардың сараптамалық әлеуетін арттыру үшін Агенттік 2023 жылғы шілдеде тұрақты қаржыландыру саласындағы сарапшылардың оқыту семинарлары мен дөңгелек үстелдер өткізуін көздейтін 2023 жылға арналған ESG мәселелері бойынша хабардар болуды арттыру үшін Жол картасын бекітті. Агенттік IFC, Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен (ЕКДБ) және «үлкен төрттік» компанияларымен бірлесіп 2 мыңнан астам аудиториямен онлайн және офлайн режимде қаржы секторының өкілдері үшін 16-ға жуық семинар өткізді.

2.8 Қадағалап ден қою

2.8.1 Банк секторы

Қадағалау қызметі шеңберінде банктердің, банк конгломераттарының қаржылық жағдайына талдау жүргізілді. Банктер мен банк конгломераттарының қызметін бақылау және қадағалау тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылады.

2023 жылы қашықтан қадағалау шеңберінде бақылаудағы субъектілердің негізгі қаржылық көрсеткіштерінің өзгеруіне апта сайынғы негізде мониторинг жүргізілді, оның ішінде тәуекел аймағы жоғары банктер бойынша негізгі қаржылық көрсеткіштер мен ағымдағы ахуалдың өзгеруіне күнделікті мониторинг жүргізілді. Мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша банктерге олардың қызметіндегі тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі ұсынымдармен,

сондай-ақ бизнес-процестер мен тәуекелдерді басқару жүйесіндегі анықталған кемшіліктерді жою қажеттігі туралы ақпарат жеткізілді.

«Банктердегі өкілдіктер» институты шеңберінде Агенттік қызметкерлері жетекшілік ететін банктердің алқалы органдарының (акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, Басқарма, Директорлар кеңесі және Басқарма жанындағы комитеттер) отырыстарына шығарылған мәселелерді, олардың ішінде тәуекелдерді басқаруды, мәмілелер жасауды, оның ішінде банктермен үлестес тұлғалармен мәмілелер жасауды, заңнамалық белгіленген және ішкі талаптар мен лимиттер және т.б. сақтауды қарады.

Есепті кезеңде инспекциялық қызмет шеңберінде активтердің сапасын бағалау, заңнама талаптарын орындау (оның ішінде байланысты тараптармен мәмілелер бойынша, бухгалтерлік есеп жүргізу бойынша, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша (бұдан әрі – КЖ/ТҚК), корпоративтік басқаруды ұйымдастыру және тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау, кірістілікті, ағымдағы өтімділікті талдау мәселелері бойынша, сондай-ақ Агенттіктің құзыретіне жататын өзге де мәселелер бойынша банктерді 4 тексеру (2 жоспарлы және 2 жоспардан тыс тексеру) жүзеге асырылды.

Қадағалау қызметі шеңберінде заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттік органдардың келіп түскен жолданымдарына байланысты банктердің заңнама талаптарын және олардың ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы тұрғысынан 25 құжаттамалық тексеру жүргізілді.

Қашықтан қадағалау және инспекторлық тексеру қорытындылары, сондай-ақ лицензиялық-рұқсат беру қызмет шеңберінде банктерге және банк холдингтеріне қатысты мынадай шаралар қолданылды:

- 37 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы;
- қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту бойынша жазбаша ұйғарым нысанындағы 19 шара;
- жалпы сомасы 70,3 млн теңгеге 197 әкімшілік жаза.

Қадағалап ден қою шаралары банк заңнамасының, КЖ/ТҚК туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіндегі, сондай-ақ төлем қызметтерін ұсыну кезіндегі кемшіліктері үшін қабылданды.

2.8.2 Сақтандыру секторы

Қадағалау қызметі шеңберінде Агенттік сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру топтарының қаржылық жағдайына талдау жүргізді.

2023 жылы қашықтан қадағалау шеңберінде ай сайынғы негізде қадағалаудағы субъектілердің қаржылық көрсеткіштерінің өзгеруіне мониторинг жүргізілді. Орнықтылық пен төлем қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштердің теріс серпіні бар сақтандыру ұйымдарының аттарына осындай өзгерістерге әсер ететін факторларды анықтау үшін қосымша сұраулар жіберілді.

2023 жылы барлық сақтандыру ұйымына Агенттік өз өкілдерін тағайындады. Агенттік өкілдеріне қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында тікелей бақылауындағы субъектілерге олардың орналасқан жері бойынша баруға, ауызша және жазбаша ақпарат пен түсіндірмелер сұратуға, автоматтандырылған жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізуге өкілеттіктер беріледі, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының, басқарманың, директорлар кеңесінің, тұрақты не уақытша жұмыс істейтін комиссиялардың (комитеттердің, жұмыс топтарының) жалпы отырыстарына байқаушы ретінде қатыса алады.

Есепті кезеңде инспекциялық қызмет шеңберінде 5 инспекторлық тексеру (4 – сақтандыру ұйымы, 1 – сақтандыру брокері) жүргізілді. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша қадағалап ден қою шаралары мен санкциялар қабылданды, іс-шаралар жоспарлары сұралды.

Тексеруге жататын негізгі мәселелер пруденциялық нормативтер мен сақтандыру резервтерін есептеудің дұрыстығы, бухгалтерлік есеп жүйесіндегі операциялар мен мәмілелерді көрсетудің дұрыстығы, сақтандыру, қайта сақтандыру, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі шарттарын жасау және орындау, бағалы қағаздарды есепке алу мен қайта бағалаудың дұрыстығы, есептелген тарифтердің барабарлығы, КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманың талаптарын орындау, активтер мен міндеттемелердің сапасы және менеджмент сапасын бағалау болып табылған.

Жеке және заңды тұлғалардың келіп түскен өтініштері негізінде 2023 жылы сақтандыру ұйымдарына 13 құжаттамалық тексеру жүргізілді.

Тақырыптық тексерулер шеңберінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың қолданыстағы шарттарының Заң⁴⁶ талаптарына сәйкестігі, қайта сақтандыру қызметі, ДББЖ-ны статистикалық деректермен сапалы толтыру мәселелері қаралды. Екінші деңгейдегі банктердің немесе микроқаржы ұйымдарының делдалдығы кезінде жасалған сақтандыру шарттарының талаптарына талдау жүргізілді. Еурохаттаманы енгізу және төлемдерді онлайн реттеу үшін сақтандыру ұйымдарының интерфейсінің сапасын бағалау жүзеге асырылды.

Мемлекет басшысының⁴⁷ тапсырмасын және Жалпыұлттық жоспардың⁴⁸ 8-тармағын орындау үшін тапсырмаларды іске асыру мәселелері бойынша Заңмен⁴⁹ ел аумағына шетелдік тіркеудегі автокөліктерді заңсыз әкелуді шектеу және оларды сақтандыру бойынша түзетулер қабылданды. Сақтандыру ұйымдарының шетелдік тіркеудегі көлік құралдарына қатысты міндетті

⁴⁶ «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы № 30 Қазақстан Республикасының Заңы

⁴⁷ 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 20-01-7.2 Хаттаманың 3.3.28-тармағы

⁴⁸ Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралардың 8-тармағы: барлық тиісті алымдар мен төлемдерді толық төлеу мүмкіндігін беретін Қазақстан Республикасының аумағына автомашиналарды әкелудің барлық арналарын жабу үшін шаралар қабылдау

⁴⁹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 177/VII Қазақстан Республикасының Заңы

автосақтандыруды жасасу бойынша талаптарды сақтауына мониторинг шеңберінде тексерулер жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша заңнамалық талаптарды бұза отырып жасалған 1 194 сақтандыру шарты бұзылды.

Бақылау-қадағалау функцияларының қорытындысы бойынша сақтандыру нарығының субъектілеріне қатысты жалпы сомасы 47,8 млн теңгеге айыппұл түрінде 30 әкімшілік жаза, заңнама талаптарын бұзушылықтарды жою бойынша 26 жазбаша ұйғарым және 49 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы қолданылды (оның ішінде 32-сі – «өмірді сақтандыру» саласының сақтандыру ұйымдарына қатысты, 16-сы – «жалпы сақтандыру» саласы, 1 – актуарийге қатысты).

2.8.3 Бағалы қағаздар нарығы

2023 жылы БҚНҚ-ды қашықтан қадағалау шеңберінде Агенттік мерзімді негізде RASS әдістемесі бойынша тәуекелдерге мониторинг жүргізді, ол нарыққа қатысушыларды тәуекел дәрежесі, кәсіби қызмет нәтижелері және қаржылық орнықтылық бойынша, оның ішінде БҚНҚ-ның пруденциялық нормативтерді, өзге де көрсеткіштер мен өлшемшарттарды (нормативтерді), айла-шарғы мақсатында жасалған мәмілелерді анықтау үшін және бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелерді орындауды және бағалы қағаздар нарығында жосықсыз практикалар тұрғысынан, БАҚ-ты шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы анықтау, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет туралы міндетті ақпаратты жариялау тұрғысынан тексеруді қоса алғанда саралауға мүмкіндік береді.

Есепті кезеңде инспекциялық қызмет шеңберінде БҚНҚ-ға қатысты 5 тексеру, оның ішінде жоспардан тыс 1 тексеру жүзеге асырылды, оның шеңберінде ҚР бағалы қағаздар рыногы туралы, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасының талаптарын бұзу анықталды.

БҚНҚ-ға қатысты қашықтан қадағалау және жүргізілген инспекторлық тексерулер нәтижелері бойынша мынадай шаралар қолданылды:

– 48 қадағалап ден қою шарасы, оның ішінде 27 – есептілікті, мәліметтерді және өзге де ақпаратты беру мерзімдерін бұзғаны не уәкілетті органға дұрыс емес мәліметтер бергені үшін, 2 – инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзғаны үшін, 4 – бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасағаны үшін, 2 – сатып алу кезінде пайлардың құнын дұрыс есептемегені үшін, 1 – іс-шаралар жоспарын орындау мерзімдерін сақтамағаны үшін, 6 – қаржы құралдарымен және өзге де қызметпен мәміле жасау жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін; 2 – депозитарлық және өзге де қызметті жүзеге асыру қағидаларын бұзғаны үшін, 4 – инспекциялық тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар үшін;

– әкімшілік құқық бұзушылық туралы 395 хаттама және 312,4 млн теңге жалпы сомаға айыппұл салынды.

2023 жылы меншікті капитал мен өтімді активтердің жеткіліктілік коэффициентін төмендете отырып, қатарынан 3 ай ішінде шығынды қызметке байланысты ерте ден қою шараларын көздейтін 7 іс-шара жоспары мақұлданды.

2023 жылы Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерін айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселелерін қарау жөніндегі Сараптамалық комитет KASE-де жасалған айла-шарғы белгілері бар 152 күдікті мәмілені қарады. Сараптамалық комитеттің қорытындысы бойынша бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің 63,6 млрд теңге сомаға 147 мәмілесі айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылды. Құқық бұзушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылды, айыппұлдардың жалпы сомасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы 193 хаттама бойынша 161,3 млн теңгені құрады. Айла-шарғы мәмілелерін бақылауды күшейту және олардың алдын алу үшін Агенттік жазбаша ұйғарым түрінде қадағалап ден қою шарасын қолданды, ол 2023 жылдың соңына дейін мәмілелері айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған KASE-де клиенттердің мәмілелер жасауын тоқтата тұрады.

Бағалы қағаздар эмитенттері мониторингінің қорытындысы бойынша 30 әкімшілік хаттама, қолданылған әкімшілік жазалардың жалпы сомасы 5,0 млн теңгені құрады. Бұзушылықтар «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңдарында белгіленген корпоративтік басқаруға қойылатын талаптарды сақтамауына байланысты болды. Эмитенттерге қатысты негізінен өз қызметі туралы ақпаратты жария ету мерзімдерін бұзғаны үшін 143 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

2.8.4 Микроқаржы секторы

2023 жылы халықтың шамадан тыс кредит алуының өсу үрдісінің сақталуына және тұтынушылық кепілсіз онлайн-микрокредиттеу сегментінде қарыз алушылардың жоғары шоғырлануына байланысты (МҚҰ тұтынушылық кредиттері бойынша барлық борышкерлердің 75%-ы) Агенттік осындай микрокредиттер беретін МҚҰ-ның микрокредиттер беру кезінде ЖТСМ және БЖК шекті мөлшерлерін, пруденциялық нормативтерді сақтауын, бухгалтерлік есеп жүйесіндегі операциялар мен мәмілелердің дұрыс көрсетілуін, реттеушілік есептілікті жасаудың дұрыстығын, сыйақының шекті мәнінің сақталуын бақылауға ерекше назар аударды.

2023 жылы Агенттік алғаш рет БЖК есептеу тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау тұрғысынан тұтынушылық кепілсіз онлайн-микрокредиттеу сегментінде қызметін жүзеге асыратын 77 МҚҰ-ға (сектордың несие портфелінің 93%-ы тиесілі) тақырыптық тексеру жүргізді. Көрсетілген тексерулер нәтижелері бойынша 43 МҚҰ қызметінде бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 38 МҚҰ-да – БЖК шекті мәнінің артуы, 5 МҚҰ-да – қарыз алушылардың кірістерін тексеру бойынша талаптар сақталмады. Тексеру қорытындылары бойынша 43 МҚҰ-ға қолданыстағы микрокредиттер бойынша БЖК-ға қайта бағалау жүргізуді және есептеудің бұзылуы анықталған кезде

қарыз алушылардың ағымдағы төлем қабілеттілігін ескере отырып, өтеудің жаңа кестелерін ұсынуды, БЖК-ны дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін микрокредиттер берудің ішкі жүйелерін пысықтауды, барлық бұзушылықтар жойылғанға дейін коллекторларға микрокредиттерді сатуды тоқтата тұруды көздейтін орындау мерзімі 3 айдан 6 айға дейінгі қадағалау шаралары қолданылды.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тәуекелге ұшырау деңгейі неғұрлым жоғары субъектілерге 43 инспекциялық тексеру жүргізілді, оның ішінде 33 МҚҰ (оның ішінде 14-і тұтынушылық кепілсіз онлайн микрокредиттер беретін МҚҰ), 7 ломбард, 3 кредиттік серіктестік.

Тексерулер нәтижелері бойынша:

- 15 шектеулі ықпал ету шарасы;
- 4 ескерту;
- 112 млн теңге жалпы сомаға 440 әкімшілік айыппұл.

Бұдан басқа, келіп түскен жолданымдар негізінде микроқаржыландыру субъектілеріне 250 құжаттамалық тексеру жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша 140 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды, 27 ескерту түрінде санкциялар шығарылды, жалпы сомасы 43,4 млн теңгеге 89 айыппұл салынды. Тексеру барысында қамтылған негізгі мәселелер БЖК мен ЖТСМ есептеу тәртібі мен шекті мәндерін сақтау, 60 күннен астам мерзімі өткен кезде микрокредиттер беру бойынша шектеулерді сақтау, пруденциялық нормативтерді орындау және оларды есептеудің дұрыстығы, бухгалтерлік есеп жүйесіндегі операциялар мен мәмілелерді көрсетудің дұрыстығы, мәліметтерді кредиттік бюроларға жіберудің дұрыстығы немесе уақтылығы, уәкілетті органға дұрыс емес қаржылық және реттеушілік есептілікті ұсыну, активтер бойынша провизияларды (резервтерді) қалыптастырудың барабарлығы, ішкі рәсімдердің КЖ/ТҚҚ шеңберінде ішкі бақылау қағидаларының талаптарына сәйкестігі, микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру тәртібін сақтау болып табылады.

2023 жылы микроқаржыландыру нарығының 88 субъектісінен, оның ішінде 72 субъектіден (МҚҰ – 34, кредиттік серіктестіктер – 1, ломбардтар – 37), мәжбүрлі түрде – 16 субъектіден (оның ішінде 9-ы қызметті қатарынан 6 ай бойы жүзеге асырмағаны үшін, 7-і қызметті заңнаманы жүйелі түрде бұза отырып жүзеге асырғаны үшін) лицензия қызметін ерікті түрде тоқтатуға байланысты қайтарып алынды.

3-тарау. Тарату процесі

Қаржы ұйымдарын мәжбүрлеп тарату процесінде Агенттіктің негізгі функциясы олардың кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға және қаржы ұйымдарының істерін аяқтауға бағытталған қызметін бақылау болып табылады. Таратылатын қаржы ұйымдары кредиторларының талаптарын қанағаттандыру көлемі мен мерзімдері активтердің, тарату массасына кіретін мүліктің саны мен сапасына, таратудың басталу мерзімдеріне, жасалған талап-арыз жұмыстарына байланысты.

3.1 Банк секторы

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша 9 банк (3.1.1-кесте) мәжбүрлеп тарату, 1 банк («Қазақстандағы Пәкістан Ұлттық Банкі» ЕБ АҚ) ерікті тарату процесінде болды.

3.1.1-кесте

01.01.2024 жағдай бойынша мәжбүрлеп таратылатын банктердегі негізгі көрсеткіштер

Таратылатын объектілер	Активтер	Міндеттемелер	Кредиторлар талаптарын қанағаттандыру кезектілігі	Кредиторлар талаптарын қанағаттандыру %-ы	млн теңге
					Есепті кезең бойынша ақшаның түсуі (12 ай)
«Валют-Транзит Банк» АҚ	8 755	49 991	3-очередь	58	73
«Қазинвестбанк» АҚ	7 178	129 967	8-очередь	6	103
«Delta Bank» АҚ	297 868	225 265	6-очередь	20	164
«Qazaq Banki» АҚ	110 961	79 362	2-очередь	27	928
«Астана Банкі» АҚ	50 593	73 179	2-очередь	66	2 505
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	15 890	45 787	6-очередь	31	171
«Tengri Bank» АҚ	10 076	42 019	6-очередь	47	11 378
«AsiaCredit Bank» АҚ	46 394	25 304	2-очередь	18	2 453
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	19 151	29 071	8-очередь	4	4 362

Дереккөзі: таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Таратылатын банктердің активтері басым көпшілігінде қарыздар бойынша берешектен және дебиторлық берешектен тұрады. Бұл ретте мерзімі өткен қарыздардың деңгейі 85%-дан 99%-ға дейінгі аралықты құрады.

Банкті мәжбүрлеп таратудың және оның қызметін тоқтатудың негізгі мақсаты – кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, олармен есеп айырысу және банктің барлық операциясын аяқтау. Банк кредиторларының талаптары «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген кезектілік тәртібімен қанағаттандырылады.

Таратылатын банктердің кредиторларының талаптарын қанағаттандырудың кезектілігі мен көлемі тарату массасына кіретін активтер мен мүлікке, олардың сандық және сапалық сипаттамаларына, сондай-ақ таратудың басталу мерзіміне, талап-арыз жұмысына және басқа да ілеспе факторларға байланысты болады.

Банктердің тарату комиссиялары 2023 жылы жалпы сомасы 20 771 млн теңгеге кредиторлармен есеп айырысты (3.1.2-кесте).

3.1.2-кесте
млн теңге

Таратылатын объектілер	2023ж. 1-тоқ	2023ж. 2-тоқ	2023ж. 3-тоқ	2023ж. 4-тоқ	2023 ж. барлық жүргізілген есеп айырысулар	Таратылу басталғаннан бері барлық жүргізілген есеп айырысулар
«Tengri Bank» АҚ	1 455	1 558	1 472	6 113	10 598	34 487
«Астана Банкі» АҚ	865	439	449	244	1 997	24 663
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	1 488	389	678	1 575	4 130	5 291
«AsiaCredit Bank» АҚ	85	418	359	1 259	2 121	3 480
«Qazaq Banki» АҚ	155	355	45	260	815	5 540
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	55	28	33	-	116	4 597
«Delta Bank» АҚ	355	-	174	101	630	3 129
«Валют-Транзит Банк» АҚ	10	10	10	10	40	10 739
«Қазинвестбанк» АҚ	-	-	324	-	324	7 162
Жиынтығы	4 468	3 197	3 544	9 562	20 771	99 088

Мәжбүрлеп тарату процесінде проблемалық берешекті өндіріп алу жөніндегі талап-арыз жұмысы ерекше рөл атқарады, бұл банктердің тарату комиссиялары жұмысының едәуір бөлігін құрайды.

Сонымен, таратылу басталғаннан бері 01.01.2024 жылға дейінгі кезеңде соттарға қойылған талап-арыз саны 7 595 болды, оның ішінде 340 талап-арыз соттың қарауында, 6 138 талап-арыз бойынша шешім заңды күшіне енді.

2023 жылдың соңында сотқа қойылған талап-арыз бойынша талаптардың жалпы сомасы 1 424 673 млн теңгені құрады, оның 1 048 574 млн теңгесі қанағаттандырылды (3.1.3-кесте).

3.1.3-кесте

Көрсеткіштер	Талап-арыз саны	Ұсынылған талаптар сомасы	Толық немесе ішінара көлемде қанағаттандырылды, сомасы
01.01.2024ж. сотқа қойылған талап-арыздар	7 595	1 424 673	1 048 574
<i>оның ішінде:</i>			
соттың қарауында	340	127 637	0
01.01.2024ж. жағдай бойынша заңды күшіне енген шешімдер	6 138	1 137 383	1 047 564
01.01.2024ж. жағдай бойынша заңды күшіне енген шешімдер	152	1 221	1 010

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша жекелеген банктердің тарату комиссияларының құқық қорғау органдарына өкілеттіктерін теріс пайдалану, акционерлер мен банк басшылығының банктерге келтірілген залал сомасына шамамен 118 млрд теңге және 93 млн АҚШ доллары көлемінде қасақана қайтарымызсыз кредиттер беру фактілері бойынша жіберген өтініштері негізінде қозғалған 8 қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттері жалғасуда.

2023 жылы «Delta Bank» АҚ-ның, «Қазинвестбанк» АҚ-ның, «AsiaCredit Bank» АҚ-ның басшылықтарына қатысты қылмыстық істер бойынша үкімдер

заңды күшіне енді, соларға сәйкес банктерге келтірілген залалдың жалпы сомасы 292 млрд теңгені және 175 млн АҚШ долларын құрады.

Есепті кезеңде таратылатын банктерді бақылау қызметі шеңберінде 3 көшпелі инспекциялық тексеру, 1 құжаттамалық тексеру жүргізілді, заңнама талаптарын бұзғаны үшін банктердің тарату комиссияларына қатысты 20 жазбаша ұйғарым қолданылды.

3.2 Сақтандыру секторы

2023 жылы «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ мәжбүрлеп тарату процесі аяқталды. «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ тарату комиссиясы істерді аяқтау және таратылатын сақтандыру ұйымы кредиторларының талаптарын қанағаттандыру бойынша жұмыс жүргізді.

Кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілген кредиторлармен есеп айырысу толық көлемде 10 669 мың теңге жалпы сомаға жүзеге асырылды.

2023 жылғы 22 ақпанда Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ тарату есебі мен тарату балансы бекітілді.

2023 жылғы 30 наурызда Агенттік қоғамды мәжбүрлеп таратуға байланысты «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ акцияларының шығарылымын жою туралы куәлік берді.

2023 жылғы 7 сәуірде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша филиалының №7518 бұйрығымен «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ мәжбүрлеп таратуды тіркеу жүргізілді және заңды тұлғаны тарату туралы жазба Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілді.

4-тарау. Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жосықсыз практикаларға қарсы іс-қимыл

2023 жылы Агенттік Қаржылық мониторинг агенттігімен және Ұлттық Банкпен өзара іс-қимыл жасай отырып, заңсыз қаржы ағындарына қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесінің тиімділігін арттыру жұмысын жалғастырды.

2023 жылдың маңызды оқиғасы Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимыл жөніндегі еуразиялық топтың қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін Өзара бағалау рәсімінің аяқталуы болып табылады.

4.1 Тәуекелге бағдарланған қадағалауды жетілдіру

Агенттіктің кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шеңберіндегі қызметі құқықтық базаны одан әрі жетілдіруге, сондай-ақ тиімді ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағдарланды.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топтың (бұдан әрі – ЕАТ) өзара бағалауы. 2023 жылы ЕАТ-тың Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін өзара бағалау (бұдан әрі – ЕАТ өзара бағалауы) рәсімі аяқталды. Бұл бағалау соңғы екі жыл ішінде жүргізілді.

Өзара бағалау қорытындысы ЕАТ 38-ші пленарлық отырысында айтылды. ЕАТ өзара бағалауының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы стандартты мониторингке қойылды.

ЕАТ сарапшы-бағалаушылары Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ/ЖҚҚТҚ) тиімді жүйесін құруда елеулі прогреске қол жеткізгенін атап өтті. Мемлекетте жүзеге асырылып жатқан реформалар шеңберінде КЖ/ТҚҚ/ЖҚҚТҚ бойынша заңнамаға елеулі өзгерістер енгізілді: үйлестіру және өзара іс-қимыл тетіктері жақсартылды, қаржы мекемелерінің жұмыс тетіктері жетілдірілді, жүйенің барлық қатысушылары қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін автоматтандырылған жүйелердің едәуір саны енгізілді.

ЕАТ-тың өзара бағалауы барысында Агенттік кірістерді жылыстатуға байланысты қылмыстарға қатысты операциялардың неғұрлым кең таралған белгілерін қорыту жөнінде шаралар қабылдағанын және оларды анықтау индикаторларын әзірлегенін атап өтті. Кірістерді жылыстатудың анықталған үлгілік схемаларына типологиялық талдау Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылған.

Қазақстанның көрсеткіштері Еуразиялық аймақ елдері арасында үздік нәтиже болды. Жалпы, мұндай бағалауды әлемнің 200-ден астам мемлекеті кіретін FATF жаһандық желісінің 15 елі ғана алды.

Сарапшы-бағалаушылар Агенттікте КЖ/ТҚҚ талаптарын қадағаланатын қаржылық мониторинг субъектілерінің сақтауын қадағалауды жүзеге асыру үшін жеткілікті ресурстардың бар екенін атап өтті.

Сарапшылардың бағалауы бойынша Агенттік қаржы ұйымдарының КЖ/ТҚҚ талаптарын сақтауын қадағалауда тәуекелге бағдарланған тәсілдің әртүрлі құралдарын барынша тиімді қолданған.

КЖ/ТҚҚ саласындағы реттеуді жетілдіру. Тәуекелге бағдарланған қадағалауды іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк Басқармасының № 67 қаулысы⁵⁰ қабылданды, ол екінші деңгейдегі банк, екінші деңгейдегі банктің клиенттері, екінші деңгейдегі банктің өнімдері мен қызметтері, қолма-қол ақша және қолма-қол емес ақша операциялары, екінші деңгейдегі банк клиенттерінің сыртқы экономикалық келісімшарттары және КЖ/ТҚҚ шаралары туралы есептің жаңа нысанын бекітті.

Есептіліктің жаңа нысаны екінші деңгейдегі банктердің сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалауды жүзеге асыруға және тексерулерді жоспарлау кезінде бағалау нәтижелерін ескеруге мүмкіндік береді.

Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтердің (криптовалюталардың) айналымын реттеу мақсатында екінші деңгейдегі банктердің АХҚО криптобиржасына қатысушылармен операциялары бойынша криптовалюталарды пайдалану тәуекелдерін барынша азайтуды көздейтін №14 қаулы⁵¹ қабылданды. Түзетулер АХҚО қатысушысына қатысты тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдануды, жүргізу кезінде клиенттерді тиісінше тексерудің күшейтілген шаралары жүргізілетін біржолғы операциялардың шекті сомаларын белгілеуді көздейді.

Қаржы құралдарын пайдалана отырып, есірткінің таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған ведомствоаралық іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін Агенттіктің нормативтік құқықтық актісімен⁵² банк пен оның клиенттерін ойын бизнесімен және есірткінің заңсыз өндірілуімен, айналымымен және (немесе) транзитімен байланысты құқыққа қарсы қызметке тартуға жол бермеу, сондай-ақ азаматтарда ойынға тәуелділікті қалыптастыруға қарсы іс-қимыл жасау үшін мынадай талаптар көзделген:

⁵⁰ «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығына қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 67 қаулысы

⁵¹ «Екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 14 қаулысы

⁵² «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 99 қаулысы

- банктің он және одан да көп төлем карточкасының ұстаушылары болып табылатын клиенттеріне және соңғы 6 (алты) ай ішінде ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына жалпы сомасы 300 000 (үш жүз мың) теңгеден астам үш және одан да көп төлем жасаған клиенттерге қатысты банктің тиісті тексерудің күшейтілген шараларын жүргізуі;

- банктердің жиырма бір жасқа толмаған жеке тұлғалардың ойын бизнесін ұйымдастырушының пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, электрондық казино мен интернет-казиноның пайдасына төлемдерді жүзеге асыруға тыйым салу;

- есірткілердің заңсыз өндірілуі, айналымы және (немесе) транзиті факторы негізінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың жоғары тәуекелі бар елдердің резиденттері болып табылатын клиенттермен қашықтан іскерлік қатынастар орнатуға тыйым салу;

- банк берілген сенімхат негізінде клиенттің атынан іс-қимыл жасайтын клиенттің өкілі арқылы іскерлік қатынастар орнатқан клиентті биометриялық сәйкестендіруді жүргізу.

4.2 Қаржы нарығындағы жосықсыз практикаларға қарсы іс-қимыл

Агенттік қаржы пирамидалары мен қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу мақсатында 2023 жылы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл бойынша бірқатар жүйелі шараларды іске асырды.

Кредиттік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін іске асыру жөніндегі жол картасын Үкімет 2023 жылғы сәуірде (бұдан әрі – Жол картасы) бекітті. Жол картасын іске асыру мақсатында Агенттік 2023 жылғы қазанда ЕДБ мен МҚҰ ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды қатаңдатты. Атап айтқанда, кредитті әрбір ресімдеу немесе өзінің дербес деректерін өзгерту кезінде қарыз алушыға биометриялық тексеру жүргізу міндеті енгізілді. Мобильді құрылғыны бұзу немесе қашықтан басқару анықталған жағдайда банктер мен МҚҰ мобильді қосымшаларын міндетті түрде бұғаттау енгізілді. Трансшекаралық интернет-алаяқтықтың алдын алу үшін қосымша клиенттің географиялық орналасуын тексеру енгізілді.

Азаматтарды алаяқтардан қорғау үшін 2023 жылғы желтоқсанда азаматтардың банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту құқығын көздейтін Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі заңға⁵³ қол қойылды.

Қаржы нарығындағы алаяқтық операциялардың санын азайту мақсатында Агенттік Ұлттық Банкпен бірлесіп заң жобасына алаяқтық операциялар бойынша деректер жинауды қамтамасыз ететін және нарық субъектілеріне

⁵³ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 44-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы

күдікті транзакцияларды онлайн бұғаттауға мүмкіндік беретін Антифрод-орталық құру үшін құқықтық негіз қалыптастыруды көздейтін заңнамалық бастамаларды енгізді.

Алаяқтық пен қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар кешені. Қаржы пирамидаларына және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын нығайту мақсатында Бас прокуратура басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп 2023-2024 жылдарға арналған алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар кешенін (бұдан әрі – Іс-шаралар кешені) бекітті.

Іс-шаралар кешенін іске асыру шеңберінде Агенттікке үшінші тұлғалардың микрокредиттерін ресімдеу бөлігінде МҚҰ-ға қатысты қадағалау жұмысын шоғырландыру және халықтың қаржылық сауатсыздығының алдын алу және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша халықпен жедел өзара іс-қимыл жасау мүмкіндіктерін кеңейту бойынша міндеттер айқындалды.

Іс-шаралар кешеніне сәйкес 2023 жылы Агенттік жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары және үшінші тұлғалардың электрондық тәсілмен ресімделген микрокредиттер мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың сұрау салулары негізінде 58 жолданым фактісі (жеке тұлғалардың 53 жолданымы, мемлекеттік органдардың 5 ұсынымы) бойынша МҚҰ-ға құжаттамалық тексерулер жүргізді. Есепті кезеңде 49 құжаттамалық тексеру тағайындалды және 1 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Жүргізілген тексерулердің қорытындысы бойынша 3 МҚҰ-да Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларының талаптарын бұзушылықтар анықталды. Агенттік 1 МҚҰ-ға қатысты жазбаша ұйғарым қолданды. 12 микрокредит бойынша МҚҰ 1,5 млн теңге сомаға берешекті есептен шығарды, сондай-ақ кредиттік тарихқа түзету жүргізілді. 4 микрокредит бойынша сыйақы есептеу және клиенттің микрокредит алмау фактісін растайтын сот шешімін алғанға дейін талап-арыз жұмысын жүргізу тоқтатылды.

Халықты күмәнді ұйымдар туралы ескерту үшін Агенттіктің ресми сайтында кепілді кірісті (мүліктік пайданы), оның ішінде Агенттікке азаматтардың шағымдары түскен іс-қимылдарды төлеуге уәде бере отырып, азаматтар мен ұйымдардан ақша тарту бойынша қызмет белгілері бар адамдардың тізімі жарияланады. 2023 жылдың соңына қарай аталған тізім 265 субъектіден тұрды.

Агенттік тұрақты негізде жосықсыз қызмет белгілері бар ұйымдар бойынша материалдарды анықтау және оларды құқық қорғау органдарына беру бойынша жұмыс жүргізуде. 2023 жылы Агенттік ІІМ-ға 37 күмәнді ұйым бойынша ақпарат жіберді.

5-тарау. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржылық инклюзияны арттыру

2023 жылы Агенттік қаржы секторына сенімнің маңызды факторы ретінде қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастырды. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың жолданымдары қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша осал тұстарды анықтау және шаралар қабылдау үшін маңызды құрал болып қала береді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау шеңберінде Агенттік коллекторлық қызметті реттеуді күшейту жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Агенттік жұмысының маңызды бағыттары – қаржылық инклюзияны және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру.


5.1 Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар

2023 жылы Агенттік жеке және заңды тұлғалардың 62,1 мың жолданымын қарады, бұл 2022 жылғыға (35,3 мың) қарағанда 76%-ға көп. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі 2023 жылдың қорытындысы бойынша жүргізген мемлекеттік органдар қызметін бағалауға сәйкес Агенттік азаматтардың «е-Өтініш» АЖ бойынша келіп түскен жолданымдарымен жұмыс істеудің тиімділігінің жоғары дәрежесін көрсетті.

Жолданымдардың негізгі үлесі дәстүрлі түрде банк және микроқаржы секторларына тиесілі және банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті реттеу мәселелерімен байланысты (тиісінше 53% және 29%), жолданымдардың қалған 18%-ы коллекторлық агенттіктер мен кредиттік бюроларды қоса алғанда, қаржы нарығының басқа субъектілеріне тиесілі.

5.1.1-сурет

Агенттікке 2023 жылы келіп түскен жолданымдар құрылымы



2023 жылы байланыс арналары арқылы Агенттікке азаматтардан 23,5 мыңнан астам қоңырау мен сауалдар келіп түскен. Call-орталық оның 20,6 мың қоңырауын, Fingramota online мобильді қосымшасы арқылы –

1,6 мың сауалды өңдеді, Fingramota.kz сайтында онлайн консультант 1,4 мың консультация берді.

Агенттіктің қоғамдық қабылдау бөлмесінде 1 478 азамат қабылданды, оның ішінде азаматтардың 1 315 жолданымы банктік және микроқаржылық қызметке байланысты, негізінен тұтынушылық кредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті реттеу мәселелері бойынша, 54 – коллекторлық агенттіктердің қызметі бойынша, 109 – қаржы жүйесі заңнамасын түсіндіретін өзге де мәселелер, қаржылық алаяқтық, банктерді тарату және басқа мәселелер бойынша. Апта сайынғы негізде Агенттік 704 өтініш берушіні қабылдады.

2023 жылы «е-Өтініш» АЖ арқылы азаматтардан келіп түскен жолданымдардың негізінде⁵⁴ Агенттік өтініш берушінің «портретін» жасады. Өтініш берушінің орташа жасы – 38,5 жас, бұл ретте жас ерекшелігі бойынша өтініш берушілердің басым бөлігін 18-44 жас аралығындағы тобы 68%-ды, 45-59 жас аралығындағы тобы 19%-ды, 60-74 жас аралығындағы тобы 7%-ды, 75 жастан асқан өтініш берушілер 1%-ды құрады.

Гендерлік тұрғыдан алғанда әйелдердің үлесі – 54,8%, ерлердің үлесі – 39,3%. 45-59 жас аралығындағы топтағы әйелдердің үлесі 63%-ды, 18-44 жас аралығындағы топтағы әйелдердің үлесі 56,4%-ды, 60-74 жас аралығындағы топтағы әйелдердің үлесі 62,3%-ды құрап, басым келеді. Жүгінген азаматтардың жалпы санынан жалдамалы қызметкерлердің үлесі 46%-ды, жұмыссыздар 5%-ды, көп балалы отбасылар мен зейнеткерлер 7%-ды, мүгедектік тобы бар адамдар 4%-ды құрайды. Аумақтық тиістілігі бойынша Алматы қаласы 80%-ды және Астана қаласы 13%-ды құрап, көш бастап тұр.

2023 жылы қаржы ұйымдарына жүргізілген тексерулерді талдау қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын негізгі бұзушылықтардың қарыз беру кезінде қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейінен асып кету, кредиторлардың азаматтардың мерзімі өткен берешегін реттеу жөнінде шаралар қабылдамауы, сақтандыру төлемін уақтылы төлемеу, сақтандыру ұйымдарының көлік құралына келтірілген зиян мөлшерін айқындау қағидаларының талаптарын бұзуы, коллекторлардың борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бұзуы екенін көрсетті.

Анықталған бұзушылықтар бойынша 2023 жылдың басынан бері Агенттік қаржы ұйымдарына қатысты 223 ден қою шарасын қолданып, 189,8 млн теңге сомаға 161 әкімшілік жаза шығарды.

5.1.1-кесте

Қаржы нарығына қатысушыларға қатысты қабылданған шаралар

Банктер	Сақтандыру нарығының субъектілері	МҚҰ	Коллекторлық агенттіктер	Өзге де ұйымдар
101	9	-	-	3
ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы	ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы			ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы
1	-	96	11	-
ұйғарым		ұйғарым/	ұйғарым	

⁵⁴ Өтініш берушілер көрсеткен мәліметтердің негізінде

2 ескерту

31	10	50	68	2
әкімшілік жаза (39,2 млн теңге)	әкімшілік жаза (3,1 млн теңге)	әкімшілік жаза (117,5 млн теңге)	әкімшілік жаза (29,2 млн теңге)	әкімшілік жаза (800 мың теңге)

Банктік қарыздар мен микрокредиттерді өтеуде қиындықтарға тап болған қарыз алушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамалық шаралардың іске асырылуын мониторингтеу. 2021 жылы енгізілген мерзімі өткен берешекті реттеудің бірыңғай және міндетті тәртібі 1,3 млн қарыз алушыға шарттардың талаптарын өзгертуге мүмкіндік берді, оның ішінде 2023 жылдың басынан бері кредиторлар 815 мың қарыз алушының (банктердің 330 мың қарыз алушысы, МҚҰ-ның 485 мың қарыз алушысы) қарыздарын қайта құрылымдады.

Ипотекалық қарыз алушыларға қолдау көрсету үшін Агенттік Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыруды жалғастырады. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша банктер 313 млрд теңге сомаға 47 мың қарызды қайта қаржыландырды. Халықтың әлеуметтік осал тобына (ХӨОТ) жататын ипотекалық қарыз алушыларға кредит бойынша борыш мөлшерін азайту, сондай-ақ банк балансында тұрған жалғыз баспананы қарыз алушыға қайтару түрінде қосымша қолдау шараларын көрсету бойынша жұмыс жүргізілуде. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша ХӨОТ-қа жататын 10,6 мың қарыз алушыға 79,7 млрд теңге сомаға қолдау көрсетілді. ХӨОТ-қа жататын қалған 922 қарыз алушыны қамту үшін көмек көрсету мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Бағдарламаның шеңберінде Банктердің қарыздарды қайта қаржыландырудан бас тартуларына қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиялар 2023 жылы 109 отырыс өткізіп, онда қарыз алушылардың 1 816 шағымы қаралды (1 035 жолданым бойынша қайта қаржыландыру туралы шешімдер қабылданды, қарыз алушылардың 781 жолданым бойынша банктердің бас тартуы заңды деп танылды).

2022 жылғы желтоқсанда Агенттік пен Қорғаныс министрлігі арасында қол қойылған Меморандумның шеңберінде кредиторлар әскерге шақырылушылар мен әскери қызметшілерге мерзімді әскери қызметті өткеру кезеңіне кредиттер бойынша төлем мерзімдерін кейінге қалдыру бойынша жұмыс жүргізді. 2023 жылы алынған әскери қызметшілердің тізімдері бойынша 12 мың әскери қызметшінің 6,8 мыңнан астамына 2,3 млрд теңге сомаға төлемдер мерзімі кейінге қалдырылды.

Заңнамалық бастамалар. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында жүйелік шаралар қабылдау үшін 2023 жылғы ақпанда Агенттік жанынан мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен тұратын Жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы іс-қимылға бағытталған түзетулерді мақұлдады, олар кейіннен кредит беру кезінде тәуекелдерді азайту жөніндегі Заң жобасына енгізілді. Заң жобасының негізгі

бағыттары: қарыз алушылардың кредиттері бойынша борыштардың өсуіне жол бермеуді; мерзімі өткен берешекті сотқа дейінгі реттеу шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуді; банк омбудсманының өкілеттіктерін кеңейтуді және микроқаржы омбудсманын енгізуді; атқарушылық іс жүргізу шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуді; азаматтардың кредиттер бойынша банкроттық рәсіміне қол жеткізуін оңайлатуды; кредиттер бойынша қаржылық алаяқтықты азайтуды көздейді.

Тұтынушылардың қаржылық көрсетілетін қызметтердің құны туралы хабардар болуын арттыру үшін нормативтік құқықтық актілерге⁵⁵ түзетулер енгізілді, олар МҚҰ мен банктердің банктік қарыздар мен микрокредиттер шарттарында ЖТСМ-ны бірыңғай нысанда (белгілі бір қаріп өлшемі мен стилімен) көрсету міндетін көздейді. Осыған ұқсас талаптар салымдар, банктік қарыздар және микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпаратты қамтитын жарнамаға қатысты қолданылады.

Бұдан басқа, банктер қарыздар мен салымдарды жарнамалау кезінде сыйақының шекті мөлшерлемелерінің ауқымын көрсетуге, тұтынушыларды банктік шот пен салым шартының елеулі талаптары туралы хабардар етуге міндетті. Сондай-ақ банк қызметкерінің мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі айқындалды, қарыз алушыға мерзімнің өтіп кеткені хабарлаудың бірыңғай нысаны енгізілді.

Қарыз алушыларды қорғау үшін МҚҰ Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібіне⁵⁶ түзетулер енгізді, олар қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмай, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде негізгі борыш, сыйақы және айыпақы (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп алу мүмкіндігін болдырмауды көздейді. Сондай-ақ, МҚҰ-ның қарыз алушыға жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің немесе сыйақы мәнінің мөлшері, ЖТСМ мөлшері (микрокредиттің нақты құны), сондай-ақ микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы хабарлау міндеті енгізілді.

Қарыз және/немесе микрокредит шарттары бойынша мерзімді кешіктірген қарыз алушыларды қорғау мақсатында нормативтік құқықтық актілерге⁵⁷ мыналарды көздейтін түзетулер енгізілді: 1) қарыз алушының мерзім кешіктірілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң шарт талаптарын өзгерту туралы

⁵⁵ 1) «Банктік қызметтерді көрсету және банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызметтерді көрсету үдерісінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 136 қаулысы; 2) «Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде шарттың мазмұнына, ресімделуіне және микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төленетін сома, микрокредит мәні) туралы ақпаратты қамтитын оның бірінші бетіне, микрокредит беру туралы шарттың міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысы

⁵⁶ «Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде шарттың мазмұнына, ресімделуіне және микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төленетін сома, микрокредит мәні) туралы ақпаратты қамтитын оның бірінші бетіне, микрокредит беру туралы шарттың міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысы.

⁵⁷ «Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 84 қаулысы және «Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістерді қарау қағидаларын бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 82 қаулысы

өтінішпен банкке немесе МҚҰ-ға жүгіну мүмкіндігі; 2) банктің немесе МҚҰ-ның қарыз алушының өтінішін мерзімі өткен берешекті не оның бір бөлігін біржолғы өтеу бойынша талап белгілемей қарауы; 3) шарт талаптарын өзгертуден бас тартудың бірыңғай нысаны; 4) мерзім кешіктірілген уақыттан бастап 24 айдың ішінде берешекті жақсартушы жағдайларда реттеу жөніндегі рәсімдер жүзеге асырылмаған жағдайда коллекторлық агенттіктерге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес қарыз/микрокредит шарты бойынша құқықтарды (талап етулерді) басқаға беруге тыйым салу; 5) банктер мен МҚҰ-ның Агенттікке тоқсан сайын қарыз алушылардың кредит беру талаптарын өзгерту туралы өтініштерін қарау нәтижелері туралы ақпарат беруі.

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Қарызсыз қоғам» жобасын кеңейту жөніндегі Жолдауын іске асыру үшін Үкіметпен және АМАНАТ партиясымен бірлесіп алты басым бағыт пен 25 іс-шараны көздейтін Жол картасы әзірленді: 11 мемлекеттік орган мен 12 ЕДБ-мен «Қарызсыз қоғам» білім беру жобасын кеңейту жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандум жасасу; 3 республикалық маңызы бар қалада және 17 облыс орталығында жобалық офистер құру; оқушылар мен студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру; азаматтардың банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша проблемалық берешегін реттеу; алаяқтық, банкроттық мәселелері бойынша консультация беру; жобаға қатысушыларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу және заңнаманы жетілдіру.

Агенттік халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруды ақпараттық-түсіндіру және білім беру бағдарламалары арқылы Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасының шеңберінде іске асырады.

Халықтың қаржылық сауаттылығы жөніндегі www.fingramota.kz білім беру интернет-порталында қаржылық сауаттылық бойынша 286 материал жарияланды.

Медиажоспар шеңберінде республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында 2,7 мың материал мен сюжет, оның ішінде 2,2 мыңы өңірлік БАҚ-та жарияланды. FinGramota-ның Facebook, Instagram, Telegram-дағы ресми аккаунттарында 1,3 млн-нан астам қаралымды қамтыған 1 638 пост орналастырылды. Instagram-да 28,8 мыңнан астам қаралымды қамтыған 36 тікелей эфир өткізілді.

Бастауыш және орта мектеп жасындағы балалар үшін «Дружные ребята» және «Ұлан» республикалық газеттерінде есепті кезеңде 40 арнайы жолақ жарияланды. Бастауыш мектеп жасындағы балалар үшін YouTube.kz бейнехостинг платформасында «FinIQ Kids» қаржылық сауаттылық бойынша 14 мультипликациялық бағдарлама және 10 мультипликациялық (анимациялық) бейнеролик орналастырылды.

Азаматтарды барынша қамту үшін «Жұлдыз FM» республикалық радиостанциясында барлық нысаналы топқа арналған «Fingramota.kz-пен бес минуттың» 60 бағдарламасы іске қосылды.

Банкроттық рәсімдерді және мерзімі өткен берешекті реттеу тетігін жария ету жөніндегі медиажоспар шеңберінде ел өңірлерінде 1,8 мың тыңдаушыға арналған

48 семинар мен дөңгелек үстел, өңірлік коммуникациялар қызметтерінің ақпараттық алаңдарында 38 брифинг, радио мен телеарналарда 47 сөз сөйлеу, өңірлік баспа және интернет-басылымдарда 108 жарияланым және Агенттіктің және ЖАО-ның ресми аккаунттарда (Facebook, Instagram, Telegram) 460 иллюстративті пост жарияланды.

Қаржы қоғамдастығымен және жергілікті билік органдарымен бірлесіп Қаржылық сауаттылық бойынша оқыту өткізудің бірыңғай жоспары іске асырылуда. 2023 жылы жалпы саны 5,1 мыңнан астам тыңдаушыны қамтитын 152 оқыту іс-шарасы, оның ішінде оқушылар үшін 57, студенттер үшін 60, ересектер үшін 25, өңірлерде көшпелі 10 іс-шара өткізілді.

Агенттік өткізген іс-шаралардың нәтижесінде қаржылық сауаттылық деңгейі 2023 жылы 40,5%-ды (2022 жылы – 40,3%, 2021 жылы – 39,5%, 2020 жылы – 39,1%) құрады. Зерттеу нәтижелері өз қаржысын басқару; қаржылық көрсетілетін қызметтерді пайдалан алу; қаржы жүйесі туралы хабардар болу сияқты көрсеткіштер бойынша халықтың қаржылық сауаттылығының негізгі индикаторларының серпінін көрсетеді. Осындай зерттеулер жүргізу кезінде алғаш рет тұтынушылардың тұтынушылық кредиттерді ресімдеу кезіндегі іс-әрекеті және қарыз бойынша мерзімнің өтуі туындаған жағдайда кредит шарттары мен жауапкершілік туралы банк менеджерлері тарапынан толық ақпаратты жария ету бағаланды.

Қаржылық инклюзияны арттыру. Қаржылық инклюзияны және мүгедектігі бар адамдар (бұдан әрі – МБА) мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті арттыру Агенттік қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын⁵⁸ орындау шеңберінде 2020 жылдан бастап Агенттікте қаржылық инклюзияны дамыту жөніндегі мамандандырылған орган – МБА үшін қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мәселелері жөніндегі жұмыс тобы жұмыс істейді. Оның құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары, қаржы секторының өкілдері, тәуелсіз сарапшылар және МБА өкілдері кірді.

Жұмыс тобы мен мемлекеттік органдардың бірлескен қызметінің нәтижесі бойынша 2023 жылғы 7 қарашада Сауда және интеграция министрлігінің №428-НҚ бұйрығымен 38-44 «Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қызмет көрсету бойынша қаржы ұйымдары бөлімшелерінің қолжетімділігіне қойылатын талаптар» ұлттық стандарты бекітілді.

МБА және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары (бұдан әрі – ХЖШТ) үшін қаржылық қызметтер көрсетудің біріздендірілген тәсілін енгізу мақсатында Агенттік қаржы ұйымдарында азаматтардың осы санатына Ұлттық стандартқа сәйкес қаржылық қызметтер көрсету жөніндегі ережелердің болуын көздейтін «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңдарға өзгерістер енгізуде.

⁵⁸ «Мүгедектердің құқықтары турады конвенцияны ратификациялау туралы» 20.02.2015ж. №288-V ратификацияланған БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы

Бұдан басқа, Ұлттық стандарттың ережелерін орындау үшін «Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдары мен халқының өзге де жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қаржылық қолжетімділік туралы» Агенттік Төрағасының бұйрығы шықты. Осы Бұйрық шеңберінде банктер Ұлттық стандарттың іс-шараларын іске асыру бойынша жеке жоспарлар әзірледі. Елдегі банк бөлімшелерінің жалпы саны 1 600-ден асады, оның ішінде 600-ге жуық банк бөлімшелері Ұлттық стандарт талаптарына толық не ішінара бейімделген.

МБА клиенттерді идентификаттау және банктерде қаржылық қызметтер көрсету кезінде төлем қабілеттілігі бойынша өзекті мәліметтер алу мақсатында Агенттік 2023 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп банктерді «Smart Bridge» интеграциялық платформасына қосу іс-шараларын өткізді.

Жұмыс тобының шешімдерін орындау шеңберінде сақтандыру компаниялары өмірді және/немесе денсаулықты жеңілдетілген тарифтермен сақтандыруды қоса алғанда, МБА және ХЖШТ үшін 50-ге жуық сақтандыру өнімін енгізді.

5.2. Коллекторлық қызметті реттеу

Агенттік 2023 жылы қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың шеңберінде коллекторлық агенттіктер қызметінің жауапкершілігін арттыру және олардың қызметін реттеуді қатаңдату жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Заңнамалық бастамалар. 2023 жылғы наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде коллекторлық қызметті реттеуді күшейту бойынша заңнамалық түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, заңнамалық түзетулер коллекторлық агенттіктер басшыларының іскерлік беделіне қойылатын біліктілік талаптарын қатаңдатуды, жеке сот орындаушыларымен және үлестес қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылға тыйым салуды, коллекторлық агенттіктердің өзара үлестес болуына және коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің қызметін басқа коллекторлық агенттіктерде біріктіруге тыйым салуды, сондай-ақ коллекторлық агенттіктерді тізілімнен шығару үшін негіздер тізбесін кеңейтуді көздейді.

Агенттік Бас прокуратурамен бірлесіп жүргізген коллекторлық агенттіктердің заңнаманы сақтауы тұрғысынан талдау нәтижелері бойынша коллекторлық агенттіктер мен олардың қызметкерлерінің жауапкершілігін күшейту мақсатында «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобаларының

шеңберінде коллекторлық агенттіктердің әкімшілік айыппұлдарының мөлшерлерін арттыру, сондай-ақ бас бостандығынан айыруға дейін жаза белгілей отырып, коллекторлық агенттік қызметкерлерінің өз өкілеттіктерін теріс пайдаланғаны және асыра пайдаланғаны үшін дербес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігін енгізу бойынша түзетулер көзделген. Бұл шаралар коллекторлық агенттіктердің берешекті өндіріп алу кезіндегі заңсыз әрекеттерінің тәуекелдерін барынша азайтуға және өз қызметін жүзеге асыру кезінде олардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ, Агенттік №120⁵⁹ қаулыға өзгерістер енгізді, олар коллекторлық агенттіктердің берешекті сатып алған уақыттан бастап 12 ай ішінде реттеу рәсімін жүргізгенін растайтын құжаттарды, сонымен қатар кредитордың банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімі өткен берешек туындаған күннен бастап қатарынан 24 ай ішінде қарыз алушы-жеке тұлғаның мерзімі өткен берешегін реттеу рәсімдерді жүргізгенін растайтын құжаттарды сақтау міндетін көздейді.

Коллекторлық агенттіктердің қызметін бақылау және реттеуді күшейту. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша коллекторлық көрсетілетін қызметтер нарығында 185 коллекторлық агенттік бар, оның ішінде 119 коллекторлық агенттік сотқа дейін өндіріп алу және берешекті реттеу жөніндегі қызметті жүзеге асырады және 70 коллекторлық агенттік банктік қарыз шарттары және микрокредит беру туралы шарттар бойынша талап ету құқықтарын сатып алады.

2023 жылы 23 коллекторлық агенттік есептік тіркеуден өтті, коллекторлық қызметті ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаған 10 агенттікті және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін 8 агенттікті қоса алғанда 18 коллекторлық агенттік тізілімнен шығарылды. Капиталдың төмен деңгейі және нәтижесінде коллекторлық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстардың болмауы, қатарынан күнтізбелік 12 ай бойы коллекторлық қызметті жүзеге асырмау, сондай-ақ реттеушілік есептілікті жүйелі түрде бермеу ұйымдарды тізілімнен шығарудың негізгі себептері болды.

2023 жылы 7 коллекторлық агенттіктің қызметіне инспекциялық тексерулер жүргізілді, олар тәуекелге бағдарланған тәсіл шеңберінде ең жоғары тәуекел деңгейі бар ұйымдарға жатқызылды. Тексеру қорытындысы бойынша 8,1 млн теңге сомаға 37 айыппұл салынды, ескерту түрінде 9 әкімшілік жаза шығарылды, сондай-ақ жазбаша ұйғарым түрінде 13 шектеулі ықпал ету шаралары қолданылды. Коллекторлық агенттіктердің қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша кредиттік тарих субъектілері туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға уақтылы жібермеу, борышкерлермен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бұзу, сондай-ақ уәкілетті органға дұрыс емес реттеушілік есептілікті беру негізгі бұзушылықтар болып табылады.

Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу бойынша коллекторлық қызметтің нәтижелері. 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша коллекторлық агенттіктерде сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін

⁵⁹ «Коллекторлық агенттіктің сақталуға жататын негізгі құжаттарының тізбесін және оларды сақтау мерзімдерін бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 120 қаулысы

589 млрд теңге сомаға берешек болды, ол 2023 жылы 34,5%-ға ұлғайды (5.2.1-кесте). Сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттіктерге берілген берешектің жалпы көлемінде банктер берген қарыздарға 87,1% немесе 513 млрд теңге, микроқаржы ұйымдары берген қарыздарға 8,7% немесе 51 млрд теңге, өзге де кредиторлар берген қарыздарға 4,2% немесе 25 млрд теңге тиесілі болды. 2023 жылы сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеуге қабылданған берешектің шеңберінде коллекторлық агенттіктер кредиторлардың мүдделері үшін 133 млрд теңгені өндіріп алды.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша коллекторлық агенттіктерде 1 017 млрд теңге сомаға сатып алынған (басқаға берілген) берешек болып, ол 2023 жылы 21,2%-ға ұлғайды (5.2.1-кесте). Коллекторлық агенттік сатып алған берешектің жалпы көлемінде банктер берген қарыздарға 55,1% немесе 560 млрд теңге, микроқаржы ұйымдары берген қарыздарға 15,3% немесе 156 млрд теңге тиесілі болды. Өзге де кредиторларға лицензияларының болмауына байланысты қызметін тоқтатқан ұйымдардың коллекторларға берген қарыздарының 29,6%-ы немесе 302 млрд теңге тиесілі болды.

2023 жылы басқаға берілген берешек бойынша коллекторлық агенттіктер 86,3 млрд теңге өндіріп алды.

Жеке тұлғалардың қарыздар мен микрокредиттер бойынша проблемалық берешегін реттеу жоспарларының шеңберінде 53 коллекторлық агенттік (олардың үлесіне азаматтардың сатып алынған берешегінің 85%-ы тиесілі) қайта құрылымдау (өтеудің жеңілдікті кестесін белгілеу, төлемдердің мерзімін кейінге қалдыру және т.б.), сондай-ақ ішінара не толығымен есептен шығару арқылы 22,2 млрд теңге сомаға 182,9 мың қарыз алушының мерзімі өткен борыштарын реттеу жөнінде шаралар жүргізді.

5.2.1-кесте

**Жұмыс істеу үшін қабылданған/коллекторлық агенттіктерге
берілген берешектің құрылымы**

Көрсеткіштің атауы/күні	01.01.2023		01.01.2024		Өсім, 2023ж., %
	Борыш сомасы ¹ , млрд теңге	жиынты ққа %- бен	Борыш сомасы ¹ , млрд теңге	жиынты ққа %- бен	
Жұмысқа алынған берешек (берешекті өндіріп алу туралы шарт), оның ішінде:	438	100%	589	100%	34,5%
- екінші деңгейдегі банктер	406	92,6%	513	87,1%	26,4%
- микроқаржы ұйымдары	28	6,5%	51	8,7%	80,4%
- өзге де кредиторлар ²	4	0,9%	25	4,2%	534,8%
Басқаға берілген берешек, оның ішінде:	839	100%	1 017	100%	21,2%
- екінші деңгейдегі банктер	450	53,6%	560	55,1%	24,6%
- микроқаржы ұйымдары	76	9,1%	156	15,3%	104,3%
- өзге де кредиторлар ²	314	37,4%	302	29,6%	-3,8%

Дереккөзі: «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ

Ескертпе: 1) Борыш сомасы негізгі борыш пен сыйақының жиынтық сомасын қамтиды;

2) Өзге кредиторлар, оның ішінде олардан лицензияларды қайтаруға /қайтарып алуға байланысты қызметін тоқтатқан қаржы ұйымдары

6-тарау. Қаржылық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін дамыту

6.1 Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту

Датаға негізделген қадағалауды және реттеуді дамыту. Ұлттық Банкпен бірлесіп өткізілетін, SupTech технологияларын пайдалана отырып, Есептілікті жинау мен өндеудің бірыңғай платформасын дамыту бойынша іс-шаралар шеңберінде екінші деңгейдегі банктер үшін SREP әдіснамасы бойынша және бағалы қағаздар нарығына қатысушылар үшін RASS әдіснамасы бойынша тәуекелдерді бағалау жүйелері автоматтандырылды.

SREP әдіснамасын жетілдіру шеңберінде web-қосымшасы әзірленді, ол қадағалап бағалау деректерін орталықтандырылған есепке алуды, банктер бойынша тарихи деректерді біріктіру мен сақтауды, SREP есептерін автоматты түрде қалыптастыруды, сондай-ақ қадағалап бағалауды толтыру мониторингін қамтамасыз етеді.

Агенттік Python тілінде «AFR» топтамасын әзірледі, ол қаржы ұйымдары үшін деректерді статистикалық талдауды жеңілдетеді. Топтама деректерді жүктеуден бастап модельдердің сәйкестігін тексеруге дейінгі процесті автоматтандырады және негізгі қаржылық және макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл әзірleme жүктеп алу үшін PyPI (Python Package Index) репозиторийінде қолжетімді болады және банктерге қадағалап стресс-тестілеу және активтердің сапасын бағалау (Asset Quality Review) шеңберінде дефолт ықтималдығын модельдеуді жеңілдетуі мүмкін.

Қадағалау технологияларды енгізу бойынша стратегиялық бастамаларды үйлестіру және іске асыру, сондай-ақ деректердің сапасын арттыру үшін Агенттіктің Деректерді басқару офисі құрылды.

Қаржы ұйымдарының реттеушілік талаптарды орындауының тиімділігін арттыру мақсатында Агенттік жеке тұлғалардың банкроттығы және заңды тұлғалар туралы ақпарат алу процестері шеңберінде мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау бойынша екінші деңгейдегі банктерге жәрдем көрсетті. Smart порталында екінші деңгейдегі банктердің клиенттің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес жария лауазымды адамдардың тізбесіне тиесілілігі туралы ақпарат алу және қаржылық мониторинг субъектілері үшін жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін беру сервистерін орналастыру бойынша МҚІА мен ҚМА-мен жұмыстар жүргізілді.

Агенттікті цифрлық трансформациялау жөніндегі іс-шаралар. Агенттік 2023 жылы Мемлекеттік басқаруды (қаржы нарығы) цифрлық трансформациялау жол картасын бекітті, оның шеңберінде Агенттіктің бизнес-процестерінің тізілімі мен схемалары, ақпараттандыру объектілері бойынша

мәліметтер жаңартылып, архитектуралық порталға жүктелді.

Бағалы қағаздарды шығарумен және орналастырумен байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру үшін Агенттік Бағалы қағаздардың орталық депозитарийімен бірлесіп «Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдарын тіркеу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ААЖ) әзірледі, ол арқылы бағалы қағаздар эмитенттері бағалы қағаздарды шығарумен, орналастырумен байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің веб арқылы ала алады.

2023 жылы жекелеген эмитенттерді тарту арқылы ААЖ-ға алдын ала сынақтар өткізіліп, олардың шеңберінде жүйе модульдерінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру жүргізілді. Алдын ала сынақтардың нәтижелері бойынша ААЖ 2023 жылғы 1 тамыздан бастап тәжірибе жүзіндегі пайдалануға енгізілді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылармен өзара іс-қимыл арналарын дамыту. Жолданымдарды қарау шеңберінде қаржылық қызметтерді тұтынушылардың Агенттікпен цифрлық форматта өзара іс-қимылы «е-Өтініш» бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізгеннен кейін мүмкін болды.

Агенттік ЦДИАӨМ, Ұлттық Банк, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (бұдан әрі – КЕАҚ), жүйені әзірлеушілермен (BTS Digital) және екінші деңгейдегі банктермен («Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ) бірлесіп 2023 жылғы 3 тоқсанда «е-Өтініш» АЖ-да жолданымдарды бірлесіп қарау процесін автоматтандыру бөлігінде пилоттық жоба ұйымдастырып, өткізді. Пилоттық жобаның шеңберінде ЕДБ-ны «е-Өтініш» АЖ-ға қосу және қажетті құжаттар топтамасын алу үшін өтініш берушілердің жолданымдарын қарау шеңберінде реттеушілер тарапынан оларға тапсырмаларды электрондық түрде жіберу мүмкіндігі тексерілді. Пилоттық жобаның нәтижелері бойынша ЕДБ «е-Өтініш» АЖ-ға 2024 жылдан бастап қосылады.

2023 жылы Агенттік мемлекеттік органдардың бірыңғай орталықтандырылған бұлттық құжат айналымына (бұдан әрі – БҚА) толық көшуі жөніндегі іс-шараларды аяқтады. Осы жұмыстардың нәтижелері бойынша қаржы ұйымдарында Агенттікпен мемлекеттік органдардың БҚА интеграциялық сервистері арқылы электрондық түрде құжаттар алмасуды ұйымдастыру мүмкіндігі пайда болды.

6.2. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және киберорнықтылықты арттыру

2023 жылы Агенттік банктер мен микроқаржы ұйымдары қашықтан көрсететін қызметтердің ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға елеулі түрде назар аударды, Агенттіктің және қаржы нарығы субъектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін жетілдіруге бағытталған бірқатар өзге де шаралар іске асырылды.

Қашықтан көрсетілетін банктік қызметтердің⁶⁰ және электрондық нысанда

⁶⁰ «Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын

микрокредиттер берудің⁶¹ ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптар күшейтілді. Бұл талаптарға бағдарламалық қамтылым кодтарын әзірлеу, пысықтау және сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, бірқатар маңызды операцияларды орындау кезінде идентификаттау орталықтары арқылы клиенттің биометриялық идентификаттауды пайдалануды, қашықтан басқару бағдарламалары анықталған немесе қауіпсіздік функциялары (мысалы, Jailbreak немесе root access) бұзылған жағдайда мобильді құрылғыларда қосымшаның жұмысын шектеуді, сондай-ақ қосымша бақылау және қорғау үшін қосымшадағы ақша қаражатымен операциялар жасаған уақытта геолокациялық жазбаларды қамтиды.

Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын анықтау әдістерін жетілдіру мақсатында банктердің ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметтерінің ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын ретроспективті талдауды жүзеге асыру тәртібі нақтыланды. Ішкі тергеп-тексеру жүргізудің орындылығы туралы шешім қабылдау тәртібі регламенттелді.

Сондай-ақ, қаржы нарығында ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін Агенттік тұрақты бақылау және қадағалау іс-шараларын жүзеге асырады. 2023 жылы ақпараттық қауіпсіздіктің тәуекел дәрежесін, оның ішінде банктер, сақтандыру компаниялары мен бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың тәуекел дәрежесін бағалау негізінде 10 тексеру жүзеге асырылды.

54 қаржы ұйымы бойынша қаржы ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелері басшылары мен қызметкерлері құзыреттерінің Агенттіктің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты адамдардың құзыреттері мен олардың біліктілігін арттыруға қатысты қойылатын талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізілді.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі туралы есептілікті, қаржы ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелері басшылары мен қызметкерлерінің құзыреттері туралы материалдарды және 2023 жылы алынған басқа да ақпаратты талдау нәтижелері бойынша қаржы ұйымдарына 15 тексеру жүргізілді. Нәтижесінде жазбаша ұйғарым түрінде 12 қадағалап ден қою шарасы қолданылды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарлары қабылданды.

Қазіргі уақытта киберқауіпсіздік жөніндегі талаптар сақталмаған жағдайда қаржы ұйымдарына әсер етудің жеткілікті тетігі жоқ. Осыған байланысты, 14 тармақ бойынша ақпараттық қауіпсіздік саласындағы айыппұл санкцияларын көздейтін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне түзетулер жобасы әзірленді, қазіргі уақытта ол Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауында. Әкімшілік шараларды қолдану ақпараттық қауіпсіздік және банктік қызметтерді пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде

талаптарды, Ақпараттық жүйелердегі бұзушылықтар, іркілістер туралы мәліметтерді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 48 қаулысы.

⁶¹ «Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидалары» Ұлттық Банк Басқармасының 28.11.2019ж. № 217 қаулысы

заңнамалық талаптарды сақтау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығының жұмыс істеуін автоматтандыру шеңберінде қаржы нарығындағы ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен оқыс оқиғалары бойынша ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – «Qainar» АӨАЖ) пысықтау жүзеге асырылды. Атап айтқанда, салалық орталық пен қаржы нарығы субъектілері арасында, сондай-ақ қаржы ұйымдары арасында қорғалған ақпарат алмасуды дербес түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Сұратулар» жаңа модулі әзірленді. Есепті жылы жүйеде 753 сұрату өңделді.

2023 жылғы қарашада Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметтеріне, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ішкі тергеп-тексерулер жүргізуге қойылатын талаптар⁶² «Qainar» АӨАЖ-да ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын тергеп-тексеру бойынша ақпаратты енгізу жөніндегі талаппен толықтырылды.

«Qainar» АӨАЖ-ға барлық ЕДБ, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сақтандыру ұйымдарын, мемлекеттік органдарды және ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарын қоса алғанда, 49 ұйым қосылған.

2023 жылы кибершабуылдардың алдын алу мақсатында қаржы секторының ақпараттық жүйелері мен ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын қорғау бойынша ақпараттық өзара іс-қимылдың орталықтандырылған жүйесін қалыптастыру шеңберінде:

– қауіптер туралы 91 ескерту және ақпараттық қауіпсіздіктің осалдықтары туралы 65 ескерту жіберілді;

– ақпараттық оқыс оқиғалардың 65 картасы өңделді.

2023 жылы кибершабуылдардың алдын алу мақсатында қаржы секторының ақпараттық жүйелері мен ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын қорғау бойынша ақпараттық өзара іс-қимылдың орталықтандырылған жүйесін қалыптастыру шеңберінде тиісті уәкілетті органға 29 алаяқтық интернет-ресурсты (2022 жылы – 59) бұғаттауға ақпарат берілді.

⁶² «Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметтеріне, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ішкі тергеп-тексерулер жүргізуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Агенттік Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 90 қаулысы

7-тарау. Халықаралық өзара іс-қимыл және ынтымақтастық

2023 жылы Агенттік қаржы нарығын дамыту және реттеу міндеттерге тиімді түрде қол жеткізуді қамтамасыз етудің шеңберінде халықаралық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі белсенді жұмысты жалғастырды. Шет елдердің қаржы нарықтарын реттеушілермен екі жақты байланыстар орнату және нығайту бойынша да белсенді жұмыс жүргізілді.

7.1 Халықаралық ұйымдармен және қаржы нарықтарын реттеушілермен өзара іс-қимыл

Халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимыл. Агенттік 2023 жылғы сәуірде ХВҚ Басқарушылар кеңесі мен Дүниежүзілік Банк тобының Көктемгі кездесулері шеңберіндегі іс-шараларға және 2023 жылғы қазанда жыл сайынғы кездесулеріне қатысты.

2023 жылғы маусым мен қарашада ХВҚ Жарғысының IV-бабына сәйкес консультациялар шеңберінде ХВҚ миссиясының жыл сайынғы сапары болды. Миссияның қорытындысы бойынша ХВҚ Басқарушы директордың қорытынды мәлімдемесін және Қазақстан Республикасының билігімен консультациялардың нәтижелері туралы есепті жариялады, оларда экономикалық өсуді қамтамасыз ету және қаржы секторын одан әрі жетілдіру бойынша қабылданып жатқан шараларға оң баға берілді.

2023 жылы шоғырландырылған қадағалауды дамыту, банктердің төлем қабілетсіздігін реттеу және мемлекеттің қатысуы бойынша заң жобасын әзірлеу, ақшаны жылыстатуға/терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелге бағдарланған қадағалау бойынша техникалық көмек көрсету шеңберінде ХВҚ-мен өзара іс-қимыл жалғасты.

Агенттік ХВҚ-ның Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия елдері үшін әлеуетті дамытудың өңірлік орталығының (бұдан әрі – ХВҚ ӘДӨО) жұмысына белсенді түрде қатысты. 2023 жылғы ақпанда Агенттік пен Ұлттық Банк басшылығы ХВҚ ӘДӨО ұйымдастырған «Цифрлық теңге» жобасы» ақпараттық семинарында баяндамалар жасады.

2023 жылы Агенттік ұжымдық инвестициялар нарығын дамыту бойынша техникалық көмек, сондай-ақ сақтандыру арқылы реттеудің Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық қауымдастығының (IAIS) негізгі сақтандыру қағидаттарына сәйкестігін бағалау шеңберінде Дүниежүзілік банкпен өзара іс-қимылды жүзеге асырды.

Қаржы нарығын реттеуге ESG стандарттарын енгізу саласындағы ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде IFC Қазақстанда тұрақты және «жасыл» қаржыландыруды енгізу жөніндегі Жол картасын, қаржы ұйымдарының ESG ақпаратын ашу жөніндегі ұсынымдарды, сондай-ақ қаржы ұйымдары үшін ESG-тәуекелдерді басқару жөніндегі нұсқауды (ESRM) әзірлеуде Агенттікке техникалық қолдау көрсетеді.

2023 жылғы қыркүйекте ESG және орнықты қаржыландыру мәселелері

бойынша хабардар болуды арттырудың 2023 жылға арналған жол картасына сәйкес Агенттік IFC-мен бірлесіп қаржы ұйымдары үшін ESRM бойынша таныстырылым өткізді. 2023 жылғы қазанда қаржы нарығына қатысушылардан ECRM нұсқаулығының жобасы бойынша 60-тан астам пікір алынды. 2023 жылғы қарашада Агенттік IFC-мен бірлесіп, қаржы ұйымдары үшін ESRM нұсқаулығын қолдану бойынша қосымша онлайн тренинг өткізді.

2023 жылғы қазанда Агенттік өкілдерінің қатысуымен «WeFinanceCode» пилоттық жобасына қатысты мәселелерді талқылау бойынша ЕҚДБ өкілдерімен кездесу өтті. Аталған пилоттық жоба кәсіпкер әйелдердің бизнесін дамыту үшін қаржы өнімдері мен қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту үшін оларға қолдау көрсетуді көздейді. 2023 жылғы қыркүйекте алынған ЕҚДБ грантының шеңберінде Қазақстан «We-fi Code» бастамасына қатысушы 13 пилоттық елдің бірі болды.

2023 жылғы қыркүйекте Агенттік Қазақстанның сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен (СТКҚ) бірлесіп, СТКҚ-ның 20 жылдығына арналған Бірінші сақтандыру форумын өткізді. Форумның мақсаты тәжірибе алмасу, өзекті мәселелер мен міндеттерді талқылау, сақтандыру секторын дамытудың перспективалары мен бағыттарын айқындау үшін отандық сақтандыру нарығының барлық қатысушылары мен халықаралық сарапшыларды біріктіру болып табылады. 2023 жылғы қазанда Ванкувер қ. (Канада) International Forum for Insurance Guarantee Schemes (IFIGS) мүшелерінің 10-шы халықаралық конференциясында 2025 жылға IFIGS төрағасы болып СТКҚ таңдап алынды, ол IFIGS мүшелері үшін 12-ші халықаралық конференция өткізуге тиіс.

Халықаралық ұйымдардағы мүшелік. Қаржы нарықтарын дамытудың негізгі үрдістері мен трендтерін қадағалап отыру мақсатында Агенттік халықаралық ұйымдардағы мүшелікті сақтап отыр.

2023 жылы Агенттік Қаржы жүйесін экологияландыру желісіне (Network for Greening the Financial System, NGFS) кірді. NGFS-ке кіру қаржы реттеушілерінің ғаламдық желісіне және талдамалық материалдардың ауқымды базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, NGFS қаржылық реттеу органдарының қызметкерлері үшін қолжетімді болатын кешенді әлеуетті арттыру және оқыту бағдарламасын әзірлейді.

Халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту шеңберінде 2023 жылы Сақтандыруды қадағалаудың халықаралық қауымдастығымен (IAIS) ынтымақтастық және ақпарат алмасу жөніндегі өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға (MMoU) қол қойылды. IAIS-ке мүшелік басқа елдердің реттеушілерімен ынтымақтастықты кеңейтуге және сақтандыру саласында озық тәжірибемен алмасуға, сондай-ақ халықаралық қайта сақтандыру жөніндегі мәмілелер бойынша ақпарат алмасуға ықпал ететін болады.

2023 жылғы желтоқсанда Қаржылық қолжетімділік үшін альянс (AFI) Малайзия, Куала-Лумпур қаласында инклюзивті жасыл қаржыландыру саясатын (Inclusive Green Finance, IGF) іске асыру жөніндегі Оқыту бағдарламасын (JLP) өткізді, оған Агенттік өкілдері қатысып, Қазақстанның қаржы нарығын реттеуге ESG қағидаттарын енгізу тәжірибесімен бөлісті.

Халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл. Агенттік халықаралық рейтингтік агенттіктермен Қазақстанға жыл сайынғы сапарлары барысында тұрақты кездесулер өткізу арқылы белсенді түрде ынтымақтасады. 2023 жылы Агенттік халықаралық рейтингтік агенттіктермен 8 кездесу өткізді. Бұл ретте Агенттік банк секторындағы тәуекелдер бойынша рейтингтік бағалауды (BICRA, Banking Industry Country Risk Assessment) жақсарту бойынша рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл бойынша жұмыстар жүргізді. Нәтижелері бойынша, 2023 жылғы наурызда S&P Global Ratings BICRA бағасын «9» тобынан «8» тобына ауыстыру арқылы жақсартты, бұл банктер активтерінің сапасын айтарлықтай жақсартуға байланысты, ол кредиттерге сұранысты ынталандыратын шикізаттың қолайлы бағасымен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, қазақстандық банктердің сыртқы ортасы белгісіз және өзгермелі болса да тұрақты маржалары болады.

2023 жылы Агенттік басшылығы «Fitch on Kazakhstan – Sovereign & FI Credit Drivers in a Challenging Environment» конференциясына, сондай-ақ «S&P Global Ratings» жыл сайынғы конференциясына «Қазақстанның қаржы секторы өзгермелі жаһандық экономикалық ахуал жағдайында» деген тақырыпта қатысты.

Қаржы нарықтарын реттеушілермен өзара іс-қимыл. 2023 жылы Агенттік шет елдердің қаржы нарықтарын реттеушілерімен екіжақты байланыстарды орнату және нығайту жөніндегі жұмысты жалғастырды. Атап айтқанда, Агенттік бірқатар елдердің (Қытай Халық Республикасы, Түркия, БАӘ, Оңтүстік Корея, Қырғызстан, Малайзия, Люксембург және Тәжікстан) орталық банктерімен және реттеушілерімен банктерді қадағалау саласындағы өзара түсіністік туралы қолданыстағы меморандумдарды жаңарту бойынша жұмыс жүргізді.

Сонымен қатар, банктерді қадағалау саласында жаңа меморандумдар жасау мақсатында АҚШ, Чехия, Армения, Әзірбайжан, Франция және Молдованың орталық банктерімен және реттеушілерімен жұмыс жүргізілді. Аталған келісімдерге қол қою трансшекаралық банк ұйымдарымен байланысты негізгі Базель қадағалау қағидаттары негізінде Қазақстан Республикасында банк секторын дамытуға бағытталған бағдарламаларды, құралдарды, саясатты және нормативтік құжаттарды әзірлеу, ілгерілету және/немесе қолдау үшін құқықтық негіз жасайды.

7.2 Интеграциялық ынтымақтастық шеңберіндегі қызмет

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО). ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ортақ қаржы нарығын қалыптастырудың негізгі тәсілдері мен қағидаттарын айқындайтын ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығын қалыптастыру тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, Агенттік 2023 жылы бірқатар келісімдердің жобаларын әзірлеу мен келісу жұмысын жүргізді, оның ішінде ЕАЭО-ға мүше бір мемлекеттің брокерлері мен дилерлеріне басқа мүше мемлекеттердің биржаларының (сауда ұйымдастырушыларының) ұйымдастырылған сауда-саттығына қатысуға рұқсат беру туралы келісім, Стандартталған лицензия туралы келісім, ЕАЭО қаржы нарығын реттеу жөніндегі ұлттықтан жоғары орган туралы келісім, ЕАЭО-ға мүше

мемлекеттерде ұйымдастырылған сауда-саттықта бағалы қағаздарды орналастыруға және айналысқа жіберуге трансшекаралық рұқсат туралы келісім, сондай-ақ Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану туралы келісім (ЕЭК Кеңесі шеңберінде 2023 жылғы тамызда қол қойылды).

Бұдан басқа, Агенттік 2023 жылғы маусымда күшіне енген, ЕАЭО шеңберінде кредиттік тарихтың құрамына кіретін мәліметтер алмасу тәртібі туралы келісімді ратификациялауға жәрдемдесті. Өз кезегінде, Келісім адал қарыз алушылардың банктік қызметтеріне қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді және банктерді жосықсыз қарыз алушылардан қорғайды.

ЕАЭО шеңберінде мерзімді негізде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің орталық банктерінің валюталық саясат жөніндегі консультациялық кеңесінің отырыстары өткізіледі. 2023 жылғы мамыр мен қыркүйекте Агенттік Төрағасы бастаған делегация Беларусь Республикасында 24-ші отырысқа және Армения Республикасында 25-ші отырысқа қатысты. Отырыстарға қатысушылар ағымдағы экономикалық жағдай және ақша-кредит саясатын іске асыру барысы туралы ақпарат алмасты, ЕАЭО шеңберіндегі реттеушілер мен орталық банктердің өзара іс-қимыл бағыттарын талқылады.

2023 жылғы қарашада қаржы және сақтандыру нарығынан, зейнетақы қорларынан, үкіметтік және реттеуші органдардан, ЕАЭО елдерінен және алыс шетелдерден келген консалтингтік және аудиторлық компаниялардан актуарийлер мен өзге де мамандардың қатысуымен Еуразиялық актуарлық конгресс өткізілді. Еуразиялық актуарлық конгресс шеңберінде Қоғам мен Ресейдің кәсіби актуарийлер қауымдастығы, Өзбекстан мен Қырғызстан актуарийлері қауымдастығы арасындағы Ынтымақтастық туралы декларацияға қол қойылды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД). Ағымдағы жылы Агенттік ТМД желісі бойынша ынтымақтастықты жалғастырды. Мәселен, 2023 жылғы қыркүйекте Алматы қаласында Агенттік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сақтандыру қадағалау органдары басшыларының Мемлекетаралық үйлестіру кеңесінің 19-шы отырысын өткізді. Бұдан басқа, 2023 жылғы қыркүйекте тәжірибе алмасуға, ТМД елдерінің сақтандыру нарығының барлық қатысушылары үшін өзекті мәселелер мен міндеттерді талқылауға, сондай-ақ сақтандыру секторын дамытудың перспективалары мен бағыттарын айқындауға бағытталған «Орталық Азиядағы сақтандыр» XIV Халықаралық конференциясы өткізілді.

Еуразия орталық (ұлттық) банктерінің кеңесі (ЕОБК). 2023 жылы ЕОБК отырыстары 2023 жылғы маусымда Астана қаласында және 2023 жылғы қарашада Бішкек қаласында өткізілді, олардың шеңберінде Агенттік отырыстың басқа қатысушыларымен бірлесіп қаржы-банк саласындағы 22-ге жуық мәселені қарады. Отырыстарда тараптардың ұлттық валюта-қаржы және банк жүйелері мәселелері бойынша іс-қимылдарын үйлестіру, көпжақты және екіжақты төлем-есеп айырысу қатынастарын жетілдіру және басқа да мәселелер талқыланды.

8-тарау. Агенттіктің ұйымдық дамуы

8.1 Ұйымдастырушылық тиімділікті және кадр әлеуетін нығайту

Ұйымдастырушылық тиімділікті және сапалы кадр әлеуетін қолдау қаржы нарығының тұрақты дамуына ықпал ететін Агенттік жұмысының маңызды аспектісі болып табылады. 2023 жылы Агенттік ұйымдық құрылымды дамыту және кадр әлеуетін арттыру бойынша жұмыс жүргізді.

Банктік тәуекелдерді бағалау мен бақылаудың тереңдігі мен сапасын жақсартуға, банктердің күйзеліске төзімділігін арттыруға және қаржылық қауіпсіздік желісін нығайтуға, сондай-ақ микроқаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктерге бақылауды күшейтуге бағытталған банктерді қадағалау саласындағы жаңа бастамаларды дамыту үшін Агенттіктің екінші деңгейдегі банктер мен банктік емес ұйымдардың қызметін реттеуді жүзеге асыратын жекелеген бөлімшелерінің штат саны ұлғайтылды.

Қаржы нарығының киберқауіпсіздігін бақылауды күшейту, жергілікті жерлерде мониторинг, талдау және тексеру рәсімдерінің тиімділігін арттыру үшін Агенттіктің Киберқауіпсіздік басқармасы Ақпараттық және киберқауіпсіздік департаменті болып қайта құрылды.

Қадағалау процестерін цифрландыру мақсатында Агенттіктің құрылымында жеке құрылымдық бөлімше – Қадағалау технологиялары басқармасы құрылды, оның негізгі міндеттері қадағалау процестерінде технологияларды қолдану мен дамытудың жалпы стратегиясын әзірлеу және енгізу болып табылады.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту шеңберінде іс-қимыл қадағалауды енгізу арқылы арнайы ішкі құрылымдық бөлімше – Іс-қимыл қадағалауы әдіснамасы басқармасы құрылды.

Осылайша, 2023 жылдың соңында Агенттіктің құрылымына 41 бөлімше кірді, оның ішінде 15 департамент, 6 дербес басқарма, 20 өңірлік өкілдер басқармасы, тізім бойынша саны 575 адам. Агенттік қызметкерлерінің құрамындағы әйелдер саны 336 адамды құрады (нақты санның 58%-ы), оның ішінде өңірлік өкілдер басқармаларында – 54 адам (9,3%). Агенттіктің басшылық құрамында әйел басшылар саны 71 адамды құрады (12,3%).

Агенттік персоналының орташа жасы 38 жасты, оның ішінде өңірлік өкілдер басқармаларында – 41 жасты құрады.

Кадр әлеуетін дамыту. 2023 жылы Агенттік кәсіби кадрларды оқыту және даярлау бағдарламаларына қатысып, Агенттік қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізді.

Агенттік білім беру жобаларын қолдайды:

- «Нархоз университеті» КЕАҚ-пен ынтымақтастық шеңберінде Агенттік қызметкерлері «Қаржылық талдаушы», «Қаржылық тәуекел-менеджмент», «Актuariй» бағдарламалары бойынша дәрістер және практикалық сабақтар өткізді;

- «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ, «Astana IT University»

ЖШС, «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ, «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ, «ҚМЭБИ университеті» КЕАҚ-мен ынтымақтастық шеңберінде Агенттік қолданбалы қаржы бағдарламалары бойынша студенттерді, магистранттарды, докторанттарды практикадан өту үшін қабылдады.

8.2 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және ішкі аудит

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне Агенттік көрсететін мемлекеттік қызметтердің 31 түрі енгізілген. Барлығы 2023 жылы Агенттік 30 түрі бойынша 971 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер заңнамада, оның ішінде Агенттіктің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімдерде ұсынылды. 2023 жылы Агенттіктің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардан шағым түскен жоқ.

Агенттіктің уәкілетті органдар (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі) жүргізетін бағалауы бойынша «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы» бағыты бойынша қызметі жыл сайын «тиімді» ретінде бағаланды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау шеңберінде бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау іс-шараларының жоспарына сәйкес Агенттіктің 5 бөлімшесінде бақылау іс-шаралары жүргізілді. Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдерін бұза отырып көрсету жағдайлары белгіленбеді.

Тоқсан сайынғы негізде мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-процестерін талдауды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауды, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің қорытындыларын қамтитын мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі жүргізілді.

Агенттіктегі ішкі мемлекеттік аудит «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі аудиттің барлық іс-шаралары бюджет қаражатын, мемлекет активтерін басқару мен пайдаланудың тиімділігін арттыруға, Агенттіктің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге жәрдемдесу шеңберінде Агенттіктің ішкі процестерін жетілдіруге бағытталған.

Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалауды ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті жыл сайынғы негізде жүргізеді, ол «тиімді» ретінде бағаланды.

Кәсіби деңгейін арттыру мақсатында ішкі аудит қызметкерлері жүйелі түрде ақылы (бюджет қаражаты есебінен) және тегін негізде (басқа елдердің

ұлттық (орталық) банктері өткізетін вебинарларға қатысу) оқытудан өтеді.

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы Ұлттық комиссиясының шешімі бойынша Агенттіктің ішкі аудит бөлімшесінің екі қызметкеріне 2023 жылы біліктілік беріліп, «жоғары санатты мемлекеттік аудитор» сертификаты берілді.

ЕурАзЭО елдерінің (Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан) орталық (ұлттық) банктерімен ішкі аудит саласындағы озық тәжірибе алмасу шеңберінде Агенттік Орталық (ұлттық) банктердің Еуразиялық кеңесі жанындағы Аудиторлық қызмет жөніндегі консультативтік кеңестің құрамына кіреді және олардың отырыстарына белсенді түрде қатысады.

9-тарау. 2024 жылға арналған негізгі басымдықтар

2024 жылы Агенттіктің жұмысы Мемлекет басшысының экономикалық өсуге жәрдемдесудегі және халықтың әл-ауқатын арттырудағы қаржы секторының рөлін арттыру жөніндегі тапсырмаларын, Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын, Қаржы секторын бағалау бағдарламасының (FSAP) қорытындылары бойынша ұсынымдарды іске асыру жөніндегі Жол картасын іске асыруға бағытталатын болады.

Тәуекелге бағдарланған қадағалауды реттеуді жетілдіру және күшейту есебінен қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, экономиканың өсуіне жәрдемдесуге, жинақтар мен инвестицияларды ынталандыруға бағдарланған тиімді қаржы секторын дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

9.1 Банк секторы

Тәуекелге бағдарланған қадағалау құралдарын дамыту. Тәуекелге бағдарланған толық ауқымды қадағалау шеңберінде 2024 жылы SREP әдіснамасы бойынша қадағалау процесі банктердегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің нақты құрылған процестерінің барабарлығы мен тиімділік дәрежесін талдауға негізделген жаңартылған тәсілді ескере отырып жүзеге асырылатын болады. Агенттік пен банктер арасындағы тиімді өзара іс-қимылдың маңызды талабы коммуникациялардың сапасын және қадағалау процесінің ашықтық деңгейін арттыру болып табылады.

2024 жылы Агенттік 11 ірі банк бойынша кезекті тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеуді өткізеді. AQR және қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері әрбір банк үшін оның тәуекел-бейінін ескере отырып, қадағалау шараларын айқындау кезінде ескерілетін болады. 2024 жылғы тұрақты AQR шеңберінде кіріс деректерінің сапасын өңдеу құралдарын онтайландыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Климаттық күн тәртібінің маңыздылығын және оның экономиканың барлық салаларына әсерін ескере отырып, FSAP ұсынымдарын ескере отырып, Агенттік банк секторының әртүрлі климаттық сценарийлер кезінде сауда әріптес елдердің экономикасы мен саясатындағы өзгерістерге дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін климаттық стресс-тестілеуді әзірлеуді бастайды.

Бұдан басқа, Агенттік екінші деңгейдегі банктердің өтімділігіне стресс-тестілеуді әзірлеуді бастайды, ол климаттық стресс-тестілеумен бірге банк секторының орнықтылығын неғұрлым егжей-тегжейлі және кешенді бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ өзгермелі климат жағдайында орнықты дамуды қолдауға және ынталандыруға ықпал ететін болады.

Шоғырландырылған қадағалау. Агенттік 2024 жылы Базель комитетінің негізгі қағидаттарына сәйкес шоғырландырылған негізде банк топтарына реттеушілік талаптарды енгізу жөніндегі жұмысты аяқтайды. Атап айтқанда,

2024 жылы Агенттік ХВҚ қолдауымен әзірленген банк конгломераттарының меншікті капиталының жеткіліктілігіне пруденциялық талаптарды қабылдауды жоспарлап отыр, ол БҚБК талаптарына сәйкес кредиттік, нарықтық және операциялық тәуекелдерді ескере отырып есептелетін болады. Бұдан басқа, конгломерат капиталын басқаруды, конгломерат өтімділігін басқаруды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару құрылымын, ішкі бақылауды, ішкі аудитті қоса алғанда, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі құрауыштарын көздейтін банк конгломераттары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастырудың жаңа қағидаларын қабылдау жоспарлануда.

Төлем жасауға қабілетсіз банктерді реттеу тетігінің тиімділігін арттыру. FSAP шеңберінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, оның ішінде төлемге қабілетсіз банктерді реттеу бөлігінде заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ХВҚ ұсынымдары алынды. Осыған байланысты 2024 жылы ХВҚ-мен халықаралық стандарттар мен практикаларды ескере отырып, төлемге қабілетсіз банктерді реттеу тетігін жетілдіру жөніндегі заңнамалық түзетулер жобасы бойынша бірлескен жұмыс жалғасатын болады. Заңнамалық түзетулер Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Агенттіктің рөлдерін нақты айқындай отырып, мемлекеттік қаражатты пайдалану шарттарын қатаңдату, мемлекеттік қолдау толық қайтарылғанға дейін дивидендтер мен бонустар төлемдерін шектеуді көздейді. Бұдан басқа, жүйелік банктер үшін капиталға айырбастауға жататын міндеттемелерді қалпына келтіру, реттеу жоспарларына және ең төменгі деңгейіне қойылатын талаптарды (TLAC) енгізу жоспарлануда.

Қадағалау мандатын, проблемалық кредиттерді және байланысты тараптармен мәмілелерді реттеуді күшейту. FSAP шеңберінде алынған ұсынымдарды ескере отырып, проблемалық кредиттерді реттеуді қатаңдату үшін Агенттік заңнамалық және реттеушілік сипаттағы бірқатар шараларды іске асыратын болады. Атап айтқанда, Агенттіктің қадағалау мандатын күшейту бойынша дәлелді пайымдауды қолдану аясын кеңейтуді, сондай-ақ байланысты тараптармен операциялар аудитіне бақылауды күшейтуді және талаптарды енгізуді көздейтін заңнамалық түзетулер әзірленетін болады. Проблемалық кредиттерді реттеуді қатаңдату шеңберінде жұмыс істемейтін қарыздарды айқындау оған 9 ХҚЕС бойынша 3-сатыдағы кредиттерді және қалпына келтірілген активтерді енгізе отырып кеңейтілетін болады.

Стрестік активтерді сататын цифрлық платформаны құру. 2024 жылы стрестік активтерді сататын цифрлық платформа құру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады. Заңға тәуелді актілер деңгейінде цифрлық платформа операторларының осындай қызметті жүзеге асыру құқығына стрестік активтерді сату бойынша рұқсаттар алуына қойылатын талаптар, цифрлық платформаларда сауда-саттық өткізу қағидалары, сондай-ақ ақпараттық және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар белгіленетін болады. Стрестік активтерді сататын алғашқы цифрлық платформаны іске қосу 2024 жылы әлеуетті инвесторлар үшін нарықтың ашықтығы, әділдігі және қолжетімділігі қағидаттарын сақтай отырып, цифрландырылған сауда алаңдарында стрестік активтерді іске асырудың толыққанды басталуымен жоспарланып отыр.

Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту. Мемлекет басшысы нақты секторға кредит берудің жыл сайынғы өсімін 20% және одан жоғары деңгейде қамтамасыз ету міндетін қойды. Қойылған міндетті шешу үшін мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Бизнес субъектілерінің инвестициялық жобаларына кредит беру үшін банктердің мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Ұлттық Банкпен бірлесіп, нақты сектор жобаларына одан әрі кредит беру үшін нарықтық жағдайларда БЖЗҚ зейнетақы активтерін банк облигацияларына инвестициялау есебінен банктерді қорландырудың ұзақ мерзімді базасын кеңейту тетігін әзірлеу жоспарлануда.

Кредиттік қаражатты тарту жөніндегі мүмкіндіктерді арттыру үшін Үкіметпен бірлесіп бизнес субъектілерінің кредиттері бойынша даму институттары тарапынан кепілдік берудің жаңа тетіктері әзірленетін болады.

Банктерді нақты секторға кредит беруді кеңейтуге ынталандыру мақсатында Агенттік сондай-ақ қаржылық тұрақтылық пен халықаралық стандарттарды ескере отырып іске асырылатын реттеушілік шараларды іске асыруды жоспарлап отыр.

Банктік қызметтер нарығына шетелдік инвесторларды тарту. Мемлекет басшысының елге үш сенімді шетелдік банкті тарту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында Агенттік Ұлттық Банкпен бірлесіп банкті және бейрезидент-банктің филиалын ашу жөніндегі талаптарды ырықтандыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады. Бұған банктер мен филиалдарды ашу процесін жеңілдетуге, оның ішінде қажетті құжаттарды қысқартуға және реттеуші талаптарды төмендетуге бағытталған заңнамалық түзетулерді әзірлеу кіреді. Сондай-ақ қаржы ұйымдары үшін қазақстандық нарыққа кіру үшін әкімшілік кедергілерді азайту, оның ішінде кредиттік рейтингке байланысты құжаттар топтамасын қысқарту және ақпараттық жүйелерден не өтініш беруші елдің қаржы реттеушісінен қажетті құжаттарды алуды оңтайландыру жоспарлануда. Кредиттік рейтингі жоғары ірі шетелдік банктердің Қазақстан нарығына келуі бәсекелестікке, қаржы секторы мен экономиканың дамуына ықпал етеді, сондай-ақ экономика үшін кредит берудің қолжетімділігін арттырады.

9.2 Сақтандыру секторы

Тәуекелге бағдарланған тәсілді дамыту. 2024 жылы Агенттік қадағалау құралдарын жаңғырту, сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін бағалау және басқару жүйелерінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған реттеуші стандарттар мен талаптарды әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Қадағалау процестерін дамыту шеңберінде деректерді басқару әдістері мен болжамды талдауға негізделген инновациялық технологиялар мен цифрлық шешімдерді дамытуға ерекше назар аударылатын болады, бұл сақтандыру ұйымдарының қызметін мониторингтеу мен талдаудың тиімділігін арттыруға, талдамалық процестерді жақсартуға және сақтандыру ұйымдары қызметінің

ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылы қадағалау мен реттеудің өзекті басымдығы деректердің қауіпсіздігін, тұтынушылар үшін электрондық платформаларды пайдалану ыңғайлылығын және цифрлық саладағы заңнамалық талаптардың сақталуын бағалауды қоса алғанда, сақтандыру ұйымдарының цифрлық сервистерін енгізу сапасының мониторингі болады.

2024 жылы ерікті сақтандыру шарттарының мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейтін заңнамалық талаптарды жетілдіру және жаңа реттеуші бастамаларды дамыту, мысалы, сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу, сақтандыру төлемі үшін құжаттар тізбесі, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемін тоқтата тұру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Solvency II енгізу. Solvency II енгізу сақтандыру компанияларының қаржылық орнықтылығын нығайтуға, сақтанушылардың мүдделерін қорғауға және қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Solvency II сақтандыру компанияларының төлем қабілеттілігі капиталының талап етілетін деңгейін анықтаудағы тәуекелге бағдарланған тәсілді, сақтандыру ұйымдарының қызметіне тән тәуекелдерді басқарудағы жаңа стандарттарды, сақтандыру компаниялары үшін қаржылық есептілік пен ашықтыққа қойылатын талаптарды белгілейді. Қазақстанда Solvency II халықаралық стандартын енгізу үшін Агенттік сақтандыру ұйымдарының төлем қабілеттілігінің капиталына қойылатын сандық талаптарды, тәуекелдерді нарықтық бағалауға және сақтандырушылардың тәуекелдерін жеке бағалауға, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылар мен әлеуетті инвесторлар үшін ақпаратты жария етуді ашуға қойылатын сапалы талаптарды әзірлеуді жоспарлап отыр.

Сақтандыру өнімдерінің тізбесін кеңейту. Азаматтар мен бизнесті кәсіби қызметтер көрсету кезіндегі қателіктерден немесе олқылықтардан мүлктік қорғау тетігін одан әрі жетілдіру мақсатында кәсіпкерлік субъектілерін жүктелген сақтандырумен қамтуды кеңейту бойынша Үкіметпен бірлескен жұмыс жүргізілетін болады. Шаруашылықтың түрлі салаларында сақтандырудың жүктелген түрлерін енгізу көрсетілетін қызметтердің сапасын едәуір арттыруға және сапасыз қызметтер алынған жағдайда тұтынушылардың мүлктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Агенттік Үкіметпен бірлесіп медициналық қызметкерлердің кәсіптік жауапкершілігін, адамдар жаппай болатын объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, құрылыс саласындағы сараптамалық және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, сондай-ақ сақтандыру агенттері мен брокерлерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоса алғанда, жүктелген сақтандыру түрлерін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

17 ХҚЕС-ті енгізу. Сақтандыру ұйымдарының автоматтандырылған жүйесінің 17 ХҚЕС жаңалықтарына дайындығының төмендігін назарға ала отырып, ағымдағы жылы сақтандыру ұйымдарының стандарт талаптарын сақтау бөлігінде олардың мониторингі бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Агенттік сақтандыру нарығына қатысушылармен және СТКҚ-мен бірлесіп, 17 ХҚЕС талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті көрсеткіштер жиынтығын модельдеу және есептеу үшін бұлтты есептеу сияқты цифрлық технологияларды пайдалануды қоса алғанда, 17 ХҚЕС бойынша бірыңғай автоматтандырылған жүйені енгізу бойынша жұмысты жалғастырады.

Апаттық оқиғалардан сақтандыруды енгізу. Бұл бағытта Агенттік апаттық тәуекелдерді бағалау, сақтандырушылардың халықты апаттық тәуекелдерден және табиғи апаттардан қорғауға мүмкіндік беретін өнімдерді ұсынуын көздейтін заңнамалық нормаларды енгізу қағидаттарын айқындау жөнінде шаралар жүргізуде. Агенттік апаттық пулдың жұмыс істеу тетігін, мемлекеттің қатысуын және қайта сақтандыру моделін, сақтандыруға жататын тәуекелдер мен өңірлердің тізбесін, сақтандыру тарифтерін қалыптастыру әдістемесін және өтемақы тәртібін, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде мемлекет пен сақтандыру ұйымдарының өзара іс-қимылын қоса алғанда, сақтандыру моделін айқындау үшін Азия Даму Банкінің техникалық көмегін тартуды жоспарлап отыр.

Қазақстан актуарийлерінің қоғамы. Қазақстан актуарийлерінің қоғамын (бұдан әрі – Қоғам) дамыту бойынша 2024 жылға арналған негізгі басымдықтар қаржыландыруды оңтайландыру, сақтандыру ұйымдарының міндетті мүшелігін енгізу және тәуелсіз актуарлық сараптаманы, сондай-ақ халықаралық стандарттарды енгізу жөніндегі нұсқауларды ұсынуға Қоғамның рөлін нығайту болады. Сондай-ақ арнайы қызметтер көрсету және мамандықтың ғылыми құрамдас бөлігін дамыту үшін мамандандырылған актуарлық орталық құру мүмкіндігін қарастыру жоспарлануда. Бұл сақтандырудың өзекті мәселелерін, мысалы, өлім кестелерін өзектендіру бойынша тиімді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тәуелсіз актуарий институтының қызметін Қоғам арқылы іске асыру мүмкіндігі қарастырылады, бұл тәуелсіз пікірдің болуын қамтамасыз етеді және актуарлық қорытындылардың сапасын арттырады.

9.3 Бағалы қағаздар нарығы

Ұжымдық инвестициялар нарығын дамыту. 2024 жылы Агенттік ұжымдық инвестициялар нарығын дамыту және бөлшек инвесторлардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастырады. Венчурлік қорлар мен тікелей инвестициялау қорларын енгізуді қоса алғанда, үздік халықаралық практикалар мен стандарттарды ескеретін жаңа заңнамалық базаны әзірлеу жоспарлануда. Бұл қорлардың жаңа жіктелуін, басқарушы компаниялардың қызметін лицензиялау және реттеу тәсілдерінің өзгеруін болжайды. ETN (биржалық ноталар), ESG және Хедж-қорлар сияқты инвестициялық қорлардың жаңа түрлері заңнамалық деңгейде енгізіледі, бұл қорлар мен олардың клиенттері үшін инвестициялық мүмкіндіктерді едәуір кеңейтеді.

Ұлттық рейтингтік агенттікті құру. Қор нарығын одан әрі дамыту

мақсатында Агенттік рейтингтік агенттік құруды жоспарлап отыр, ол үшін қазіргі уақытта Ұлттық рейтингтік агенттік туралы жаңа заң жобасы әзірленуде. Заңнамалық деңгейде оның тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржы ұйымдарын реттеуде өзі берген рейтингтік бағаларды тану мақсатында ұлттық рейтингтік агенттіктің қызметін реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың оңтайлы тетіктері енгізілетін болады. Ұлттық рейтингтік агенттікті құру кредиттік тәуекелдерді тәуелсіз бағалау саласындағы меншікті сараптаманы одан әрі дамытуға ықпал ететін болады. Сонымен қатар, қажетті заңнамалық ортаны құру рейтингтік агенттіктің өзі берген рейтингтік бағалар үшін жауапкершілігін енгізу үшін негіз болады.

KASE және AIX қор биржаларының әлеуетін біріктіру. Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде Агенттік Ұлттық Банкпен, KASE және АХҚО-мен бірлесіп екі биржаның әлеуетін біріктіру тетігін әзірлеуде. Екі биржаның әлеуетін біріктірудің негізгі мақсаттары Қазақстан қор нарығының өтімділігін арттыру, Қазақстанның капитал нарығын халықаралық рейтингтерде ілгерілету, шетелдік инвесторларды тарту, инфрақұрылымды оңтайландыру және оның сенімділігін арттыру, сондай-ақ реттеушілік төрелік тәуекелін төмендету болып табылады.

Нысаналы капитал қорларын (эндаумент-қорларды) дамыту есебінен институционалдық инвесторлық базаны кеңейту. 2024 жылы «Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» жаңа заңнамалық актіні енгізу жоспарлануда, бұл институционалдық инвесторлардың жаңа класын құру және БҚНҚК-ға эндаумент-қорлардың активтерін басқару құқығын беру арқылы бағалы қағаздар нарығын дамытуға ықпал ететін болады. Агенттік эндаумент-қорлардың активтерін басқару тәртібін белгілейді және портфельдің өтімділігін және басқарушының инвестициялық басқару үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуді ескере отырып, қор инвестициялай алатын қаржы құралдарын айқындайды.

Токенделген активтер нарығын дамыту. Агенттік Ұлттық Банкпен бірлесіп цифрлық қаржы активтерін (ЦҚА) айналысқа енгізу және қаржы құралдарын токендеу туралы мәселені қарауды жоспарлап отыр. Заңнамалық деңгейде ЦҚА және олардың туынды құралдарымен сауда жасау мүмкіндігін белгілеу, ЦҚА ұғымын анықтау, инвестициялық ЦҚА эмитенттерінің қызметін реттеу, сондай-ақ бағалы қағаздарды токендеу процесіне және инвестициялық ЦҚА-ны қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілеу жоспарлануда. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберінде қаржы ұйымдарының ЦҚА нарығындағы операцияларын пруденциялық реттеу енгізілетін болады.

Зейнетақы активтерін басқару жүйесін жетілдіру. Ұлттық Банкпен бірлесіп зейнетақы активтерін басқару тиімділігін оларды инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізімін кеңейту және инвестициялау лимиттері бойынша шектеулерді төмендету арқылы жақсарту жоспарлануда. Сондай-ақ басқарушы компаниялар алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі мәні арасындағы теріс айырманы өтеуді оңтайландыру мақсатында зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілігіне қойылатын талап қайта қаралатын болады.

Қор нарығының инфрақұрылымын жаһандық капитал нарықтарына интеграциялау жөніндегі жұмысты жалғастыру. Жергілікті нарықты халықаралық капитал нарығымен одан әрі интеграциялау үшін шетелдік депозитарийлермен және жаһандық кастодиандармен қатынастарды кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Агенттік Орталық депозитариймен бірлесіп ағымдағы есептік инфрақұрылымды жақсартарды, озық еуропалық стандарттарды енгізеді және оларды жергілікті жағдайларға бейімдейтін болады. Қазақстандық бағалы қағаздардың көбірек санын олардың жүйесіне енгізу мақсатында Clearstream халықаралық депозитариймен ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылатын болады. Қаржы құралдарына құқықтарды есепке алу және оларға көшу жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады.

Қор нарығында орталық контрагент институтын дамыту. Қор нарығында орталық контрагент институтын одан әрі дамыту үшін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы қолданыстағы заңнамасын Бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі Еуропалық басқарманың (ESMA) стандарттарына сәйкес келтіру жоспарлануда. 2024 жылы Агенттік «KASE клирингтік орталығы» АҚ-мен бірлесіп, ESMA директиваларының талаптарын ескере отырып, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» қолданыстағы Қазақстан Республикасының Заңына заңнамалық түзетулер топтамасын әзірлеуді жоспарлап отыр.

Қаржы нарығында орнықты даму қағидаттары мен ESG қағидаттарын енгізу бойынша одан әрі жұмыс. 2024 жылы Агенттік Қаржы ұйымдарындағы экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жөніндегі нұсқауды (ESRM) қабылдауды жоспарлап отыр, ол экологиялық және әлеуметтік тәуекелдердің құжаттамасына, оларды есепке алуға, сондай-ақ осы тәуекелдер негізінде транзакцияларды іріктеу мен санаттарға бөлуге қойылатын талаптарды қамтиды. Бұдан басқа, Банктердің кредиттік портфельдерінің көміртегі ізін бағалау жөніндегі нұсқау бойынша жұмыс жүргізілуде, онда қаржы ұйымдары үшін парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі ұсынымдар, қаржы ұйымдары үшін кредиттік портфельдің көміртегі ізін бағалау тәсілдері, үздік халықаралық практикаға негізделген бағалау әдістемесі қамтылады.

9.4 Микроқаржы секторы

Микрокредит беру нарығында тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту. 2024 жылы Агенттік өзінің күш-жігерін әр түрлі тәуекелдерге осалдығын азайту мақсатында микроқаржы ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйелеріне (ТБЖ) қойылатын талаптарды енгізуге бағыттайды. Нормативтік деңгейде негізгі тәуекелдерді анықтау, болжау және оларға ден қою әдістері, сондай-ақ корпоративтік басқаруға және іскерлік этика деңгейіне, МҚҰ-дағы төтенше жағдайларды басқарудың ішкі бақылауы мен тетіктеріне қойылатын талаптар айқындалатын болады. Осы талаптарды енгізу МҚҰ-ға олардың қаржылық орнықтылығына төнетін қатерлерді барынша азайтуға, мүдделі тараптардың

мүдделерін қорғауға және МҚҰ лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін арттыруға көмектеседі.

Тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу. Микроқаржыландыру нарығының субъектілерін қадағалауға ағымдағы тәсілдің негізгі кемшілігі пруденциялық талаптардың орындалуын бақылау және тәуекелдер іске асырылған және заңнама талаптары бұзылған жағдайда ғана қадағалау шараларын қолдану рәсімдеріне негізделген қалыптандырылған тәсіл болып табылады. Түзету шараларын уақтылы қабылдау үшін Агенттік 2024 жылы банк секторында қолданылатын SREP жүйесіне ұқсас жаңа әдіснаманы енгізу арқылы қадағалау тәсілдерін өзгертуді жоспарлап отыр. Әдіснамада субъектілерді санатқа бөлу, тәуекелдерді бағалаудың жиілігін, қарқындылығын және егжей-тегжейлігін айқындау, сондай-ақ әрбір субъектінің анықталған кемшіліктері мен тәуекелдеріне негізделген қадағалау іс-шараларының бағыты қамтылатын болады. Осы әдіснаманы енгізу микроқаржыландыру нарығы субъектілерінің қаржылық орнықтылығын және қызметін бұзуға қабілетті негізгі тәуекелдерге назар аудара отырып, сапалық және сандық сипаттамаларды талдау негізінде қадағалаудың үздіксіз процесін құруға және бүкіл сектор үшін жағымсыз салдарларды азайтуға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі реттейтін ұйымдар институтын енгізу. 2024 жылы микроқаржыландыру субъектілерінің айтарлықтай өсуін және олардың сыртқы ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу икемділігін ескере отырып, Агенттік халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, реттеу моделін өзгертуді жоспарлап отыр. Негізгі бастамалардың бірі микроқаржы ұйымдарының міндетті мүшелігімен өзін-өзі реттейтін ұйымдарға (ӨРҰ) қадағалаудың жекелеген функцияларын беру болады. Осы тәсіл шеңберінде Агенттік микроқаржыландыру нарығының өзін-өзі реттеуге дайындығына талдау жүргізеді, ӨРО-ға берілетін функцияларды айқындайды және тиісті заңнамалық өзгерістерді әзірлейді. Тәуекелге бағдарланған қадағалаудың негізі ретінде ӨРО-ны енгізу қадағалау ресурстарын барынша тиімді бөлуге және микроқаржыландыру нарығының дамуына ықпал ете отырып, негізгі және тәуекелді субъектілерге назар аударуға мүмкіндік береді.

Лицензиялау-рұқсат беру қызметі. Агенттіктің 2024 жылғы негізгі міндеттерінің бірі жосықсыз қатысушылардың нарыққа кіру мүмкіндігін болдырмау, сондай-ақ субъектілердің нарықта қысқа мерзімді ашық емес болу фактілерін болдырмау үшін МҚҚЖҰ қызметін лицензиялау тәсілдерін өзгерту болып табылады. Осылайша, Агенттік лицензия алуға өтініш беру кезеңінде тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдердің болуы бойынша талаптарды белгілейді, мінсіз іскерлік беделге қойылатын талаптарды күшейтеді, сондай-ақ микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиядан айырылған МҚҰ-ның қарыз алушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтау жөніндегі міндеті мен жауапкершілігін күшейтеді. Аталған өзгерістерді енгізу қызметтің ашықтығы, жауапты кредит беру және қарыз алушылардың құқықтарын сақтау қағидаттарын ілгерілететін субъектілердің нарыққа кіруін қамтамасыз етеді.

9.5 Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту

2024 жылы Агенттік одан әрі цифрлық трансформация шеңберінде қадағалау құралдарын әзірлеу және дамыту, сондай-ақ тәуекелге бағдарланған қадағалау рәсімдерін автоматтандыру арқылы қадағалау тиімділігін арттыруға баса назар аударатын болады. Қаржылық қызметтерді цифрландыруды дамыту, оның ішінде бизнесті кредиттеу процестерінің тиімділігін арттыру үшін банктерді мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялау, сондай-ақ Қазақстанда Open API және Open Banking-ті одан әрі кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Агенттіктің негізгі жобаларының бірі қаржы ұйымдары мен басшы қызметкерлер бойынша эталондық дерекқорды орталықтандырылған сақтауды және жүргізуді қамтамасыз ететін қаржы ұйымдары мен өнімдер тізілімін құру болып табылады.

Қаржы ұйымдарын тексеру процесін стандарттау және оңтайландыру мақсатында озық технологияларды қолдана отырып, қосымшаны әзірлеу жоспарлануда. Бұл қосымшаның маңызды аспектісі күдікті операцияларды тиімдірек анықтауға және талдауға мүмкіндік беретін қалыптан тыс транзакцияларды анықтау үшін машиналық оқыту үлгілерін дамыту болады.

Сонымен қатар Агенттік екінші деңгейдегі банктер мен бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қадағалап бағалауды жүргізу үшін ақпараттық жүйелерді дамытуға, сондай-ақ кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін талдауға күш салады. Осы құралдарды жақсарту қадағалау қызметі шеңберінде неғұрлым тиімді және негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз ете отырып, талдамалық жұмыстың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қарау рәсімдерін оңтайландыру және мерзімдерін қысқарту шеңберінде қаржы нарығымен электрондық құжат айналымын ұйымдастыру, екінші деңгейдегі банктерді «е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне қосу жөніндегі іс-шаралар жалғастырылатын болады.

Аббревиатуралар мен қысқартулар тізімі

BNYM – Bank of New York Mellon

ESMA – Еуропалық бағалы қағаздар нарығын қадағалау басқармасы

FATF (Financial Action Task Force on Money Laundering) – Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы

IAIS – Халықаралық сақтандыру қадағалауы қауымдастығы

IFC – Халықаралық қаржы корпорациясы

IFIGS (International Forum of Insurance Guarantee Schemes) – Халықаралық сақтандыру кепілдіктері схемаларының форумы

IRIS – Insurance Regulatory Information System

NGFS (Network for Greening the Financial System) – Қаржы жүйесін экологияландыру жөніндегі қаржы реттеушілерінің жаһандық желісі

SCR (Solvency Capital Requirement) – төлем қабілеттілігінің талап етілетін капиталы

TCFD (Task Force on Climate-related Financial Disclosures) – Климатпен байланысты қаржылық ақпаратты жария ету жөніндегі жұмыс тобы

ААШЖ – автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе

ЕЭК – Еуразиялық экономикалық комиссия

АЖ – ақпараттық жүйе

Қоғам – Қазақстан актуарийлерінің қоғамы

БОЖТЖҰ – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым

МҚҚЖҰ – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар

ESRM (Environmental and Social Risk Management) нұсқауы – Қаржы ұйымдары үшін ESG-тәуекелдерді басқару жөніндегі нұсқау

Әлеуметтік кодекс – Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі

ӨРҰ – өзін-өзі реттейтін ұйым

ИПБ – инвестициялық портфельді басқарушылар

Орталық депозитарий – Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі